№26 (1491)
27 маусым – 3 шілде
2019 жыл

ISSN 1999-5857

ANA TILI

1990 жылғы наурыздың 22-сінен бастап шығады

Ұлт Газеті

Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады

www.anatili.kz www.facebook.com/anatilikaz www.twitter.com/anatilikz e-mail: anatili_gazeti@mail.ru 16+

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

КЕПІЛСІЗ НЕСИЕ КЕШІРІЛЕДІ

Кеше Ақордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтар мен гранттарды табыстау рәсімін өткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев рәсім кезінде сыйлық лауреаттары мен грант иелерін, алғыс жарияланған шығармашылық ұжымдарды және барлық журналистер қауымын келе жатқан кәсіби мерекелерімен құттықтады.

– Бұқаралық ақпарат құралдары – жаңалықтың жаршысы. Ел ішіндегі және әлемдегі оқиғалардан халыққа шұғыл әрі шынайы ақпарат тарату – Сіздердің кәсіби еңбектеріңіз. Сондықтан Сіздердің қоғамдық маңызы зор қызметтеріңізге біз әрқашан құрметпен қараймыз, бағалаймыз. Менің тапсырмам бойынша Үкімет арнайы қаулымен Қазақстан журналистерінің кәсіби мерекесін бекітті, – деді Президент. Отандық медиа-қауымдастықтың сындарлы негізде ұйысуы, журналистердің белсенді азаматтық ұстанымы, олардың кәсіби деңгейі және әділдігі – ақпараттық кеңістіктегі табысты жұмыстың негізгі шарттары екенін тілге тиек етіп, мемлекет өз тарапынан БАҚ-қа қолдау көрсете беретінін жеткізді.

Марапаттау рәсімінде Президент әлеуметтік саладағы оң өзгерістерге тоқталып өтті. Көптеген азаматтың қарыз жүктемесі артып, олардың шынайы табыстары төмендегеніне баса назар аударды.

– Қазақстанның басшысы ретінде адамдардың белшеден батқан қарыздан шығуға қауқарсыз екендігін көре отырып, бұған араласпай тұра алмаймын. Сондықтан Үкіметке бір реттік акция ретінде келесі шараларды қабылдауды тапсырдым: жоғарыда атап өткен санаттағы әрбір заемші үшін нақты және атаулы қаржылай көмек ретінде мемлекет екінші деңгейлі банктер мен шағын қаржы ұйымдарынан алынған жалпы мөлшері 300 мың теңгеге дейін негізгі несиені және оған есептелген сыйақыны өтейді, – деді К.Тоқаев.

Бұдан бөлек, Президенттің атап өтуінше, олардың биылғы 1 маусымға дейінгі қарыздарының жалпы көлемі 3 млн. теңгеден аспауы тиіс. Несие алғандардың 55 пайызы, яғни 250 мың адам үшін бұл негізгі несие мен сыйақыны қоса алғанда жалпы қарыз көлемін тұтастай төлеу дегенді білдіреді. Қалған несие алған азаматтардың қарыздары 300 мың теңге мөлшерінде өтеледі. Бұл олардың төлеу қабілеттілігін қалпына келтіруге және қарыз жүктемесін төмендетуге айтарлықтай септігін тигізетінін айтты. Осылайша Президент бұрын-соңды болмаған теңдессіз әлеуметтік көмек көрсету туралы шешім қабылдады. Тиісті Жарлыққа қол қойды.

Салтанатты жиында Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтары: «Ана тілі» газетінің бас редакторы Жанарбек Әшімжанға, «Жас Өркен» ЖШС бас директоры Жүсіпбек Қорғасбекке, «Астана» телеарнасының редакторы Жайна Жақсылықовға, «Комсомольская Правда – Қазақстан» газетінің бас редакторы Виктор Киниңаға берілді.

БАҚ саласындағы гранттар «Хабар 24» телеарнасының тілшісі Рауан Мыңбаевка, «Qazaqstan» телеарнасындағы «Мәселе» талдамалық бағдарламасының жүргізушісі Нартай Сәрсенғалиевке, «Қазақстан» телерадиокорпорациясы Маңғыстау облыстық филиалының шеф-редакторы Әсем Сартбаеваға тапсырылды.

«Егемен Қазақстан», «Экспресс К», «Знамя труда» және «Шалқар» радиосы шығармашылық ұжымдарына Қазақстан Республикасы Президентінің алғысы жарияланды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хаттарына «Айқын» газетінің бас редакторы Нұртөре Жүсіп, «Хабар» телеарнасы талдамалық бағдарламалар бөлімінің шеф-редакторы Александр Трухачев, «Qazaqstan» телеарнасының жүргізушілері Қымбат Досжан және Дана Нұржігіт, «Хабар 24» телеарнасының шеф-редакторы Шалқар Қожаев, «Qazaqstan» телеарнасының ақпараттық-сараптамалық бағдарламалар дирекциясының директоры Ерлан Атамбай, «Литер» газеті бас редакторының орынбасары Жанна Ойшыбаева, «КТК» телеарнасының бас директоры Эльмира Джамилова, сондай-ақ «Қазақпарат» ХАА және «Жетісу» телеарнасы ие болды.

Қазақстан-Ресей және Қазақстан-Қытай ынтымақтастығын нығайтуға белсенді атсалысқаны үшін Бүкілресейлік мемлекеттік телевизия және радиохабарларын тарату компаниясы мен «CCTV» Халықаралық телеарнасы Қазақстан Президентінің Алғыс хаттарымен марапатталды.

Мемлекет басшысының атынан еліміздің барлық өңірлеріне жіберілген Алғыс хаттар үздік журналистерге салтанатты түрде табыс етілетін болады.

Дәуіржан ЖҰМАЖАНҰЛЫ

БҮГІНГІ САНДА:

Арман ШОРАЕВ:

Теледидардан көңілім қалған... 3-бет

Тілдің мәртебесіне алаңдасақ... 6-бет

Ою-өрнектер туралы аңыздар 11-бет

АШЫЛМАҒАН АРАЛДАР

ТҰЯҚ

Мұхамеджан Тынышбаев өз заманында «Қазақ халқының тарихы» атты кітап жазып, энциклопедиялық білімі бар эрудит атанған жан. Оны кезінде атақты генетик және селекционер Н.Вавиловтың Орта Азия мен Қазақстанға жоспарланған болашақ экспедициясына кеңесші болуға шақырғаны да көп жәйтті аңғартқандай. Шындығын айтсақ, осындай көрнекті тұлғаның республикамыздан тыс жерде ұрпағы бар, ол әлі тірі, сау-сәлемет жүріп жатыр деп тіпті ойламаған едік. Бұл туралы 1997 жылдың күзінде тарихшы Әбу Төкенов «Түркістан» апталығына мақала жазып, Мұхамеджан Тынышбаевтың Уфа қаласында Дәулет Шейх-Әли есімді ұлының тұратындығын елге тұңғыш рет жария етті.

9-бет

ТІЛБҰЗАРҒА – ТОСҚАУЫЛ

ҚАЛЫПТАСҚАН ТЕРМИНДЕРДІ ӨЗГЕРТУ – ТІЛ ДАМУЫН ТЕЖЕУ

Жуырда «Қазмедиа орталығының» залында өз қызметіне жаңадан кіріскен Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлованың халық алдында есеп беру кездесуі өтті. Есеп беру кездесуінде министр ағымдағы мәселелермен қатар қазақ тілінің терминология саласына қатысты атқарылып жатқан жұмыстар жайын сөз етті. Әңгіменің бір парасы – осы күнге дейін қалыптасқан терминдерді өзгерту шаралары туралы өрбіді. Ведомство басшысы терминологиялық қорға мониторинг жүргізілгенін, осыған орай бұрын қазақ тіліне аударылған 3 300-ден астам жалпыға бірдей қабылданған термин мен ұғым қайта қаралып бекітілгенін айтты. Олардың 300-ге жуығы – халықаралық терминдер екен. «Мысалы, «мұражай» деген сөз «музей» болатын болды. Мұрағат – архив, тағы сондай-сондай нәрселер» деді сала басшысы. Бұдан бөлек, азатжол – абзац, пайыз – процент, сынып – класс, құрсым – шина, теңгерім – баланс, әнұран – гимн, мұқаммал – инвентарь, ақау – дефект, шегендеу – демаркация, мейрамхана – ресторан, қимыл – анимация, ал «әлеует» деген сөз «потенциал» болып қайта өзгертілді.

Министрдің бұл сөзі қазақ тілі жанашырларының тарапынан сынға алынды. Тіпті әлеуметтік желілерде қарсы пікірлер көп айтылды. Үйреншікті болып, санамызға сіңіп, кең қолданыс тапқан термин сөздерді, ұғымдарды несіне қайта өзгертеміз деген мәселе талқыланды. Осы орайда біз белгілі тілші-ғалымдарды, қоғам қайраткерлерін сөзге тартып, күн тәртібіндегі сауалға байланысты көзқарастарын білдік.

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ, филология ғылымының докторы, профессор:

– Бұл жерде бір нәрсенің басын ашып айту керек. Аталған терминдердің барлығы Ақтоты Райымқұлова министр болғанға дейін 2014-2018 жылдар аралығында бекітілген. Нақтырақ айтқанда: азатжол – абзац (2014), мұражай – музей (2014), әнұран – гимн (2014, 2018), мұрағат – архив (2017), мейрамхана – ресторан (2017), пайыз – процент (2018), сынып – класс (2018), теңгерім – баланс (2018), ақау – дефект (2018), шегендеу – демаркация (2018), әлеует –потенциал (2018) болып қайта бекітілді. Ал жұртшылық ол жайында енді біліп жатыр.

Осы кезеңде ол вице-министр ретінде терминком төрағасының орынбасары болған. Тіл комитетінің жұмысына жетекшілік етіп, бұл терминдердің бекітілуіне жауапты басшы әрі терминком мүшесі болған. Осы жұмысты ұйымдастыруға тікелей қатысқан, істің мән-жайын ішінен білетін басшы. Министр ханым бұл шешімдермен келіспесе немесе ол терминдер жөнінде басқаша ұстанымда болса, сол кезде-ақ айтуына болар еді. Одан кейін көзқарасы өзгеріп жатса, атқарылған жұмысты мойнына алып, өз есебінде оны министрлік атынан түстеп-түгендеп, әр терминді нақты атап айтпаған болар еді. Қалай десек те, осы мәліметтерді кім ұсынса да, өз баяндамасына кіргізіп, өз аузымен жұртқа жеткізді. Яғни министрліктің осы ұстанымын, шешімін саналы түрде қолдайды, жұмысын сол бағытта жалғастыруға ниетті деген тоқтам жасауға толық негіз бар. Мәселені көтерген журналистер, түрлі сала мамандары үн қосып, пікір білдіріп, министр ханымға наразылықтарын айтып жатыр.

(Жалғасы 7-бетте)

SERPIN

SÝ – TIRSHILIK NÁRI

Almatyda jýrnalıster qaýymyna arnalǵan «Keremet Su SKE» kompanıasyna qarasty «Samal sý» zaýyty boıynsha baspasóz týry ótkizildi. Shara aıasynda Buqaralyq aqparat quraldarynyń ókilderi zaýyttyń ortalyǵyna baryp tanysty.

Aldymen qalamgerler zaýyttyń tusaýkeserine qatysty. Tusaýkeserde «Samal sý» zaýytynyń jumystary jaıly keńinen baıandaldy. Onda jańartylǵan ónimmen tanystyrylyp, tehnologtyń tájirıbesi kórsetildi. BAQ quraldaryna kúndelikti krannan alynyp júrgen sý men «Samal» aýyz sýy arnaıy qurylǵymen sapasy tekserildi. Sóıtsek, bizdiń iship júrgen sýymyzdyń qap-qara bolyp sapasy tómen, nashar ekeni dáleldense, al «Samal» aýyz sýynyń túri qalpynda turǵandyǵy, eshqandaı dámin ózgertpeı, taza sý ekenimizge kózimiz jetti. Bótelkelengen sýdy jetkizýshilerin tańdaýyndaǵy mańyzdy faktory – óndiristiń qol jetimdiligi men ashyqtyǵy bolyp tabylady. Sýdy óndirý den qıylýǵa jáne daıyn ónimdi saqtaýǵa deingi búkil óndiris úderisin baıqaǵan jýrnalıster qaýymy joǵary baǵasyn berdi.

Ekskýrsıa barysynda daıyn ónimdi ázirleýden bastap daıyn ónim alýǵa deingi zaýyttyń tolyq jumys sıklyn, sonymen qatar, halyqaralyq standarttarǵa sáıkes qazirgi zamanǵy jabdyqtar kórsetildi. Artezıan sýyn súzý, bótelkelerdi sanıtarlyq tazartý, avtomattandyrylǵan jabdyqtarynda sýdy quý úderisi, bótelkelerdi firmalyq qalpaqshalarymen tyǵyndaý jáne qaptaý kezeńderin baqylaǵanda mol áser aldyq.

Nurlan QUMAR

БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ МӘСЕЛЕ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тоғалығымен Қауіпсіздік кеңесінің отырысы өтті.

Жиында Түркістан облысының Арыс қаласындағы қазіргі ахуал және еліміздің су қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Қауіпсіздік кеңесінің Төрағасы Арыс қаласында қаза болғандардың туыстары мен жақындарына көңіл айтты, сондай-ақ жарылыс салдарын жоюға атсалысып жатқан барлық құзырлы орган қызметкерлерінің және волонтерлердің қажырлы еңбегін ерекше атап өтті.

– Соңғы ақпаратқа сәйкес, зардап шеккендердің саны 160-тан асты. Барша қазақстандықтар бірлігіміздің бекем екенін көрсетіп жатқанын атап өткім келеді. Еліміздің әр түкпірінен азаматтар аландаушылық білдіруде, түрлі ұйымдар мен кәсіпорындардың жұмыскерлері зардап шеккендерге көмек көрсету үшін бірігіп жатыр. Бір өңірдің басына түскен қиыншылық – бәрімізге ортақ мәселе. Біз халқымыздың ынтымағының арқасында барлық қиындықты еңсереміз. Барша қазақстандықтарға ризашылығымды білдіремін, – деді Елбасы.

Нұрсұлтан Назарбаев өңірде қалыпты жағдайды тезірек қалпына келтіру және тұрғындарға жан-жақты қолдау көрсету үшін мемлекет тарапынан барлық шаралар қолданылып жатқанын атап өтті. Су қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі бойынша еліміздегі су ресурстарының және су шаруашылығы нысандарының жай-күйі талқыланды. Сондай-ақ тұрғындар үшін таза ауыз судың қолжетімді болуына және суды үнемдеп пайдалану мәселелеріне ерекше назар аударылды. Отырыс қорытындысы бойынша Арыс қаласында жөндеу жұмыстарын жүргізу және азаматтардың тұрғылықты жеріне оралуын ұйымдастыру жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

Дәукен АЙТҚОЖАҰЛЫ

АРЫС, БІЗ БІРГЕМІЗ!

24 маусымның таңы Арыс қаласының халқы үшін аласапыранға ұласқан дүрбелеңмен басталды. Қаланың дәл іргесінде орналасқан әскери қару-жарақ қоймасында өрт басталып, оның соңы әртүрлі снарядтардың бірінен кейін бірінің жарылуына әкеп соқты. Әуеге бет алған снарядтардың ұшу бағыты да болжамсыз еді. Ол кез келген үйге, кез келген жерге құлауы мүмкін еді және солай болып та жатты. Арыстағы дүрбеленді әлеуметтік желіде тараған видеолар арқылы көріп, жанымыз түршікті. Жан-жаққа бытырай қашқан ел, ата-анасынан адасып қалған балалар, жараланған адамдар, өртеніп, қирап жатқан үйлер... жарылыстардың алапат қуаты қаланы күшті екпінімен дүркін-дүркін сілкілепақ тұрды. Түркістан облысында төтенше жағдай жарияланып, тұрғындар дереу қала аумағынан шығарыла бастады. Апатты аумаққа жеткен Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев пен Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекбаев шұғыл шаралар қабылдауға кірісіп, артынша алғашқы брифинг өткізіп, орын алған жағдайды түсіндіріп өтті. Жараланғандар мен қаза тапқандар да бар екені белгілі болды. Арыс қаласындағы төтенше ахуалды қалпына келтіруге өрт сөндіру, әскери-күштік құрылымдар, Ішкі істер қызметі жұмылдырылды.

Дәуіржан ТӨЛЕБАЕВ
«Ана тілі»

Сол күні Арыс қаласына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы келді. Президент жедел штабтың отырысына қатысып, мән-жайдан жан-жақты хабардар болды.

Мемлекет басшысы, ең алдымен, қаза тапқан адамның отбасы мен туыстарына көңіл айтып, зардап шеккен азаматтарға, халыққа барлық жағынан көмек көрсету, қауіпсіз жерлерге орналастыру, азықпен қамтамасыз ету жөнінде нақты тапсырмалар берді. Бұдан кейін Қасым-Жомарт Кемелұлы Арыс қаласының эвакуациялық пунктінде болып, жұртшылықпен жүздесті. Көңіл демдейтін сөздерін айтты. «Аландамаңыздар! Бәрін қалпына келтіреміз, барлығы дұрыс болады. Шыданыздар. Бұл төтенше жағдай, апат» деді Президент. Өз сөзінде мемлекет тарапынан тиісті жағдай жасалатынын, қаражат бөлінетінін жеткізіп, үрей құшағында отырған елді сабыр ұстауға шақырды. Оқиғаны жеке бақылауында ұстайтынын мәлімледі.

Соңынан Мемлекет басшысы құтқару штабының мүшелерімен бірге Арыс қаласын аралап шықты. Жарылыстан сау тамтығы қалмаған үйлерді, әкімшілік ғимараттарын көрді. Осындай жағдайда жедел әрекет ете білген ішкі істер органдары, қорғаныс саласының қызметкерлеріне, әскери адамдарға алғысын айтты. Кереті шараларды әрі қарай оперативті түрде жалғастыра беруді, Қорғаныс министрлігінің өкілдеріне әскери қоймадағы қару-жарақтарды қала маңынан алыс жерге көшіруді тапсырды. Президент, сондай-ақ жараланған адамдар жеткізілген аурухана болып, мұнда да зардап шеккен адамдарға тезірек жазылып кетуіне тілектестігін білдірді. Өз тапсырмасы бойынша қажетті көмектер жасалатынын жеткізді. Қасым-Жомарт Кемелұлының Арыс халқының басына күн туғанда жандарынан табылып, қандай жағдайда да елімен бірге екенін көрсеткені – азаматтық болды. Халықтың тілегін тыңдап, адами тұрғыдан еркін әңгімелесіп, орталарынан табылғаны – Арыстағы ағайынның көңілін бір демдеп, ертеңгі күнге деген сенім мен үміттерін оятқаны сөзсіз еді.

Бүгінгі таңда шаһарда орын алған төтенше жағдайға байланысты бүкіл Қазақстан халқы жан-жақтан көмек қолын созып, ақшалай, заттай, азықтүліктік көмектер көрсетіп жатыр. Ел бойынша «Арыс, біз біргеміз» акциясы да қолға алынды. Бұл мақсатта арнайы қорлар құрылып, есеп-шоттар ашылды.

P.S. **...Дана қазақ мұндайда «Апат айтып келмейді» дейді. Тыптыныш жатқан шаһар әп-сәтте осыншалықтың қуатты жарылыстар құрсауында қалады деп кім ойлаған?! Құдайға шүкір, қауіптің беті қайтты. Бірте-бірте қала өмірі мен тіршілігі де қалпына келер, қираған үйлер мен әкімшілік ғимараттары жөнделер. Қалай болғанда да «Тас түскен жеріне ауыр». Ең бастысы, осы жағдайдан тиісті сабақ алып, мұндай апаттарды алдағы уақытта болдырмаудың жолын қарастырып, әскери қару-жарақ қоймасын, Президент айтқандай, қала аумағынан алыстатып, елжұртқа қауіпсіз жерге көшіру – ендігі күн тәртібінде тұрған маңызды мәселе болмақ.**

100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

Әлем әдебиеті ғылымы – қазақ тілінде

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы бағыттарының бірі – «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында аударылып басылған әлем әдебиеті теориясының жинақтары таныстырылды. «Әлем әдебиеті теориясы – қазақ тілінде» тақырыбында өткен конференцияға аудармашылар мен редакторлар, әдебиетші мамандар мен ғалымдар, ұстаздар мен студенттер қатысты.

Жиынды жүргізген М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, «Әдебиет теориясына кіріспе» және 4 томдық «Әдебиет теориясының антологиясы» еңбегінің жалпы редакциясын басқарған, филология ғылымының докторы Кенжехан Матыжанов бұл басылымда авторлар әдебиет мәселесін анағұрлым кеңінен қарастырғанын және жинақтың әдебиеттану ғана емес, өнертану, театр, кино сияқты басқа салаларға да қатысы бар екенін атап айтты. Мұнда әдебиеттегі орыс формализмі, структурализм, феноменология, постструктурализм, психоанализ ұғымдары, постатрашылдық және трансұлттық таным туралы түсінік беріледі. Мәселен, XX ғасырдың 50-60 жылдары пайда болған структурализм, постструктурализм ағымының негізгі өкілдері – М.Фуко, Ж.Деррида, Ж.Бодрийяр, Ю.Кристева Ж.Делез, Ж.Лиотар сияқты зерттеушілердің еңбектеріндегі философиялық және әдіснамалық дүниетаным кезінде әдебиет, саясат, лингвистика, философия, мәдениет салаларына жаңа леп әкелген болатын. Жинақ авторлары әдебиеттанудың осындай өзекті мәселелерін әлемдік әдебиеттегі көрнекті шығармаларды мысалға келтіре отырып талдайды, жаттығулар береді. Бір ерекшелігі, авторлар әдебиетті фольклордан – ертегі сияқты ауызша әдебиет түрлерінен бастап қарастырады. Кіріспе мен төрт кітапта мыңға жуық әдеби шығармалар талданған және оқуға ұсынылатын тыңдылар тізімі берілген. «Бұл жинақтар студенттер, магистранттар, докторанттар үшін өте маңызды» деді К.Матыжанов.

«Әдебиет теориясы» антологиясы бірінші томының ғылыми редакторы, филология ғылымының докторы, профессор Айгүл Ісімақова жаңа ғылыми ұғымдар мен терминдер туралы ой бөлісті. Ғалым «Әдебиет теориясының топтамасы қазақ оқырмандарына әлемдік әдебиет теориясының жаңа зерттеу бағыттарын ұсынады. Отандық әдебиет саласында қалыптасқан кейбір түсініктерді бұзып, мүлде жаңа тұрғыдан таныстырады» деді. «Әдебиет теориясы» антологиясы екінші томының ғылыми редакторы, филология ғылымының докторы, профессор Жанат Әскербекқызы екінші томда ұсынылған тұжырымдар бүгінгі әдеби туынды табиғатын тану үшін де, теориялық талдаулар негіздерін қалыптастыру үшін де қажетті дүниелер екеніне тоқталды. Сондай-ақ жинаға қатысушы басқа да әдебиетші мамандар әдеби мәтіндерді қабылдау және шығармаларды теориялық тұрғыдан зерделеу, оқырманның әдеби талғамы, адамзат дамуындағы әдебиеттің алар орны жөнінде ой-пікірлерін ортаға салды.

Әлем әдебиетінің озық туындыларын қазақ тіліне қайта аудару, көркем әдебиетті аудару ісін бір жүйеге келтіру, «Әдебиет теориясы» атты серияны бұдан әрі жалғастыру, жаңа оқулықтарды жоғары оқу орындарында пайдалану жөніндегі әдістемелік құралдар шығару жөнінде ұсыныстар айтылды.

Сонымен, «100 жаңа оқулық» жобасы аясында қазақ оқырмандарын, әдебиетшілерді, гуманитарлық мамандық иелерін әлемдік әдебиет теориясының тың зерттеу бағыттарымен таныстыратын жаңа басылымдар жарыққа шықты. Ғалымдар мен тілші мамандар «бұл кітаптардың қазақ тіліне аударылуы қазақстандық әдебиет саласы мен ғылыми ортаның күшеюіне, тіліміздің заманға сай әлеуетін арттыруға зор үлес қосатынын» атап айтты. Әдебиет теориясы жинақтары алдағы уақытта 10 мың дана таралыммен еліміздегі жоғары оқу орындарына таратылады. Басылымдардың электронды нұсқалары мен осы оқулықтар негізінде дайындалған онлайн курстар «Қазақстанның ашық университеті» платформасына жүктеліп, еркін қолданысқа берілді.

Дина ИМАМБАЕВА

ОҢ БОЛСЫН!

«Отбасы орталығы» ашылды

Бүгінде еліміздегі Достық үйлері көптеген игі істің, игілікті бастаманың ұйытқысына айналар берекелі орда болып отыр. Соның айғағы – жақында Талдықорған қаласындағы Достық үйінде «Отбасы орталығының» ашылуы деуге болады.

Алматы облыстық соты төрағасының міндетін атқарушы Қалдарбек Досымбет пен Алматы облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай «Отбасылық сот» пилоттық жобасының аясында дауды сотқа дейін реттеу институтының дамуы мен неке-отбасы қарым-қатынасынан туындайтын дауларды реттеуге бағытталған «Отбасы орталығының» болашағынан күтілер үміт зор болып отыр.

«Отбасы орталығының» ашылуына облыстық соттың судьясы Симузар Курбанова, Талдықорған қалалық сотының судьясы Сара Жанбырбаева, №1 кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Мерей Тоқтағұлова, Соттар әкімшісінің басшысы Манас Бурашев, «Достық Үйі – қоғамдық келісім орталығының» директоры Тәнірберген Қасымберкебаев, облыс әкімінің әйелдер ісі және отбасылық – демографиялық саясат жөніндегі бас инспекторы Жанна Оразғалиева, облыстық ҚХА жанындағы Аналар кеңесінің төрайымы Несіпжамал Баймадиева, жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың басшысы Жомарт Қаратас қатысты.

Өз сөзінде Қалдарбек Досымбет Отралықтың жұмысы татуластырушы-судья, медиатор, психолог пен социолог көмегімен арасданушы ерлі-зайыптылар арасындағы дауды шешуге жәрдемдесетінін және ажырасу деңгейін төмендетуге өз үлестерін қосатынын айтты. Облыстық ҚХА жанындағы Аналар кеңесінің төрайымы Несіпжамал Баймадиева «Мемлекеттік отбасылық саясатты дамыту, отбасы институтын нығайту, отбасы және некеге тұру мәселелерінің құқықтық мәдениетті тәрбиелеу, отбасындағы зорлық-зомбылық пен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыс жүргізу қажеттілігі – «Отбасы орталығының» алға қойған мақсаты» деп орталықтың ашылуының негізгі мақсатын атап өтті.

Іс-шара соңында облыстық сот, Алматы облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы және ҚХА жанындағы Аналар кеңесі, жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Еліміздегі ажырасушылар санын азайтуды мақсат етіп, отбасы құндылығын арттыруды көздейтін орталық жұмысына қатысты кешенді бағдарламалар түзілуде. Сондықтан орталықтың жұмысы жемісті боларына көпшіліктің сенімі мол!

А. МАРАТҚЫЗЫ

Алматы облысы

ИГІ ІС

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы «Ұлттық домбыра күні» – нағыз рухани жаңғыру десек артық айтқандығымыз болмас. Бабаларымыздың көзіндей болған домбыра осы уақытқа дейін қасиетін жоғалтқан емес, жоғалтпайды да. Өскелең ұрпақ санасына ұлттық өнеріміздің, ән мен күйімізді күмбірлеген қоңыр үнді домбырамен жеткізе алсақ – одан асқан бақыт бар ма?!

ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІНЕ ТАРТУ

Көңілі даладай қазақты күллі әлемге танытқан – ұлттық аспапты Естай атындағы балалар музыка мектебінің ұстаздары тегін үйретуді бастады. Екібастұз қаласы әкімдігінің қолдауымен «Жастар жылы» аясында ұйымдастырылып отырған игі бастама тұңғыш рет қолға алынды. «Дала фольклоры мен музыкасының 1000 жылы» жобасын, «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын жүзеге асыру бағытында музыка мектебінің «Домбыра» бөліміндегі ұстаздар 1 айлық курсты 7 маусымнан бастап кетті. Бүгінгі күні ұлттық аспапты үйреніп жүргендер саны – 85 адам.

Естай атындағы музыка мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Торғын Жақыпова:

– Қазақ ежелден домбыраны киелі аспап санаған. Домбырамен асқақтата ән салып, күмбірлетіп күй төккен халықпыз ғой. Сондықтан қазақтың ән-күйлерін кез келгеніміз бойға сіңірсек, ұрпағымыз нағыз қазақ болып өседі. Сол себепті домбыра үйретудегі мақсат – жеке репетитор жалдап, домбыра үйренуге мүмкіндігі жоқ немесе уақыты қолбайлау адамдарды жаппай қамту, – деді.

Домбыраны үйрену – тарихты құрметтеу деп ұғынатын мектептің «Халық» бөлімінің меңгерушісі Тоғжан Шәкенованың айтуынша, бүгінгі күні домбыра үйренуге келушілер саны күннен-күнге артып отыр. «Үйрену курсына қатысушылар ең алдымен ұстаздармен келісе отыра өздеріне оңтайлы уақытты белгілеп алады. Мәселен, бүгінгі күні бөлімдегі 12 ұстаз екі ауысымда жұмыс жасауда. Бір мұғалімге 9-10 адам жазылған. Сабақ – 40 минут. Бір айдың ішінде талапкерлер үш күй, атап айтқанда, «Жастар би», «Нәр ағашы» және Нұрғиса Тілендиевтің күйі «Әлкиссаны» үйренулері керек. Нәтиже жаман емес, айлыққа қатысушылардың басым көпшілігі алғашқы екі күйді үйреніп алды. Жеке де, топпен де үйретеміз. Негізінен топпен үйренген қолайлы, өйткені, бір-бірінің домбыра қағыстарына қарап, тез үйренеді» деді Т.Шәкенова.

Домбыра үйрену курсы жүріп жатқанын әлеуметтік желіден көріп келген Амангелді Сильев домбыраны кішкентай кезінде еш нотасыз өздігінше үйренген екен. Енді ол домбыра үйренуге 10 жастағы Ақбала есімді қызымен бірге келіп жүр. Ал №24 мектебінің ұстазы Анар Адамова: «Домбыра курсына өткен бейсенбіден ғана келіп жүрмін. Сәуле ұстазымның арқасында бір аптаның ішінде домбыра шертісін әжептәуір үйреніп алдым. Игі бастама жалғасын тапса деген тілек те бар» деді.

Айлық соңында қатысушылар 7 шілдеде аталып өтетін «Ұлттық домбыра күні» мерекесіне қатысып, өнер көрсетпекші. Қазақ елінің көнекөз шежіресі, ұлттық қодымыздың айнымас бөлігі – домбыраны үйренуге әр қазақ талаптанса нұр үстіне нұр.

Айдана АЙТУҒАН

ЕКІБАСТҰЗ

Арман ШОРАЕВ, «Қазақстан барысы» жобасының авторы:

ТЕЛЕДИДАРДАН КӨҢІЛІМ ҚАЛҒАН...

28 маусым – қаламды – қару, микрофонды – серік еткен барлық журналистердің кәсіби мерекесі. Осы орайда «КТК» арнасының бұрынғы директоры, кәсіби журналист, қазіргі ҚР Қазақ күресі федерациясының президенті, «Қазақстан барысы», «Әлем барысы» сынды айтулы додаларды ұйымдастырып жүрген азамат Арман Шораевпен сұхбаттасқан едік.

«Ана тілі»: Әңгімемізді негізгі жобаңыз – «Қазақстан барысынан» бастасақ. Осымен тоғызыншы рет ұйымдастырылып отыр. Онын екеуінде Айбек Нұғымаров, үшеуінде Бейбіт Ыстыбаев жеңімпаз болғанын біледіз. Биыл қалай өтті? Балуандардың бабы қалай екен?

Арман Шораев: Жылдан-жылға біздің «Қазақстан барысына» қатысушылар балуандардың деңгейі өсуде. Жастардың да қызығушылығы артып, қатысушылар қатары өсіп келеді. Жыл сайын бұрын көрермендерге танылмаған жаңа жұлдыздардың ати шығып жатыр деп ойлаймын. Мысалы, биыл 18 жасқа енді толған бірнеше балуан бақ сынады. Жалпы біз жобаны қолға алған кезде «Қазақстан барысы» әлеуметтік лифтіге айналсын деп ойлағанбыз. Сол ойлағанымыз, Құдайға шүкір, келіп жатыр. Айбек Нұғымаров, Бейбіт Ыстыбаев, Ұлан Рысқұл, Руслан Әбдіразақ – бәрі еліміздің танымал азаматтарына айналды. Әлеуметтік желілердің жұлдыздары. Сол балуандарға еліктеген жастарымыз кезінде «Жас барыс» деген жобада бақ сынаған еді. Қазір солар есейе келе іріктеуден өтіп, «Қазақстан барысына» да қатысып жатыр. Жылда «Биыл кім «Қазақстан барысы» атанады?» деген сұрақ қойылғанда, мен не деп жауап бererімді білмеймін. Өйткені белдесудың тартысты өтетіні сонша, кімнің бабы келісіп, бағы жанып кететінін болжау киын. Бірақ жыл сайын бұрын барыс атанбаған балуанның жұлдызы жанса екен деп тілеймін. Мысалы, Тараздан Дәулетхан Жақыпов деген мықты балуан қатысты, Шымкеннтен Ерсұлтан Мұзапаров деген жігіт бар. Сондай-сондай жігіттер, айта берсек, көп. Дегенмен, биылғы жұлде Айбек Нұғымаровка бұйырды. Ол – сака балуан, тәжірибелі. Сол тәжірибенің арқасында ұтып кетті.

Биылғы күресіміз де жылдағысынан жаңылмай, жоғары деңгейде өтті. Президент, Премьер-Министр қатысып, көрді. Жалпы көрермен арасында осындай жоғары шенді азаматтардың отырғаны – біз үшін абырой. Өйткені қазақ күресі – тек қана спорт түрі емес, ол – қазақтың намысын оятатын, дәстүрлеріміздің жаңғыртатын үлкен патриоттық жоба. Биыл тоғызыншы рет өткіздік. Жапонияда императордың турнирлері 1,5 мың жыл бойы үздіксіз өтіп келеді. Біз кетеміз, орнымызға жас үрпақ келеді, бірақ «Қазақстан барысы» дәл солай 200, 300 рет өткізілетін, өлмейтін жоба болады деп ойлаймын.

«Ана тілі»: Тоғыз жылдың ішінде жоба қандай жетістіктерге жетті?

Арман Шораев: Мен осы жобаны 2010 жылы Монғолиядан алып келдім. Оларда өздерінің ұлттық күрестері нөмірі бірінші спорт болып саналады екен. Таңғалдым. Баян-Өлгейде бір қонақуйге бардық. Қақ төрінде жап-жас жігіттің портреті ілініп тұр. Президент дейін десең, тым жас, 20-22 жастағы азамат. Бұл кім болуы мүмкін деп ойладым. Кейін мейрамханаға барғанда да сол портретті көрдім. Сосын қызметкерлерінен «Бұл жігіт кім?» деп сұрадым. Олар жыл сайын моңғол күресінен жарыс өтетінін, жеңімпазын «Арыстан балуан» деп атайтынын, суретте сол жобаның жеңімпазы бейнеленгенін айтты. Бізде де өзіміздің ұлттық күресімізі – қазақ күресі бар. Моңғол күресінен бір мысқал да кем емес. Бірақ соны қолға алып, насихаттай алмай жатқанымыз намысыма тиді. Себебі ол кезде біздің күресімізі басқа күрес түрлерінің көленкесінде болатын. Көптеген ата-ана балаларын дзюдо, грек-рим, еркін күреске беруге тырысатын. Өйткені олар олимпиадалық спорт түрі деп әспеттеледі. Сол жобаны бастағалы тоғыз жылдың ішінде өзімізің ұлттық күреспен айналысатын бүлдіршіндердің, спортшылардың саны төрт есе өсті. Бұрын 30 мың болса, қазір 100 мыңның үстінде. Ол да ең үлкен жетістіктің бірі деп ойлаймын. Қазір, керісінше, дзюдодан, басқа спорт түрінен баталарын қазақ күресіне ауыстырып жатқандардың, өз өркімен ауысып жатқандардың қарасы көп. Өйткені біздің күресімізбен әдістері өте әдемі, ешқандай спорт түрінен артық болмаса, кем емес. Ең бастапқы мақсатымызы – ұлттық күресімізі күрес түрлерінің арасында ең төрінде тұрсын деген ойымызға жеттік. Одан қалды, жаңа айтқандай, «Қазақстан барысына» қатысатын балуандардың да абыройы артып, халық арасында зор құрметке бөленіп жатыр. Халықтың кейбіреулері тіпті Олимпиада чемпиондарын да білмей жатады. Ал біздің Бейбіт, Ұлан, Айбектерді біледі, таниды, қай жерге барса да дастарқан жайып, төрге оздырады.

«Ана тілі»: Осы жобаны қолға алған кезде қазақ күресін Олимпиада ойындарына қосу туралы арманыңыздың бар екенін айтып едіңіз. Бұл ретте қандай жетістіктер бар?

Арман Шораев: Ол – ең үлкен мақсат. Оның орындалу-орындалмауы уақыттың еншісінде, бірақ біз сол жолда қызмет етуіміз керек. Сол мақсатпен осыдан үш жыл бұрын Халықаралық қазақ күрес федерациясын құрдық. Оны Қанат Бозымбаев басқарып отыр. Нағыз ұлтжанды азамат, Энергетика министрі. Сол кісінің арқасында біраз жұмыс істелді. Жиырма тоғыз мемлекетте Қазақ күрес федерациясы ашылды. Олар өздерінің жергілікті мемлекеттік органдарынан және Ұлттық Олимпиада комитеттерінен ресми тіркеуден өтті. Ал жалпы Олимпиада ойындарына кіру үшін ең аз дегенде 65 мемлекетте сондай Қазақ күрес федерациялары ашылуы керек. Ол жұмыс алдағы 3-4 жылдың ішінде мәресіне жетеді деп ойлаймын. Сондай-ақ Олимпиадаға енгізу үшін қазақ күресімен тек қана ұлдар емес, қыздар да айналысуы керек. Сол үшін әйелдер арасындағы чемпионаттарды өткізіп жатырмыз. Жуырда Халықаралық федерация Европа чемпионатын өткізді. Моңғолияда Азия чемпионатын өткізетін ойымыз бар. Сондықтан күр қарап отырған жоқпыз,ептеп болса да алға жылжу бар. Олимпиада ойындарының қатарына қоса алмасақ та, Жапонияның сумо дәрежесіне жеткізсек дейміз. Қазір, Құдайға шүкір, біздің жоба ларымызды тікелей эфирде тек қазақстандық арналар ғана емес, Ресейдің екі бірдей арнасы, Түркияның бір арнасы көрсетіп, қайталап беріп жатыр. Ал Олимпиадаға жеткізсек, біз үшін абырой. Бірақ Жапония шенеуніктері мен спортшылары өзінің дзюдосын оған енгізу үшін отыз жыл тоқтамастан тер төкті, еңбектенді. Сол үшін қазақ күресі де Олимпиа биігіне шықсын десек, елімізде қоғамдық федерациялардан басқа, Үкімет тарапынан мемлекеттік бағдарлама қабылданды керек. Өйткені оған қыруар ақша қажет. Әр мемлекетте миссионерлік жұмыс жасауымыз керек. Сол жердегі дзюдода, еркін күреста жүрген жаттықтырушыларды тартып, үйретіп, сертификат беріп, әртүрлі чемпионаттарға қатысу үшін спортшыларын шақырып, олардың жолақысын, жататын жерін, тамағын – бәрін төлеуіміз керек. Осындай жұмыстарды отыз жыл ішінде біртіндеп-біртіндеп жасасақ, қазақ күресі міндетті түрде Олимпиада ойындарының санатына кіреді деп ойлаймын. Мүмкін одан да аз уақытта...

«Ана тілі»: Лайым солай болсын! Біз әрдайым тілектеспіз!

Арман Шораев: Рақмет.

«Ана тілі»: Былтырғы жылы журналистер мерекесіне орай «Ақпарат барысын» өткізуліреңіз мүмкін екені туралы сөз шыққан еді. Бірақ шара тек сөз жүзінде қалды. Бұл сөз қаншалықты шындыққа жанасады?

Арман Шораев: Ол әбден мүмкін. Бірақ бұл жерде мынадай гәп бар. Құдайға шүкір, «Қазақстан барысы», «Еуразия барысы», «Әлем барысы», «Жас барыс», «Халық барысы» деген додаларды өткізіп келемін. Сондықтан маған басқа барыстарды өткізу қиындау. Мысалы, Ішкі істер министрлігі қызметкерлері бірігіп, «Полиция барысы» деген жобаны өздері өткізіп жатыр. Біз тек төрешілікті, спорттық киім-кешекті қамтамасыз етеміз. Журналист бауырларым «Ақпарат барысын» өткізу туралы ұсыныс біздіргенде: «Айналайындар, өздерің ұйымдастырыңдар. Біз басқа жағдайын жасаймыз» деп айтқанмын. Өйткені осы жылдың наурыз айында Балғынбек Имашев бауырымыз «Өнер барысын» өткізді. Біз тек қана ұйымдастыру жағынан азын-аулақ көмектестік. Ал бүкіл қаржыландыру, т.б. өз тарапынан жасады. Дәл солай журналистердің ішінен Балғынбек сияқты біреуі суырылып шығып, ұйымдастырып жатса, біз қолдаймыз.

«Ана тілі»: Әңгімеміздің ауанын журналистикаға бұрсақ. Өзіңіз де бұл саланың қазанында қанша жыл қайнап, еңбек еттіңіз. Тәжірибеңіз бар. Бүгінде саланызды ауыстырсаңыз да, қазіргі ақпарат айдынында жүрген эксәріптестеріңіздің қызметіне қатысты пікіріңізді білсек. Қандай жетістіктер мен кемшіліктер көресіз?

Арман Шораев: Қуантатыны, қазір қазақтілді контенттің тұтынушылары көбейіп келеді. Өзім орыстілді журналиспін ғой. Дегенмен, «КТК»-да басшылық қызметте болғанда арнаны біраз қазақыландырып кеттім деп ойлаймын. Мен келгенде қазақ тіліндегі жоғары білім беру саласы бизнеске айналып кетті ғой. Соны, жастардың көпшілігі тележүргізуші болып, тез танылғысы келетінін пайдаланып, «пысықайлар» неше түрлі журналистика факультеттерін ашып алды. Анау шалғайда жатқан Көкшетауда, Петропавлда... Ол жерде дәріс беретін дұрыс мамандар да жоқ. Ал оларға жастарды тартып, ақшаларын жымқырып, «журналист» деген диплом берсе болды. Ал ол маман – маман емес. Журналистиканың арзандап кетуіне сол да әсер етті. Бұрын елімізде тек қана ҚазМУ-да оқытатын. Ол үшін үлкен конкурс ұйымдастырылып, жүзден жүйріктер, ең мықтылары сүттің бетіндегі қаймақтай сүзіп алынатын. Сондай мықты іріктеулер бізгімгерлер бүгінде бір-бір бұқаралық ақпарат құралын басқарып отырған білікті басшы, кәсіби маманға айналған. Ал қазір кез келген азамат елінен, тіпті қаласынан ұзап шықпай, журналистика дипломына қол жеткізіп жатыр. Ал ол диплом – түкке жарамсыз бір парақ қағаз.

«Ана тілі»: Өзіңіз тележурналист болдыңыз ғой. Теледидар көресіз бе?

Арман Шораев: Теледидар қарамаймын. Мен «КТК» арнасын сегіз жылға жуық уақыт басқардым ғой. Соның соңғы үш жылында өзімнің арнамды да қараған еместпін. Теледидардан әбден көңілім қалғаны соншалық...

«Ана тілі»: Оны сұрап отырған себебім, телевидениенің күнкөрісі көбінесе рейтингке тәуелді ғой. Бұл журналистерді де арзан, ойын-сауық бағдарламаларына байлап қойған сынды. Журналистердің арасында рейтингтің қолдан жасалатыны, яғни жалғандығы туралы да сөз бар. «Хабар» арнасы директорының орынбасары, кейін КТК арнасының басшысы болдыңыз. Телеарна рейтингі «әділ емес» деген пікірге жауабыңыз қандай?

Арман Шораев: Бұл жерде әділдік жоқ деп айта алмаймын, бірақ толығымен тек қана жемқорлықпен күресіп, оны тұп-тұқиянымен жоя аламыз, ары қарай дами аламыз.

«Ана тілі»: Сіздің журналистикаға қайтып келуіңіз мүмкін бе?

Арман Шораев: Мен журналистикадан кеткен жоқпын деп ойлаймын. Өйткені «Фейсбук», «Инстаграм» желілерінде парақшаларым – менің бұқаралық ақпарат құралдарым. Соның бас редакторы да, режиссері де өзіммін. Сондықтан айтар ойымды, пікірімді сол жерде жазамын, бөлісемін. Ал ресми журналист қызметіне қайтып келу туралы ойым жоқ. Әбден аузым күйген. Қазіргі жасап жатқан жобаларым да – ұлттың өсіп-өркендеуіне үлес қосатын жұмыс.

«Ана тілі»: Қазақстандық медиабизнестің даму болашағына қатысты болжамдарыңызбен бөліссеңіз. Алдағы бес-он жылда еліміздің ақпарат нарығында қандай құндылықтар үстем болуы мүмкін?

Арман Шораев: Менің ойымша, газет-журнал, теледидар, радио, интернет сайттары – идеологиялық бір мекеме емес. Олардың халық пен биліктің ортасында жүрген дедал деп айтсақ болады. Жоғарыда қабылданған заңдарды, түрлі бағдарламаларды халыққа түсіндіруші, халықтың мұң-мұқтажын жоғарыда отырғандарға жеткізуші. Сондықтан болашақта журналистер осы қызметіне барынша ауаапты қарап, жалғастыра береді, нағыз кәсіби ортаға айналады деп ойлаймын. Сонымен бірге «Ана тілі» газеті сияқты ағарту жұмысымен айналысатын, ұлттық құндылықтарды дәріптеп отыратын бұқаралық ақпарат құралы да біздің қоғамға керек. Өйткені жаһандану есіктері ашылған сайын, ұлт құндылықтарына төнетін қауіп көбейеді. Қазір, жасырын емес, жастарымыз кітап оқудан қалып барады. Ал смартфонның әр жағында небір идеология жатыр. Жастар соларға ереміз деп, ататегінен ажырап қалмауы үшін жазушыларым – Федор Достоевский мен Михаил Булгаков. Ал шетелліктерден – Эмиль Золя, Оноре де Бальзак...

«Ана тілі»: Біздің газеттің дәстүрлі сауалы – қазақ тілінің бүгінгі жай-күйі, қоғамда алар орны туралы пікіріңіз?

Арман Шораев: Өз елімізде қазақ тілі ең бірінші сапта тұратын тіл болуы керек. Жалпы алдағы 10-15 жылда ана тілін білмейтін қазақ болмауы керек. Мысалы, мен өзім қолымнан келгенше қазақша сөйлеуге, қазақ тілін пайдалануға тырысамын. Тіпті бастапқы кезде, осыдан 7-8 жыл бұрын әлеуметтік желілерде көбінесе орыс тілінде жазсам, қазір 50 пайыз қазақша жазамын. Байқасам, қазақ тіліндегі жазбаларымның оқырмандары құрт көбейіпті. Ол не деген сөз? Қоғам өзгеріп жатыр. Қазақ тілі өзінің күшіне еніп келеді. Менің ойымша, 10-15 жылда тек қана қазақтар емес, еліміздегі басқа ұлт өкілдері де қазақ тілін меңгеріп алады. Себебі ол уақытта қоғамда қазақ тілінсіз өмір сүру қиын болады. Сондықтан, менің ойымша, үш тілділік деген бөленген құтылуымыз керек. Мектептердің бәрінде ана тілі – бірінші тіл болуы тиіс. Өкінішке қарай, менің туып-өскен Көкшетауымда осы күнге дейін бір ғана таза қазақ мектебі бар. Ол – Кеңес өкіметі кезінен келе жатқан №3 мектеп. Қалған мектептер – аралас. Сол аралас мектептерді жойып, Оңтүстіктегі мектептер жұз пайыз қазақ тілінде, ал Солтүстіктегі мектептердің 95 пайызы қазақ тілінде білім беруі керек.

«Ана тілі»: Жаңа сайланған Президенттен қандай үміт күтесіз?

Арман Шораев: Жаңа Президентіміз: «Мен бұл жерге өзгеріс жасау үшін келдім» деп айтты ғой. Сондықтан одан мен шын мәнінде өзгерістер күтемін. Соның ішінде, саяси өзгерістер. Қазіргі таңда, өкінішке қарай, біздің халық атынан сайланған депутаттарымыздың қызметіне көңіл толмайды. Олар халықтың мұңмұқтажын биік мінберде қозғай алмай отыр. Сондықтан саяси реформа қажет. Біздің Парламентке халықтың жағдайын ойлайтын, сойылын соғатын, қоғамда орын алған проблемалар туралы ашық айтатын, зандарға өзгеріс енгізетін азаматтар келуі керек. Мысалы, Нұр-Сұлтандағы LRT құрылысын алайық. Қомақты 2 млрд долларды түкке тұрмайтын бір жобаға жұмсап отыр. Оның орнына сол ақшаға жағдайы төмен 70 мың жанұяға пәтер салып беруге болар еді. Жаңа Президент – Қасым-Жомарт Кемелұлы сондай халыққа жақын нәрселерге жол ашса, көңіл бөлсе, онда, әрине, мықты реформатор Президентке айналады деп ойлаймын және мен оған тілектеспін.

«Ана тілі»: Жуырда Президент Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құру туралы жарлыққа қол қойды. Ол кеңес қандай болуы керек деп ойлайсыз?

Арман Шораев: Өкінішке қарай, соңғы 15 жылда бірнеше түрлі кеңестер болды. Олар жай көзбояушылыққа айналды. Олардың ашылғанынан-жабылғанынан ешқандай нәтиже көрген жоқпыз. Осы жолы қоғам өзгерді, өзгерістің керек екенін билік қана емес, қоғам да біледі, күтеді. Сондықтан мен де жақсы нәтиже күтемін. Азаматтық қоғамға келсек, менің ше, ірі қалалардағы қоғамдық пікірдің басы-қасында жүрген азаматтарға қоса, еліміздің барлық аймақтарындағы тәуелсіз әрі әкімдердің қолжауларына айналмаған лидерлердің Кеңес жұмысына қатысқаны жөн. Ең бастысы, қазақша білетін, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, қазақтілді ортаның беткеұстар азаматтары болуы тиіс.

«Ана тілі»: Журналистердің кәсіби мерекесі қарсаңында әріптестеріңізге қандай тілек, ұсыныс айтасыз?

Арман Шораев: Мен үшін журналист деген нағыз азамат, патриот болуы керек. Егер сен журналистика жолын тандасан, оның ақша әкелетін мамандық емес екенін білі. Көрнекті қаламгер Шерхан Мұртазаша айтсақ, «журналистің арқалағаны – алтын, жегені – жантақ». Бірақ азаматтар бұл салаға абырой үшін, еліміздің өркенін өсіріп, мерейін тасыту үшін барады. Қалам мен микрофонды қару еткен жандар сол сезімнен айырылмасын, сол жолда еңбектесін, жасқанбасын, қайсар болсын деп тілеп келеді. Журналистер бүкіл мамандықтардың арасында мен үшін нөмірі бірінші маман болатын. Мен ешқашан журналист болғаныма өкінген емеспін. Сондықтан заман тұлкіше тұрленсе де, өзінің азаматтық позициясынан таймайтын, қызметін кәсіби деңгейде атқаратын журналистер қауымы арта берсін деп тілеймін.

Суретті түсірген Ж.Ысқабай

Сұхбаттасқан
Әсел САРҚЫТ

Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» деп латын әліпбиіне көшудің маңыздылығын ерекше атап көрсетті.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІН МЕҢГЕРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Еліміздің үздіксіз білім беру жүйесінде қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын жүргізуде дәйектілік пен жүйелілік қажет екендігін уақыт сұранысы көрсетіп отыр. 2017 жылы 26 қазанда «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» №569 жарлыққа қол қойылғаннан бергі уақытта латынәліпбилі қазақ жазуына көшу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Әлем кеңістігіндегі көптеген мемлекеттерде латын графикасына негізделген жазу жүйесі ақпараттың онтайлы қабылдануына ықпалын тигізіп, экономикалық тұрғыдан да тиімді болып отыр.

Жаһандық жаңалықтардың негізгі өзегіне айналған, қоғамдық резонанс пен пікірталастарды, дискурсты тудырған латын графикасы болашақта қазақ руханиятының төрінен мәртебелі орын алары сөзсіз. XXI ғасырдағы қазақ жазуын латинизациялау үрдісі бір ғасыр бұрын тіл мамандарының арасында қарама-қарсы ойлардың түйісіп, әліпбидің бірнеше нұсқасының пайда болуына себеп болған еді. Осы бағытта жұмыс атқарып келе жатқан Абай атындағы ҚазҰПУ-дың жанынан құрылған Латын ғылыми-практикалық орталығы өз міндеттерін жоспарлы түрде жүзеге асыру үстінде. Орталық латын әліпбиін меңгерудің теориялық, әдістемелік және практикалық бағыттарын байланыстыра отырып, оқытушылар мен докторанттар, студенттер мен магистранттар арасында әртүрлі шаралар өткізу барысында істің мақсаты мен нәтижесіне айрықша көңіл бөледі.

Мәселен, «Ғылым онкүндігі – 2019» аясында өткізілген «Қазақстанның білім беру кеңістігіндегі интеграция: латыннегізді әліпби және емле» тақырыбында А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті мен Абай атындағы ҚазҰПУ профессор-оқытушылар құрамының қатысуымен өткен семинар-тренинг жоғары деңгейде ұйымдастырылды. «Ұлт та, ұлттың рухы да ең әуелі тіл арқылы танылады. Тілін сақтай алған ел өзін, өзінің ертеңі мен болашағын қамтамасыз ете алады. Сондықтан бұл мәселелер туралы айтқанда, сана төрінен орын алар ең киелі ұғым – Тіл. Тілдің мемлекеттік мәртебесі жазу сауаттылығымен, әліпби ұтымдылығымен өлшенеді» деген ұстанымға сүйенген семинар барысындағы ойталқы тың ұсыныстарға жол ашты.

Сонымен қатар аталған орталық «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының негізінде «Латынәліпбилі қазақ жазуын меңгеру» байқауын ұйымдастырып, жастардың жаңашылдықты қабылдау дайындығын тексерді. Филология және көптілді білім беру институтының 5В011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті», 5В002100 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтарында білім алатын 30-дан аса студент конкурсқа қатысуға өтініш білдірді. Конкурсқа академик С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы жанындағы «Сөзтаным» ғылыми-танымдық тіл үйірмесінің студенттері де белсене қатысты.

Байқауға қатысушылар латын әліпбиі мен қазақ тілінің емле ережесін меңгерудің бастапқы деңгейін анықтау үшін арнайы әзірленген сұрақтар мен тапсырмаларды орындап, латын әліпбиін игеруге қатысты өз білім деңгейлерін көрсетті. Сұрақтарда әртүрлі сөздер берілгенімен, мониторингтің нәтижесі студенттердің қанша пайызының тұрақты позициясының бар екенін анықтауға көмектесіп, статистикалық мәліметтер анықталды. 2-курс студенттері Қараша Кокушева мен Гүлназ Қосниязованың жауаптары ерекше аталды, себебі олар емлеге қатысты ережені дұрыс ұстанып, барлық сөздерді латын қарпіне сол тұжырым бойынша алмастырған.

Ғылым-педагог Фаузия Оразбаеваның тікелей ұйымдастырымен өткен конкурстың форматы да ерекше болды. Тілдік коммуникацияның әлеуметтік-қоғамдық маңызын теориялық тұрғыдан зерттеген ғалымның аталған байқаудың кезеңдерін сәйлесім әрекетінің жазылым, оқылым түрлерімен байланысты өткізгені сайысқа түсушілер үшін де, бағалаушы алқа мүшелері үшін де ұнамды тәсіл болды.

Латынәліпбилі қазақ жазуын меңгерту байқауы үш кезеннен тұрды:

І кезең сауалнама алу деп аталды. Мұнда студенттер ережедегі қиындықтарға қатысты өз көзқарастары мен ұсыныстарын білдірді. «Жазылым» кезеңінде байқауға қатысушылар жазылым әрекеті мен Блум таксономиясы бойынша өздерінің білімдері мен біліктерін қолданып, кириллицамен жазылған сөздерді латын қарпіне алмастырып жазды. Ақутты жеке символ ретінде емес, әріп таңбасының құрамдас бөлшегі ретінде дұрыс пайдалану арқылы конкурсқа қатысушы студенттер аталған дағды бойынша жоғары нәтиже көрсете білді. «Оқылым» кезеңінде студенттерге түрлі тақырыптағы мәтіндер латын қарпінде беріліп, мәтінді оқудағы уақыт көлеміне, мәнеріне, орфоэпиясына назар аударылды. Байқаудың оқылым кезеңінде алқа мүшелері студенттердің жылдамдығын, оқу және оқыған ақпаратты түсіну қабіліттерін бағалады. Оқылым кезеңінде латын графикасымен жазылған қарапайым тақырып пен күрделі сөздердің үйлесімінен құрылған танымдық мәтіндер ұсынылды. Студенттердің мәтінді оқуда орфоэпиялық норманы дұрыс сақтауы, дикция мен кідірістерді орынды пайдалануы, оқу техникасына қойылатын талаптар басты назарға алынды. Оқылым кезеңінің қорытындысы бойынша студенттердің бір бөлігі жылдам, бірақ қателермен оқыса, екінші бөлігі қатесіз, бірақ баяу оқыды.

Байқаудың соңында үздіктер анықталып, жоғары балл жинаған 5В011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» бөлімінің 2-курс студенті Қапарова Эльнара – І дәрежелі дипломмен, Дулат Сұлтанбек және Кәмила Абаева – ІІ дәрежелі дипломмен, Алтын Нұрланова, Оралбай Мырзақұлов, Арай Бисенғалиева – ІІІ дәрежелі диплом иегерлері атанып, арнайы дипломмен марапатталды. Қатысушылардың барлығына Латын ғылыми-практикалық орталығының арнайы сертификаттары табысталып, еліміз бен тіліміздің ертеңін қалауға үлес қосып жүргендері үшін алғыс білдірілді. Университетіміздің Латын ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған конкурстар, семинар-тренингтер мен конференциялар өз ойын аргументтер мен фактілермен негіздей алатын, бәсекеге қабілетті, интеллектуалды тілдік тұлғаның қалыптасуына септігін тигізіп келеді. Ал үкілі үмітті ақтап, әлемдік аренада Қазақстанның мерейін асқақтатып, ғылымы дамыған, өркениетті ел ретінде таныту – жастардың басты міндеті.

Ойымызды тұжырымдай келгенде, XXI ғасырда еліміздің өсіп-өркендеуі, дамуы жолындағы сәтті қадамын байыппен зерделеп, игілікті бастаманы жатырқамай, жатсынбай қабылдағанымыз орынды. Ұлттық мәдениетіміздің өркендеуінде латын әрпімен өрнектелген көркем де шұрайлы, шешен де шебер, таза да бай тіліміздің тұғырлы мәртебесінің бік болатындығына жастар да сенімді. Латын графикасы арқылы таңбаланған қазақ әліпбиі мен ұлттық жазуы Қазақ Елінің рухани жаңғыруына септігін тигізіп, Қазақ руханиятында өлшеусіз орын алатындығына сенімміз мол.

Роза БАҚБЕРГЕНОВА,
Кәмила АБАЕВА

ҮКІЛІ ҮМІТ

Сайын далаға жайғасқан, ежелгі елдігіміз, бағзыдағы бостандығымызбен қайта қауышуымызға, сөйтіп мызғымас мемлекеттігіміздің іргесін қалауымызға даңғыл жол ашқан Тәуелсіздік екендігі аян. Бүгінде сол азаттықтың арқасында өрісі кеңіп, өркеніміз өсіп, жаһанға танылған Қазақ Елінің ертеңі – бай-қуатты болашағы жастардың еншісінде. Мәңгілік ел болуды көздеген ұлттық мұратымызды жүзеге асыру үшін атқарылуға тиіс шара-шаруалар шаш етектен. Соның бірі – бірегей білімді де білікті майталман мамандар даярлау. Міне, осы мақсатқа орай әлемнің әр елінің озат жоғары оқу орындарынан тәлім алуға жаппай жастар жіберіліп жатыр. Дер кезінде қабылданған «Болашақ» бағдарламасының арқасында экономика, технология және медицина салаларының үздік жетістіктерін меңгерген мыңдаған ұл-қыздарымыз ел игілігіне қызмет етуде.

ҚАЛАМЫ ЖҮЙРІК
талапты жас

Мен осы «Болашақ» бағдарламасының түлегі, Шанхайдағы Шығыс Қытай ғылым және технологиялар университетін үздік бітіріп, инновациялық технологиялар менеджері мамандығын алған Дәурен Омаровтың өмір жолына тоқталып, ағды-көпті сыр бөліспекпін. Ондағы мақсат – бозбаланың ата-анасы ғана емес, ел-жұрты артқан аманатты қалай түсініп, нендей қарекет жасап, іс тындырып жүргенін баяндап, өзгелерге өнегесін айтып ұлықтау. Бір ескерте кететін жағдай, менің әңгімем жай ғана жел сөз емес, сол Қытай асып, оқу бітіріп, қызметіне кірісе жүріп, кейіпкерім Дәуреннің үш бірдей жарияға шығарған кітаптарына сүйеніп те сүйсіне сілтеме жасай отырып, ойға түйгендерім.

Дәуреннің студенттік жылдарында жазған мақалалары әуелі «Астана хабары», кейін «Айқын» газеттерінде жарияланып тұрған. Сол жазбаларының басын құрап «Ерте тұратын ел» деген тұңғыш жинағын шығарды. Осы жерде орта мектепті бітіре сала шетел асып, Шанхай сынды Қазақстанның халқы түгел сыйып кететін (20 миллион) әлемнің үшінші қаласын қызықтап, ду-думаға араласып кетпей, тіл үйреніп, білім алуға ынтыққан жасөспірімнің көре жүріп, көңілге түйгендерін жұптап, санасында сараптап, мақала жазуға машықтанып, тырнақалды туындыларын елге – баспасөзге жазып тұруы қандай ғанибет. Ондағы ойы алып держава – көршілес елдің тіршілік тынысымен, өнері мен мәдениетімен, өркендеу-өсу жолдарымен таныса жүріп, оны өз Отанының жағдайымен салыстыра, сабақтастыра отырып түйін түйіп, әрі танымдық, әрі үлгі аларлық тұстарын қазақ оқырмандарына жеткізу. Бұл – Дәуреннің жас та болса, зерделі, байқампаз, талғампаз жаратылысының белгісі.

Сөйтіп, Қытайдағы білімнің байыруы бесігінде оқиған қазақ студенттерінің ахуалы, арман-аңсары, қандай мамандықтарды меңгеріп жатқандары, араласа жүріп байқаған мінез-қылықтары, сондай-ақ Шанхай қаласының тарихы мен алып мегаполистің мәдениет ошақтары және қала тұрғындарының тіршілігі турасындағы ойларын орайластыра қалам тербегеніне дән риза боласың. Ал кітабының тақырыбын «Ерте тұратын ел» деп деп басып, дәл тауып қоюы тапқырлық емей немене?! Ерекше еңбекқорлығымен танылған елдің асқақ мақсат-мұратына ұмтылысы мен жеткен жетістіктерін, тиісті дерек-дәйектер келтіре отырып баяндауын қызыға, құмарта, тұшына оқисыз. Дәуреннің үш кітабына да ағлысөз жазып, ағалық батасын берген жампоз жорналшы, қарымды қаламгер Нұртөре Жүсіп бауырымыздың өзі ыстық ықылас білдіріп, жас жігіттің ойының алғырлығына, сөзінің мәнділігіне, тақырыптарының тартымдылығы мен мазмұндылығына тәнті болып, айрықша атап өтуі де тегін емес.

Ал «Мерекесі мол мемлекет» – Дәуреннің қытайтануға арналған екінші кітабы. Қайтсек жақсы оқып, қалаған мамандықтарының қыр-сырын ұйреніп, өзімен бірге бес жыл оқыған 40 студенттің елге оралатын сәттегі қимас көңіл күйлерін баяндаудан басталатын кітап беттерін қызыға парақтайсың. Әсіресе, осы жылдары танысып, тіл табысып, тату-тәтті, жандары жараса ғұмыр кешкен студент достарымен қимай қоштасқанын әсерлене әңгімелеуі, кешегі бота тірсек бозбаланың, ақылы-білімі толысқан, азаматтың өмір кешулеріне қадам басқанын байқайсың. Ол осы достарының кейбіреулері туралы ой толғап, қиялға берілетіні бар. Дәурен «бас жүлдесі бақыт болып табылатын өмір деген бәйгеге қосылып, әркім өз бағына сай тай қосуға...» атпанғанын айта келе, олардың ертеңгі күндері ел игілігіне қызмет етіп, абыройға бөленетіндіреме риясыз сенетінін сөз райынан сезесің. Ұзақ жылдардан кейін жүздесе қалса да баяғы ақ көңіл Асланды, сөзге шешен Мұқанды, ойлы Ақылды, ағыр Диасты, спортшы Сәкенді, тапқыр Асқарды, пысық Рауанды жазбай танитынын айтып, осынау студенттік жылдардағы достарының болмыс-бітімдеріне баға беріп, адами қасиеттерін ерекше атап өтуі де оның кісі танитын кемел жасқа жеткендігін айғақтап тұр.

Аталмыш кітап бастан-аяқ Қытай елінің тұрмыс-тіршілігі, бүкіл жаратылысы туралы толымды дәйек-деректерге толы құнды жазбалар. Қалың оқырман қауым атүсті ғана хабардар Ұлы Қытай қорғаны, әлемге әйгілі Хайнянь аралы, атақты арналы қос өзен Янцзы мен Хуанхэ жер-әлемнің жаратылысы туралы түсініктері, көзқарастары, аңызға айналған хикаяттары егжей-тегжей әңгімелерге арқау болған.

Сондай-ақ ежелгі Қытай халқының өркениетке қосқан ұлы жаңалықтары азамат тарихындағы төрт өнер табысы: алғаш рет қағаз, шрифтерді теру арқылы кітап басу, ок-дәрі және компас жайында естісек те, оны қашан кім ойлап тапқанының нақты деректері көпшілігімізге белгісіз болатын. Дәурен сол олқылықтың орнын толтырып, тамаша мақалалар тізіпті. Оқырмандар Ханзулардың діл, дағды, салт-дәстүрлерімен де жан-жақты танысуларына осы кітаптың жол ашары ақиқат.

Тағы бір айтпай кетуге болмайтын жағдай, Қытайдың бас мерекесінің тойлану салтына байланысты. Ол – жаңа жылды тойлау рәсімінің өзгеше сипаттары. «Чуньджие» қытай тілінен аударғанда «Көктем мейрамы» деген мағынаны білдірсе керек. Мұсылмандар Рамазан айын, христиандар Рождествосын қалай қадірлесе, қытайлар өмірінде Чуньджие сондай мәртебелі мейрам екен. Осы мереке тұсында қытайлар өздері табынатын құдайларына арнап құрбан шалатын көрінеді. Көктем мейрамы қаңтар айының 20-сы мен ақпан айының 20-сы аралығында атап өтіледі. Оның басты ерекшелігі – мерекенің әр күнінің атаулы себебі барлығында. Айталық, мерекенің бірінші күні Жер мен Аспан құдайларына арналса, келесі күн ата-бабаларын еске алуға, үшінші және төртінші күн – отбасылар арасындағы туыстық қатынасты нығайтуға, ал бесінші күн – үйде отырып, біздің Қыдыр атаны күтетініміз сияқты, қытайлардың өздерінің Аукаттылық құдайы күніне арналатынын білдік. Осылайша жалғаса беретін Чуньджие қытайлардың салт-дәстүрлері мен терең мағынаға толы ұлы мерекесі – бас мерекесі болып табылады. Сондай-ақ Қытай еліндегі үйлену тойының да біз білмейтін сан тарау қызықтары бар. Басқа да танымдық материалдарға арналса да, кітаптың «Мерекесі мол мемлекет» аталуының сыры осында жатса керек.

Ендігі әңгіме, автордың үшінші – «Жаһанға жайылған жұрт» деген кітабы туралы. Бұл – Дәуреннің аспанасты елінің кешегі мен бүгінгі өмір-тіршілігінің тарихы мен тағдыры, сабақтастыра шерткен шежіресі. Егер алғашқы екі еңбегінде көрген-білгендері мен естігендерін ғана ортаға салса, жаңа кітабын бастан кешкендерімен, оқыған кітаптарымен толықтырып, алған тақырыбы – қытайтанудың таным-түйіндерін тереңдете талдап, оны өз еліміздегі қоғамы құбылыс, уақыт жаңалықтарымен, өмірлік өзгерістермен салыстыра саралаған ой-пікірлерімен толықтыра жазғанын бірден байқайсыз, бағалайсыз, түйісінесіз, сүйісінесіз...

Үшінші кітапта қытай халқының бізге беймәлім салт-санасы, әдет-дәстүрін, ұстанған үлгі-үрдісі, ұлттық қасиеті мен болашаққа бағдары, экономика мен әлеуметтік саладағы таңғажайып жеткіліктері жөнінде барынша кеңінен қамтыла жазылған. Сондай-ақ алып мемлекеттегі қазақ диаспорасының жай-күйі, ондағы өнерлілігімен, білімділігімен, еңбекқорлығымен есімдері елге танылған қандастарымыздың өмір жолдары да қамтылған. Бұл орайда Дәуреннің жүзден астам кисса-дастанды жатқа білетін, есте сақтау қабілеті ерекше Қазым Әлменұлының – ұлттық мұрамыздың алтын сандығы іспетті көкірегі қазыналы қарияның қызықты да тәлімді өмір тарихын өрнектеген жазбасын бас алмай оқисың. Ал «Шұғыла шашқан шаңырақты» оқи отырып, қалың елге танылған дарынды әулеттің тағдырына таңғалып, сондай бір мақтанып сезіміне бөлендім. Өнегелі де өнерлі отбасының бас иесі Сағат Жайпақұлы мен Тұрсын Жолымбет есімді қадірлі қариялар. Сағат – Қытайдағы қазақ радиосының негізін қалаған қаламгер болса, Тұрсын – ақындық өнерімен танылған кісі. Осы шұақты шаңырақта тәлім-тәрбие алған ұлдары Амантай – белгілі әдебиетші, баспасөзде қызмет істеген, атақты кинорежиссер, Майғұл – Шыңжан теледидарының дыбыс режиссері, немерелері Айдос пен Майра да өз қатарларынан оза шапқан дарынды жастар. Майра – Шыңжан аймағына ат мәлім сәнгер, Жанар мен Айдос туралы әңгіме бөлек...

Жанар 11-ші сыныпта оқып жүрген қаршадай кезінде «Жетім қыздың махаббаты» деген фильмде басты кейіпкер Ғайнидің рөлін сомдап бірден көзге түсіпті. Содан әуелі Бейжің театр институтының актерлік факультетіне оқуға түскен. Арада бір жыл өткенде озаттар қатарындағы қазақ қызы Мәскеуге оқуға жолдама алған. Атақты ВГИК-тен режиссер мамандығын алып шыққан Жанар кейін сынақтан өтіп, «Мир» телерадиокомпаниясына қабылданады. Украинада Н.Островскийдің «Құрыш қалай шынықты» романынан телехикая түсіріп, ол жоғары бағаланған еді. Ал Қытайға оралған соң «Бір дәуірдің жастары» деген телехикаяны түсірді. Ол «ең үздік мемлекеттік туынды» деп танылып, жиырмадан астам сериядан тұратын Қытай көсемі Мао Цзэдунның балалық шағын баяндайтын фильм Жанар Сағатқызының абыройын асырып, қытайлықтардың ықыласпен көретін хикаясына айналды.

Осылайша, өзі артист, режиссер, журналист мамандықтарының әр саласында да оқшау көзге түсіп, талантына табынтты. Қазақшасының сыртында қытай, орыс, ағылшын тілдерін жетік білетін Жанар дара дарынымен милларды мойындатқан қазақ қызы. Жанардан кейін бұл шаңырақта жұлдызы жарқырап шыққан, есімі қалың елге танылып қалған жас жазушы Айдос Амантайұлы. Оның «Айдос – Шолпан» романы қытай тілінде жазылған. Он мың данамен таралған бұл туындыға Қытайдың белгілі қаламгерлері арнайы мақалалар арнап, жылы лебіздерін білдіріпті. Он үш жасында тырнақалды өлеңдері жарияланған Айдостың, он алты жасында ағлашқы өлеңдер жинағы жарыққа шыққан. Қытай еліндегі 1,5 миллиардқа жуық халықтың ішінде өнер-білімімен озып шыққан тамаша талантты ұл-қыздарымыздың жүргенін жүрегі жарыла қуанып, олардың есімдерін елімізге жеткізуге асыққан Дәурен баламызға мың алғыс айтсақ артық болмас.

Қазіргі таңда тәуелсіздіктің алтын бесігінде тербелген Қазақ елі әлемдегі мықты мемлекеттердің қатарына қосылуды қамын жасап, озық білім, заманауи мамандық алу мақсатында жүздеген ұл-қыздарын – таңдаулыларын шетелдерге жіберіп, оқытып жатыр. Бүгінде он мыңнан аса жастар осы «Болашақ» бағдарламасы бойынша білім алып, елімізге оралып, қызметке кірісті. Ел болашағы солардың қолында.

Мен сол елі сеніп, үміт артқан жастардың бірі Дәурен Омаровтың өмір жолынан аз-кем сыр бөлістім. Ондағы ойым, әлемнің әр қиырында, озық оқу орындарында білім алып жатқан жастар зиялы замандасы Дәуреннің өмірлік өнегесінен тәлім алса деген ақ тілегімді білдірдім.

Әрине, жастардың бәрі бірдей Дәурен сияқты біліміді-білікті маман болып, әрі жүрген жері – оқыған елінің қазақ жұртына жұғысты болатын қағидалы өнегелерінен өздері ғана үлгі алумен шектелмей, оны жалпақ елге жайып, баспасөзге, теледидарда ой бөлісіп тұрса игі. Білім қуып, шетел асқан жастарымыздың бәрі де Дәурендей болсайшы деп тілек қосуымның сыры осы еді.

Ал шындығына келгенде, жүйрік журналист, білікті білімпаз көркекті қоғам қайраткері Бауыржан Омаровтай әке тәрбиесін көрген баланың осындай тақырыбын тауып, тілін төгілтіп, мазмұнын мөлдіретіп, танымдық, үлгі аларлық кітап жазбауы мүмкін бе?! Балаларымыздың азамат атануы тікелей ата-аналарының өнеге-тәрбиесіне байланысты екенін есте ұстайық! Ұрпақ жалғастығы жарасып, ұлтымыздың рухани жаңғыруы үшін осындай санатты ұл-қыздарымыздың қатары көбейе бергей!

Ал адал еңбек қашанда атаусыз қалмақ емес. Дәуреннің «Шабыт» халықаралық фестивалінің Гран-При жүлдесін алуы, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты атануы осы сөзіміздің айғағы.

Қуанышбай ҚҰРМАНҒАЛИ,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҚАЗАҚТЫҢ ЖАЛҒЫЗ ҰЛЫ...

Теріскейдегі «Қостанай таңы» газеті ғасырға жуық уақыттан бері шығып келе жатқан Тобыл–Торғай өңіріндегі бірден–бір қазақ басылымы. Іргесін қазақ журналистикасының атасы Мұхамеджан Сералин қалап, Бейімбет Майлин көтерген. Орманы қалың Қостанай облысында 10 мың данамен тарайтын абыз басылымның екі тізгін, бір шылбыры басылымның отымен кіріп, күлімен шығып жүрген белгілі журналист, Қазақстан Жазушылар одағы және Журналистер одағының мүшесі, Қазақ журналистикасының қайраткері Жанұзақ АЯЗБЕКОВТЫҢ қолында. Төл мерекеге орай әріптес ағамызбен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

– «1974 жылдың жауынды күзінде Алматыдан Қостанай өлкесіне бір топ журналист қауым келдік. Сол сапардан Қостанай-Тобыл өлкесіне талай жігіт пен қыз ғашық болып оралды. «Оралды» дегенді тура мағынасында айтып отырмын. Солардың бірі – Жанұзақ Аязбеков оқуды тамамдап, еш жаққа мойын бұрмай, Қостанайға тартты. Осы өңірде еңбегі еленіп, жұлдызы жанды. Жәкең қазір облыстық телерадио басшыларының бірі». Бұл Жетпісбай Бекболатұлының жазбасынан алынды. Дәл солай ма, аға?

– Дұрыс. Сәл-пәл өзгерту: мен бірінші рет Қостанайға бір жыл ерте, 1973 жылы келгем. ҚазГУ-дің журналистика факультетінің II курс студенттері ауылшаруашылық жұмыстарына екі ай жегіліп, қазіргі Ұзынкөл ауданындағы «Үйкескен» деген ауылда болған едік. Рас, табиғаты да, адамдары да ұнаған. Бірақ негізгі себеп – жастық романтика. Отбасындағы 8 баланың орташысы болған соң, әке-шешем де «ел көрсін, жер көрсін» деп, университет бітірген бойы Қостанайға жолдама алғаныма қарсылық білдірмеді. Сөйтсек бұл тағдырдың жазуы екен.

– Аға, бүгінгі журналистиканың кешегіден басты айырмашылығы неде? Жүрегіңіздің бір бұрышында сол бір кеңестік жылдардағы журналистиканы деген сағынғыш елес бермей ме?

– Соңғысынан бастайын. Сағыну – табиғи қасиет. Қайта айналып келмейтін құбылыстарды сағынғанда адамның жаны толқиды, іштей өткен өмірдің әлдебір қырын түсініп, бүгінгімен салыстыра тұшынасың. Бұл жас келген сайын кез келген адамның бастан кешетін күйі. Сондықтан Төлеген ақынның сөзімен айтқанда: «Сағынбай барсаң, таулар да сенің алдыңнан шықпас асқақтап, ойлауың мүмкін дүниені мынау кеткен екен деп тас қаптап». Журналистика мен үшін – муза. Біздің кезімізде журналистикаға ес кіргеннен құлай беріліп, қаршадайынан ізденіп, ақын-жазушы, журналист болам дейтіндер сан сынақтан өтіп түсетін. Біздің курс сондай таңдаулылардың бірі болды. Реті келгенде айтайын, айталық Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Ұлықбек Есдәулет, жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Қуандық Түменбай, ақын, «Мұқағалы» журналының Бас редакторы Батық Мәжитұлы, Қазақстанның халық ақыны Қонысбай Әбіл, белгілі телетарлан Нұртілеу Иманғалиұлы, жазушылар Жеңіс Бақдыр, Серік Жәнәбіл, Бақыт Мерекенова, фантаст-жазушы Жүніс Сахиев, Дидахмет Әшімхан (марқұм), Сейітқұл Оспанов (марқұм), ақындар Сайлаубай Тойлыбай, Қанеш Қанафин, Мылтықбай Ерімбет, ғалым, филология ғылымының докторы Сейдолла Садықов, ғалым-журналист, филология ғылымының докторы Серікқали Бәйменше, қонаевтанушы Ораз Қауғабаев, публицистер Әбдімүтәл Әлібеков, Орынбек Жолдыбаев, Марат Әбдікалықов, Гүлсім Мұқышева, Райхан Ахметова, сарапшы-журналист Әшірбек Амангелдиев, осылай кете береді. Бәрі белгілі тұлғалар. Біз батыр ұстаз Мәлік Ғабдуллин, ғалым-ұстаздар Зейнолла Қабдолов, Темірбек Қожакеев, Қалижан Бекхожин, Абдул-Хамит Мархабаевтардан дәріс тыңдаған ұрпақпыз.

Ал енді бірінші сауалға келсек, кешегі журналистикада жанкешті ізденімпаздық, терендік басым еді. Жаяу-жалпылап іссапарға шығамыз. Кеңес заманында облыста 220 ұжымшар болатын. Соның бәріне бардым. Көзбен көріп, қолмен ұстағанға не жетсін. Беріде, осыдан төрт жыл бұрын облыстың барлық қалалар мен аудандарын бір жылда түгел аралап шықтық. Халықпен жүзбе-жүз кездесудің әсері зор екенін көзбен көрдік, жүрекпен сездік. Ал қазір іссапарды ғламтор алмастырды. Монитордан-ақ керекті ақпаратты қаузап тастайтын болды. Бүгінгі журналистиканың бір ерекшелігі – журналист жан қинамайды. Себебі ақпарат тасқыны орасан. Қолайыңа жаққанын пайдаланасың. Бірақ дайын асқа тік қасық көбейді... Тіпті ең осал тілші де оп-оңай мақала құрастыра салатын болды.

– Әдетте қаламгердің қолынан шыққан кез келген туынды публицистика бола бермейді. Сол сияқты әр журналист публицист бола алмайды. Бірақ сізге бұл екі қасиет қатар берілді. Қайсысының жүгі ауыр?

– Сенің публицистика, публицист деп отырғаның қазақ журналистикасында әлі бір ізге түспеген, қазақша баламасы орнықпаған ұғымдар. Әйтсе де көсемсөз, шешенсөз турасына А.Байтұрсынов анықтағандай, өзара бітісіп кеткендіктен, мен үшін екеуінің де жүгі бірдей. Бүгінде жұртты таңғалдырып, тамсандырып жаздым ғой десең де, міз бақпайтын құлық пайда болды. Тіпті қасыңдағы жанашыр деп жүрген тұрғыластар шын жүрегімен пікір айтуға селқос. Осы селқостық қоғамды жайлап бара ма деп үрейленемін...

– Интернет пен ақпарат берудің жаңа тәсілі күн санап дамып жатыр. Осынау ғаламторшыл ұрпақ қайда, қалай бағыт алды? Бұл медиадүмпудің қарқынды даму барысы туралы не дейсіз?

– Ақпараттық айла-тәсілдердің дамығаны сондай, адам ақпараттың құлаққесті құлына айналды. Қашып құтылу былай тұрсын, ендігі жерде керек емес ақпараттан қорғанатын халге ұшырадық. Кез келген сайтты ашуыңыз мүн екен, «сізге тыңақпарат берейін бе?» деп ескертпе сумаң етіп, алдыныздан шығады. Смартфонның айдарынан жел есіп тұр. Саусағыңыз талмаса болғаны. Ғаламторда отырған өскелең жастар таңғажайып, әлемге әйгілі болған туындылар мен туындыгерлердің таңдыр-талайына барлай қарасаң, шындыққа көз жеткізетін жағдаяттар аз емес. Айталық, «Горио әкей» романының соңғы нүктесін қоя салып, басты кейіпкері Горио әкейді романда өлтіргеніне бола Бальзак ағыл-тегіл жылап, отырған орындығынан құлап түсіпті. Бәлкім, тіпті бұл бальзактанушылардың әсірелеген аңызы бола-ақ қойсын, ең бастысы – жан терлемей, жүрек толғанбай шынайы туынды шықпайды дегенді айту. Мен ұзақ жылдар бойы Бальзактың романдарын, ол туралы жазғандарды оқыдым. Рас, аз жазатыным – көп уақытым оқуға кетеді. Бірақ дайын асқа тік қасық көбейді... Тіпті ең осал тілші де оп-оңай мақала құрастыра салатын болды.

– Әдетте қаламгердің қолынан шыққан кез келген туынды публицистика бола бермейді. Сол сияқты әр журналист публицист бола алмайды. Бірақ сізге бұл екі қасиет қатар берілді. Қайсысының жүгі ауыр?

– Сенің публицистика, публицист деп отырғаның қазақ журналистикасында әлі бір ізге түспеген, қазақша баламасы орнықпаған ұғымдар. Әйтсе де көсемсөз, шешенсөз турасына А.Байтұрсынов анықтағандай, өзара бітісіп кеткендіктен, мен үшін екеуінің де жүгі бірдей. Бүгінде жұртты таңғалдырып, тамсандырып жаздым ғой десең де, міз бақпайтын құлық пайда болды. Тіпті қасыңдағы жанашыр деп жүрген тұрғыластар шын жүрегімен пікір айтуға селқос. Осы селқостық қоғамды жайлап бара ма деп үрейленемін...

– Интернет пен ақпарат берудің жаңа тәсілі күн санап дамып жатыр. Осынау ғаламторшыл ұрпақ қайда, қалай бағыт алды? Бұл медиадүмпудің қарқынды даму барысы туралы не дейсіз?

– Ақпараттық айла-тәсілдердің дамығаны сондай, адам ақпараттың құлаққесті құлына айналды. Қашып құтылу былай тұрсын, ендігі жерде керек емес ақпараттан қорғанатын халге ұшырадық. Кез келген сайтты ашуыңыз мүн екен, «сізге тыңақпарат берейін бе?» деп ескертпе сумаң етіп, алдыныздан шығады. Смартфонның айдарынан жел есіп тұр. Саусағыңыз талмаса болғаны. Ғаламторда отырған өскелең жастар таңғажайып, сиқырлы дүниеге елітіп, ақиқат өмір мен жасанды дүниенің ара-жігін ажырата алмайтын халге ұшырады. Ал келешекте медиадүмпудің соңы жаппай сипат алып, журналистика адамдардың күнделікті қалыпты әдетіне айналуы бек мүмкін.

– Ғаламаторды ақтарып отырып, «XVIII ғасырдан бері оқырманы ізден жүріп оқитын газет атаулының басына бұлт үйіріліп келеді» деген ақпарат оқыдым. Интернет жуық арада газет атауларға тиісті үлесті түп-түгел «жеп» қоймақ. Мерзімді баспасөз қуралдарының 4-5 жылдық қана өмірі қалыпты. Бұл сәуегейлікпен келісесіз бе?

– Келісетін не бар? Бұл, өзің айтқандай, көнерген сауал. Жауабы да белгілі. Мен қайталайын. Баспасөз кеше де, бүгін де, ертең де болады, жасай береді. Озық елдердегі («The Guardian», «Асахи симбун», «Иомиури симбун», «Sydney Morning Herald», «Нью-Йорк таймс» т.с.с) миллиондап шығып жатқан газеттерге қарыңыз. Біздің ел рухани қызметтің бұл түрінде әлі өркендеу сатысындамыз. Түптің түбінде біз де газет оқудың осы деңгейіне жетеміз. «Газеттің ісі – бір күндік, сөзі – мың күндік». Марк Твен «Дүниенің бұрыш-бұрышына жарық беретін екі-ақ күш бар. Оның бірі аспандағы – күн, екіншісі жердегі – газет» деген. Ал пенде қанағатсыз, күндердің күні әлеуметтік желіден де жалығып, жүрегі айнып, қағазға басылған кітап, газетке қайта бас қоятынына шүбәнің болмасын!

– Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласын қазақтілді журналистердің басты көзірі деуге болатындай. Өйткені мұнда ұлт болып ұйысудың ағышарттары жазылған. Өткенді бүгінмен бағалаудың сипаты айқындалады. Сіз не дейсіз?

– Біз әлі өзімізді-өзіміз теренмен таныпбіліп болған жоқпыз. Ғасырлар қойнауынан қазақтың қадір-қасиетін, ұлттың болмысын сұрыптап, сараптап жаңа буынға ұсыну керек. Сосын жаңа ұрпақты заманауи парасатты, зерделі, иманды қазаққа айналдыру. Міне, баспасөздің бұған қосар үлесі, көрсетер қызметі орасан. Елдегі ақпарат құралдарының өзегінде ұлттық мүдде жатуы тиіс. Елбасының бұл мақаласы ұзақ мерзімге құрылған ірі жоба.

– Жанұзақ Аязбекұлы, газет шығарудың қара жұмысынан хабардар әрбір әріптесіңіз жанкешті еңбегіңізді ерекше бағалайды. Күнделікті бопып жатқан саяси оқиғалар бас редактор бағанына, естіден қалған ұлағатты ойлар, тұшымды пікірлер бүгінде «Ел сөзінде». Жалпы бұл айдардың басты мақсаты неде? Кітап болып басыла ма? Оқырман сұрағы осы.

– Мен газет оқырманы үшін осы қызметті жеңілдетуге аз да болса сен болсын деген мақсатпен «Бас редактор әлемін» де , «Ел сөзін» де оқушыға ұсындым. Ұзақ жылдар жинап-теріп, қойын дәптерге түсірген жазбаларым газет оқырмандары тарапынан қолдау тапты. Хаттар жазды, телефон шалып әлі күнге дейін жалғастыра беруді өтінгендер тыйылған жоқ. Ел айтқан сөздерді тізбелеп, елдің өзіне қайтара ұсынғанның пайдасы барын түсіндім. Ала жазса, биыл күзге қарай оқырмандардың сұрауымен жеке кітап етіп шығармақ ниеттемін.

– Кезінде облыстық теледидарда жүргізген «Замана» бағдарламасында үнемі қоғамдағы қордалы мәселелерді қозғапсыз. Соның бірі – тіл. Осы арада мына бір жайтты айтпаска болмайды. Іс-қағаздар екі тілде жүргізіледі. Қазақ тіліндегі құжаттардың қатары көбейді деген мәліметтің ар жағында аудармашылардың құлағы қылтиып тұрады. Белгілі бір дәрежеде мемлекеттік мекемелердегі аудармашылар қазақ тілінің дамуына кедергі келтіріп жатыр деуге келе ме?

– Мұның екі жағы бар. Бірқатар мекемелер мен ұйымдардағы, кәсіпорындардағы шаласауатты аудармашылар өздеріндегі онсыз да мүшкіл халдегі тілдік жағдайды шұғарлап аударып, қазақ тілін жүнін жұлған тауықтан бетер қылады. Тіпті өрескел қателерді көргенде көз ұялады. Мұндайда намысың келіп, «бұлай аударғанша аудармай-ақ қойсын!» дейсің. Екінші жағы, аудармашылар қазақша аударып әрекет етіп жатса, орыстілді тұнып тұрған мекемелерде әйтеуір Қазір автор кітабының бетін ашпай-ақ, ешкімнен қымсынбастан сала құлаш пікір жазып тастайтындар жиілей бастады.

Есіме 10-сыныпта оқып жүргенде «Жұлдыз» журналында (1972) жарық көрген «Жастық жалына ма?» деген рецензиям түсіп отыр. Содан бастап көркем әдеби сынға деген ықыласым ауды. Университет қабырғасында студент бола жүріп, Мәскеуден шығатын «Вопросы литературы» деген журналды жаздырып алып оқыдым. Кейін 5-курсты бітіріп, диплом қолға тигенде таудай болып үйілген сол журналдарды қазір белгілі жазушы-драматург Жолтай Әлмешовтың (ол кезде төменгі курс студенті болатын) ағасының балконына қалдырып кеткен едім. Алматыдан аттанып, сонау Қостанайдан бір-ақ шыққасын ол журнал естен шыққан. Арада қырық жыл өткенде жазушы інім есіме салғаны бар. Айтайын дегенім, сонау жастық кезден-ақ әдеби сынға ықыласым ауған бейбақпын. Біле білгенге шығармашылыққа шынайы баға беру автордың төккен терінен кем түспейді.

– Елге белгілі әдебиет сыншысы: «Постмодернистік ағымға қазақ қаламгерлері әлі де сенбей келеді. Мен де сенбеймін» деп төтесінен келіпті. Сыншылар айтып жүргендей, ол расымен ұлттың рухани құндылықтарын жоққа шығаратын құрал ма?

– Бұл жерде постмодернизмге сену немесе сенбеу маңызды емес. Постмодернизм – ауқымды бағыт, ағым. Бұл әдебиет тарихындағы классицизм, романтизм, сентиментализм, символизм, авангардизм, реализм, тағы сондай «изм»дер секілді заман тудырған құбылыс. Бірақ мұның түрпаты бұрыңғыдан ерекше. Бұл адамзат қоғамының жоғары даму сатысында дүниеге келді. Мұның табиғат заңдарына қарсы тұру, Құдайды мойындамау, дәстүр атаулыны жоққа шығару сынды көзқарасты сипаты басым. Сондықтан да тамыры теренге кеткен дәстүрлі әдебиеті бар елдер мұны қабылдай қоймауы заңды. Өйткені әр қоғамның даму деңгейі әртүрлі. Дамыған, озықпыз деген елдердегі киберәдебет, яғни ғаламтор кеңістігінде пайда болған технологиялық, желілік әдебиеттің болмысы мүлдем бөлек. Қазір айтып жүрген постмодернизмнің салқыны солардан келді. Бұл әл-әзір қазақ топырағында өсіп-өніп, көктей қойған жоқ. Бірақ бізде болмайды дегендік емес. Заманында Абай поэзиялық модернизмнің қазақы үлгісін жасады. Кемелденген социализмде Төлен Әбдік «Оң қолын» жазды. Тәуелсіздік кезеңінде Мұхтар Мағауин «Жармақты» ұсынды. Дәстүрлі әдебиеттің уызы аузынан кетпеген біздің оқушыға бұлар бәріне бірдей оң жамбасына келеді дей алмаймын. Радикалды постмодернизмнің үркітіп отырғаны – дәстүрлі әдебиетті күресінге тастап, көркем ойды жоққа шығарды. Ол сырт көзге жаңғыру-жаңару секілді көрінгенімен, шын мәнінде адам ойына келгенін істеп, табиғи құмарлығы мен құштарлығына шексіз еркіндік беру деген тобырлық санаға бастайды. Мұндай сипатын алғанда рухани құндылықты жоққа шығарушылық қисыны бар.

– Әңгімеңізге рақмет!

Әңгімелескен
Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ

ҚОСТАНАЙ

> **Халықпен жүзбе–жүз кездесудің әсері зор екенін көзбен көрдік, жүрекпен сездік. Ал қазір іссапарды ғламтор алмастырды. Монитордан–ақ керекті ақпаратты қаузап тастайтын болды. Бүгінгі журналистиканың бір ерекшелігі – журналист жан қинамайды. Себебі ақпарат тасқыны орасан. Қолайыңа жаққанын пайдаланасың. Бірақ дайын асқа тік қасық көбейді... Тіпті ең осал тілші де оп–оңай мақала құрастыра салатын болды. Смартфонның айдарынан жел есіп тұр. Келешекте медиадүмпудің соңы жаппай сипат алып, журналистика адамдардың күнделікті қалыпты әдетіне айналуы бек мүмкін.**

ИМАН АЙНАСЫ

Смайыл СЕЙТБЕКОВ, ҚМДБ-ның Маңғыстау облысы бойынша өкіл имамы

АУРУХАНА САЛУ – САУАПТЫ ІС

Ислам өзегіне жәрдем беруді бұйыратын дін. Адамзат тарихына үңілгенімізде, Исламға дейін бірде-бір елде жарлы мен байдың, әлсіз бен күштінің, әйел мен ердің арасындағы құқық пен теңдік болмаған. Ал ислам діні адамдар арасындағы теңдікті орнатып, бай мен жарлының жақындатып, бір-біріне көмек қолын созуды, қарайласудың мұсылманға міндет әрі сауапты амал екенін сүйіншіледі.

Әлемдегі барлық жаратылыс адамзаттың игілігіне берілгенімен, бүкіл жаратылыстың шын мәніндегі иесі – Алла. Алла қалаған құлына дәулет беріп, қаламағанына бермейтінін мына аятта баян етеді: **«Сен айт: «Патшалықтың иесі болған ей, Алла! Қалаған адамыңа патшалық бересің, қаласаң одан тартып аласың, ықыласың түскенге үйіп-төгіп байлық бересің де, қырыңа алғаныңды қор етіп қоясың. Игіліктің бәрі өз қолыңда. Сенің құдіретің бәріне толық жетеді», (3. Али Имран-26).**

Осы ретте қоғам үшін ең маңызды нысанның бірі – аурухана жайын сөз етсек дейміз. Әрине, аурухана салу оңай шаруа емес. Дегенмен, тарихқа үңілсек, мұсылман әлемінде мұндай сауапты істен дәулетті жандар қалыс қалмаған. Өйткені сауабымен қатар, бір адамның жанын аман алып қалу жер бетіндегі адамзаттың баршасының жанын аман алып қалумен бірдей деген Құран аятына сай ұлық іс.

Ислам діні денсаулыққа қарауды міндеттейді. Емделуге қатысты ардақты Пайғамарымыздың (с.а.у.) көптеген өсиеттері бар. Науқастанған мұсылманға сол кезеңнің емделу жолымен ем қабылдауына рұқсат еткен. Емделудің өзін Пайғамбар сүннеті деп қабылдаған мұсылмандар уақыт өте емделуге қатысты Пайғамбарымыз (с.а.у.) айтқан өсиеттерді жинақтап, «Пайғамбар медицинасы» (Тиббун-Нәуәуи) атымен кітаптар жинақтаған. Сол хадистердің бірінде Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Ей, Алланың құлдары, емделіңдер. Өйткені Алла әрбір жарақтан ауруы үшін міндетті түрде шипасын қоса жаратқан»* (Тирмизи, Тиб, 2) деп, ауырған жағдайда емделу керектігін бұйырады. Ажалдан өзге әр дерттің емі бар. Бірде бәдәуилер: *«Ей, Алланың Елшісі (с.а.у.)! Науқастанған кезімізде емделу жолына жүгінбесек, бұл күнә бола ма?»* деп сұрайды. Сонда Алла Елшісі (с.а.у.) оларға: *«Ей, Алланың құлдары! Емделу жолын іздендер. Себебі Алла жаратқан әрбір дертке шипа да жаратқан. Тек қарттық қана бұдан тыс (оның емі жоқ)»* деп жауап береді. (Әбу Дәуд, Тирмизи риуаяты).

Ардақты Пайғамбарымыздың (с.а.у.) кезеңіндегі алғашқы дәрігер тайфтік Харис б. Кәләдә еді. Харис дәрігерлік тәлімді Иран патшасы II. Шапур тарапынан 350 жылы ашылған «Жундишапур медицина мектебінде» оқыған еді.

Әділетті халифалар дәуірінен (632-661 ж.) бастап ислам діні қанат жайып, Әмәуи халифаты кезеңінде ұлан-ғайыр аймаққа иелік еткен мұсылмандар әр елдің медицинасымен танысып, медицинаны дамыта түседі. Ислам тарихында алғашқы медицина мектебін аштырған халифаның бірі Омар б. Абдулазиз (717-720 ж.) еді. Ол Харранда медицина мектебін аштырады.

Ислам медицинасына Ибн Синадан (980-1037 ж.) кейін үлкен серпін берген дәрігердің бірі Зәкәрия әр-Рази (865-925 ж.) Тегеранда ашылған аурухананың бас дәрігері, артынан Бағдаттағы ауруханада қызмет еткен.

Ислам бойынша адамның өмірі аса маңызды. Сондықтан емделуді талап етеді. Емделу, әрине аурухана арқылы жүзеге асатыны белгілі. 931 жылы халифат астанасы Бағдат қаласында бір науқас ота жасалу сәтінде қайтыс болады. Жағдайға қатысты сол кездегі халифаға шағым түсіреді. Сол жылы Бағдат шаһарында 5 аурухана болған екен. Халифаның жарлығына сәйкес бас дәрігер Синан б. Сабит арнайы комиссия құрып, адам емдейтін дәрігерлерден сынақ алып, талапқа сай болғанға сертификат береді. Ал сертификаты жоқ дәрігердің адам емдеуіне тыйым салынады. Сол кезде тек Бағдат қаласының өзінде 860 дәрігерге сертификат берілген екен.

Ислам тарихында ең алғашқы аурухана жаралыларды емдейтін емдеу орталығы ретінде 627 жылы Ор соғысы кезінде пайда болды. Сол шайқас кезінде Әсләм руынан шыққан Руфайда әл-Ансари есімді сахаба әйел шатырда Сағд б. Муаздан бастан соғыста жараланған сахабаларды алғаш рет емдеумен айналысады. Осылайша, жылжымалы аурухана іске қосылады. Ал арнайы аурухана ретінде ашылған гимарат әмәуи халифасы Уәлид б. Абдулмаликтің жарлығымен 707 жылы ашылады. Ол ауруханада алапеске шалдыққан жандар емделеді. Аталмыш ауруханада қызмет еткен дәрігерлер мемлекет тарапынан жалақы алып, ауруханаңын барлық шығыны үкімет қазынасынан төленеді.

Аббасид халифаты тұсында (750-1256 ж.) аурухана елдің әр аймағында ашылады. Мәселен, 931 жылы ауылдарға дейін жылжымалы ауруханалар барып қызмет көрсетеді. Қала берсе, абақтыда да арнайы аурухана жұмыс істеген. Ауруханада ешкімнің ұлтына, нәсіліне, дініне қарамай, науқаска бірдей қараған.

Орта Азияда алғаш рет ашылған аурухана 1065 жылы Қарахан қағаны Тамғаш Бұғра хан тарапынан ашылып, қор ретінде беріледі. Жалпы мұсылман баласы сауабы үзілмейтін амалды жасауды мақсат тұтады. Аурхана салу да сондай амалдың бірі. Әрине, үлкен талапқа сай аурухана салу оңай шаруа емес. Дегенмен, елді мекендерге арнап шағын болса да аурухана салуға мүмкіндігі бар азаматтар мұндай сауапты істен қалыс қалмас деп ойлаймыз. Бір адамның өмірін сақтап қалу, барша адамзаттың өмірін сақтап қалғандай сауапты іс екенін де ескерген жөн.

ТІЛДІҢ МӘРТЕБЕСІНЕ АЛАҢДАСАҚ...

«Әрбір ұлт, мейлі ол үлкен болсын, кіші болсын, мәңгілік болуды қалайды және бұл – оның табиғи құқығы. Ал бұл үшін сол халықтың тілі өз топырағында тамыр байлап, өмір сүруге тиіс» (Шыңғыс Айтматов, «Социалистік Қазақстан» газеті, 25 қараша, 1989 жыл).

Иә, осыдан 30 жыл бұрын, «КСРО халықтарының тілдері туралы» заң жобасын талқылау барысында «Адамзаттың Айматовы» атанған заңғар жазушының айтқан осынау сөздерінде қаншама ақиқат пен көрегендік жатқандығына біз бүгінде сүйсіне таңданамыз. Өйткені Елбасы, Тұңғыш Президент Н.Назарбаев егеменді қазақ ұлтының мәңгілік болу құқын жариялап, күні кеше «Мәңгілік Ел» ұранын ортаға тастады. Бұдан туындайтын міндет анық, ол – ұлттық мемлекетіміздің Ата Заңымен айғақталған мемлекеттік тілі ретінде қазақ тілі де мәңгілік болуын қамтамасыз ету. Сондықтан қазақ тілі ата-бабадан аманатқа қалған өз топырағымызда, яғни Қазақстан аумағында тамырын байлап, толыса дамып, мемлекеттік тіл болып қалыптасуына бірінші кезекте мемлекеттік билік қажетті жағдайлар жасауы, ал, екіншіден, қазақтар ана тілін ардақ тұтып, оны толыққанды тұтына отырып, мемлекеттік тіл болуына жеткілікті міндеттердің бәрін ауызбіршілікпен іске асыруы тиіс.

Кезінде заң шығарушы биліктің – Парламенттің өз міндетін толымды атқара алмауының нәтижесінде мемлекеттік болып танылған қазақ тілі мен «ресми түрде қолданылатын» орыс тілінің мәртебесі күштеп тенестірілді. Түсіндірме сөздіктерге жүгінсек, оларда мемлекеттік тіл – «мемлекеттік мәні бар тіл», «мемлекетке тән тіл» деп, ал ресми тіл – «қызмет бабына сай, үкімет тәртібіне лайық тіл» деп түсіндіріледі. Сол бір тарихи тұста мемлекеттік құқықтың ешбір маманғалымдары бұл проблема турасында жақ ашпай қалған сыңайлы. Осынның салдарын, қазақ халқының өнсесін түсіретіндей келенсіз тірліктерді күні бүгінге дейін біз ұдайы көруде: **біріншіден**, Ата Заңымыздың өзі әуелі орыс тілінде жазылып, содан кейін барып қазақ тіліне аударылғаны оның өне бойынан көрініп тұр – Конституцияның қазақша нұсқасындағы баптардың 7-2,11-1,14-1, 27-1, 27-2, 51-4, 52-5,3), 61-3,9), 62-6), 91-1, 91-3 тармақшалары қате аударылып жазылған; **екіншіден**, атқарушы биліктің дәрменсіздігі мен парықсыздығынан «қазақ тілі» деген атау бүгінгі күндері «мемлекеттік тіл» атауының тасасында қалып, заңдар мен қаулы-қарарларда, жарнамаларда, дәрілік препараттардың нұсқаулықтарында «...**на государственном** и **русском языках**...» деп жаппай жазылатын болған.

Мемлекеттік тіл мен орыс тілін күштеп теңестірудің орынсыз екенін көрсететін парадокс осы тұста тағы көрінеді, өйткені сөздіктерде қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде «Мемлекеттің мемлекет құрушы ұлтының мәртебесі Конституцияда бекітілген, қоғамның барлық салаларында, сыртқы қатынаста қолданылатын **ресми** (заңды) **тілі**» деп түсіндіріледі (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. XI/M-O/-томы). Құдды ат-арбаға атпен қабаттап басқа малды жеккендей нәтиже көрінеді, яғни біздің жағдайымызда Тіл дәлдігінің талабы сақталмай тұр, сөйтіп «ұғымға сөз мағынасының сәйкес келмеуі» орын алған. Шынында да, Ресейдің сөздіктерінде «официальный» сөзіне «установленный правительством, администрацией, должностным лицом» деп, ал «официальный язык» дегенге «свойственный правительственным документам, деловым бумагам» деп түсіндірме берілген (Словарь русского языка в 4[a] томах. Институт русского языка РАН.Т.2(К-О). М.,1983. -736 с.). Сонда орыстардың өзіне жүгінсек, біздің Ата Заңды және салалық заңдарымыздағы орыс тілінде жазуымыз олардың ережесіне томпақ келеді екен, себебі бұл жерде мемлекеттік құжаттар туралы айтылмаған. С.Ожеговтың сөздігінде де «официальный-правительственный или должностной» деп түсіндірілген.

Ұғымға сөз мағынасының сәйкес келмеуі туралы кезінде Адамзат ойы алыптарының бірі, әрі математик және философ Рене Декарт былай деген: «Өмірде біздердің жіберетін қателеріміздің ең кем дегенде тең жартысы ұғымды анықтайтын терминнің оның мазмұнына сәйкес келмейтіндігінен болады». «ҚР Білім және ғылым министрлігі» деген атауда да осындай қателік орын алған. Осынау мәселеге қатысы бар терең ойды әл-Фараби баба да әлдеқашан айтып кеткен: «Ғылым адам санасына болмысы бөлек, ерекше **ұтқыр** (логикалық негізделген) **ұғымдары** орнықтыру арқылы ғана терең ұялайды».

Ата Заңымыздың 7-бабында әуелі «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі», одан әрі «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі (қазақ тілінің алдына шығып кеткен!) ресми түрде қазақ тілімен тең (қатар) қолданылады» деп жазылған. Байқап қарасақ, бұл жерде саяси қате жіберілген, өйткені Ата Заңның орысша нұсқасында, 7-2 тармақшасында «... наравне с казахским официально употребляется русский язык» деп мемлекеттік тілге орыс тілі «жол беріп» тұр, ал біздің конституциялық комиссиядағы русофилдер өздерінің саяси сауатсыздығын және юриспруденциядағы **«следовать духу и букве закона»** деген басты ұстанымнан хабарсыздығын танытып, орыс тіліне сол кезден-ақ мемлекеттік тілдің алдында жүру құқын жандастырған.

Турасына келгенде, Ата Заңның әрбір бабы, математикадағы аксиомадай, ақиқаттығы даусыз тұжырым болуға тиіс және Парламентте қабылданатын әрбір заң Конституция нормаларына сай даярлануы тиіс. Сонда барып, ҚР Конституциясының 4-бабында айтылған «ҚР-да қолданылатын құқық (Конституцияның, соған сәйкес заңдардың... халықаралық шарттары мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің... нормалары)» тағы да сол математикадағыдай, **мағыналы аксиоматикалық теория** құратын болады, ал мұндай теорияның (құқықтың) аксиомалар жүйесі (Конституция) **қарамақайшылықсыз**, **толымды** және **тәуелсіз** болуға тиіс. Сондықтан Қазақстанның Ата Заңы көрсетілген үш талапқа (қайшылықсыздық, толымдылық, тәуелсіздік) сай етіп жазылуға тиіс (Ә.Тәжмағамбетов. «Сапалы математика» – компьютерді игерудің негізі», «Зерде» журналы, 2000, N4).

Ата Заңымыздың 98 бабының ақиқаттығы даусыз аксиомалардан (баптардан) тұратын жүйе ретінде құрылғанда ғана **Мемлекет өзінің тәрбиелеу функцияларын**, қоғамның негізгі тәрбиешісі ретінде, толымды және ізгілікті (гуманды) мазмұнда атқара алатын болады. Сонда барып Қазақ Елі Мәңгілік Елге айналады. Олай болмаған жағдайда, Ата Заң талаптары аясында нарықтық қоғам үшін қабылданған заңдар жүйесі өз аламаттарын адал еңбекке, заңға бағыныштылыққа, мемлекеттік тілді қадірлеуге тәрбиелейтін мемлекеттік тетіктерді тұжырымды етіп қалыптастыра алмайды.

Сонау тас түнек орта ғасырларда Махмұд Қашқари баба «Тәрбие басы – тіл» деген ақиқатты ту етіп көтергенде, ол қол астындағы бұқарасын хандық биліктің ортақ бір тілде – мемлекеттік тілде билеп-төстейтіндігін, ырқына көндіре тәрбиелеуі керектігін айтса керек.

Алайда қазіргі заманда әрбір мемлекетте, әрине, Қазақстанда да соңғы жүз жылдай уақытта атқарушы билікті іске асыратын шенеуніктердің бюрократиялық аппараты дербес **әлеуметтік топ** ретінде қалыптасып үлгерді. Олардың қарасы әжептәуір, тәуелсіздік алған елімізде халық қамын «жейтін» мұндай мемлекеттік қызметшілердің ұзын саны жүз мыңға жетіп жығылса, ешқандай таңданбаңыз. Әрине, олар өздері отырған жылы да жұмсақ орынтақтардың пайдасы мен артықшылықтарын жақсы біледі және өз мүддесіне пайдалана алады. Атқарушы билік бірінші кезекте өзіне ыңғайлы және зияны тимейтін заңдарды Парламентке даярлап беретіні жасырын емес. Ал қазақ тілінде өз ата-тегін қатесіз жаза алмайтын қаншама шенеуніктің бүгіндері билік санатында жүргенімен, ал қаншама қазақтың жеке куәліктерінде «Асавбаев, Дусенов, Илиманов, Садвакасов, Утаганов, Увалиев» секілді қате жазулардың әлі күнге жөнделмей жүргенімен ешкімнің шаруасы жоқ секілді.

Еврей халқында айтылатын «ақылды өзгенің, ал ақымақ өз басының қателіктерінен сабақ алады» дегенінен тәлім алып, біздің билік басында жүрген орыстілді қазақтарымыз неліктен ең болмағанда өздері пір тұтатын орыстардың XVIII-XIX ғасырларда бастарынан өткерген, бүкіл Европа жұртына мазақ болып өздерінің ана тілін аяқасты еткен тірліктерінен сабақ алмайды?! Әлде бұл мұндайлардың, ата-бабалары әлемнің сегіз бұрышын кезінде билеп-төстеген **тегінің қораш емес**, қысыжазы киіз үйде тіршілік отын сөндірмей, дүниете небір асыл азаматтарды, билер мен батырларды әкелін тәрбиелеген, өз бастарының ерлігі Адамзат тарихында амазонкалар туралы аңыздар қалдырған **задының асыл екендігін** сезінуге әлі күнге тарихи сауаты жетпей жүр ме? Қазіргі заманғы ғылыми ортада қазақтар айтып келген ауызша тарихтың, оның негізгі тасымалдаушысы тілдің мазмұнының шынайылығы жазбаша тарихтан жоғары екендігі мойындалған. Себебі жазбаша тарихты билеушінің қысымымен өзгертіп қайталап жазуға болатындығына дәлелдер көп.

Ата-бабаларымыз тұтынған қазақ тілі күні кешеге дейін құлағы барлардың құрышын қандырып, сауаты барлардың тәнті еткені тарихи құжаттарда хатталған. Солардың бір-екеуіне тоқталайық. Мысалы, 1833-1855 жылдары Сібірге жер аударылған поляк ғалымы, бірнеше еуропалық тілдерде еркін сөйлеген Адольф Янушкевичтің жоғары білімді филолог және адал ниетті жүректің иесі ретінде қазақ халқына, оның тілі мен өнеріне жанашыр көзқараста болғанын, зор ықыласпен қазақ тілін, жер-су аттарын теренінен зерттеп-білуге ұмтылғанын оның жазған күнделігі мен хаттарынан көреміз (Дневники и письма из путешествия по казахским степям. 2 изд. Астана, 2007. -384).

1846 жылдың мамыр айында Семей жерінде алғаш рет Қақ шатқалында Бейсеке болыс пен қарсыласы Қойшыбай байдың арасындағы бәсеке-даудың басқасында болған Янушкевич, айтыс барысында қазақ тілінің ерекше байлығына, би-шешендердің сөз саптауларына былайша тәнті болған: «...некоторые из этих степных демосфенов захватывали меня своей выразительностью и полной энергии речью. Старшина Токумбай и сам Бейсеке сгибались бы под тяжестью лавров, если бы жили в Древней Греции или Риме». Одан әрі Аягөзге шекара бастығы мен аға сұлтан Бөлен, Барақ сұлтан бас қосқан жиында Орта жүздің ақындары Орынбай мен Жанайдың айтысына куә болып, от ауызды суырыпсалма ақындардың айтыс өнеріне таң-тамаша болғанын былайша суреттейді: «... Началась борьба... Как на Олимпийских играх, два поэта боролись друг с другом. ... Первый смело нападал, а второй мастерски защищался... Это была захватывающая картина... И все это ведь, думал я, слышу я своими ушами в степи, среди народа, который мир считает диким и варварским!.. Сегодня передо мной выступают поэты, не умеющие ни читать, ни писать, однако поражающие меня своими талантами, ибо песни их **так много говорят моей душе и сердцу**. ...Народ, который одарен Творцом такими способностями, не может остаться чуждым цивилизации: ...**придет время**, **когда кочующий сегодня номад займёт почетное место среди народов**, которые нынче смотрят на него сверху вниз» деп қазақ халқы мен қазақ тіліне, өнеріне **адал жүрегімен** тілеулес екенін білдіреді.

А.Янушкевичтің кітабын оқып отырып, оның халқымыздың жақсы қасиеттеріне қуана, кемшіліктеріне қапалана алатын ақ тілекті жүрегіне риза боласың, жазба тіл мәдениетінің байлығы мен шеберлігіне тәнті боласың, суреттеуінің шынайылығына сенесің, сөйтіп, осыдан 160 жылдай бұрынғы қазақ халқының рухани өмірінің қазіргі біздерден кем болмағанына баладай қуанасың. Ол кітабының бірнеше жерінде терең толқыныспен, көрген-естігенін **жаны мен жүрегіне жақын көріп** қабылдағанын мойындайды.

Міне, осы бір шынайы білім мен мәдениет иесіне тән «**жан-жүрегімен қабылдап түсіне алу**» қасиетінен кейінгі ұрпақтар бірте-бірте қол үзіп бара жатқандай. Бұл қауымға енетіндердің қатарына ана тілін құрметтей алмай жүрген, бүгінгі билік басындағы орыстілді қазақтарды жатқызуға болады. Барлық гәп жүректе екенін бұрынғылар білген ғой. Алла жаратқан Адам Атаны барып көріп келген Ібіліс өз ұрпақтарына «іші қуыс екен, бізге орын көп, бірақ жүрегіне ене алмадым» дегені ислами танымда белгілі шындық.

Данышпан Абай атамыз да өзінің «Он жетінші қара сөзінде»: «...Осы ұшеуің (қайрат, ақыл, жүрек) басында қос, **бәрін жүрекке билет** деп ұқтырып айтушының аты Ғылым екен. Осы ұшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсандар, табанымын топырағы көзге сүртерлік **қасиетті адам** сол» деп Алланың ұлық сипаттарының бірі болатын Ғылымға жүректің адал ниетке ұя болатындығын айтқызады.

Қазақ тілінің өте бай тіл, көркемдік дәрежесі мен әлеуеті де керемет екендігін кезінде, түркі халықтарының әдеби мұрасын терең зерттеген В.Радлов та жоғары бағалап: «Киргизы отличаются от других своих соплеменников особенной ловкостью в выражениях и замечательным красноречием» дейді.

Негізінде, Баба түркі мен атамыз қазақ адамның кеудесінде ақ ниетті жүректің болғанын ерекше қадірлеп-құптаған. Сондықтан да болар, өзінің дидактикалық «Құтты білік» дастанында ғұлама Жүсіп Баласағұн (1068-1070):

Адамға екі нәрсе тірек тегі,

Бірі – тіл, бірі – ділін жүректегі, – деп, ана тілін қастерлейтін адал ниетті (діл) жүрек иесін барынша ардақ тұтқан.

Әрине, мұндай қасиетті адам аспаннан аяғы салбырап түсе қалмайды, оны тәрбиелеу мен оқыту арқылы қоғамдық ортасы қалыптастырады, яки жас баланың азаматтықтың биігіне көтерілуі ұзақ уақытқа созылатын, бүгінгі күндері, әсіресе мемлекеттік билік ұйымдастыратын және тікелей оның жауапкершілігінде болатын процесс екендігі әркімге де айғақ шындық.

Исламның қанондарында, беріде өткен ғасырларда ғылым мен білімге, білімділіктің түрлі сипаттарына жаңжақты назар аударылған. Бізге қажетті ақиқаттардың бірін атақты неміс философы, диалектикалық логиканың негізін қалаушы Г.Гегель: «Білімділіктің ең басты факторы туған тілінде сөйлеу мен оны сыйлаудан басталады» дейді. Мұндай ана тілге деген ерекше құрмет біздің бүгінгі білім қуған жастарымызға ой салуы тиіс.

Енді бір сәт қазақ тілінің көне тарихи континенті» атты кітабында ⊙ таңбасы «Ахау Патша, Патшалардың Патшасы», «Ұлы Билеуші» деп түсіндіріледі. Бұл таңба туралы Олжас аға Сүлейменов өзінің «Атамзаманғы түркілер» атты кітабында «Егер Нүктелі Шеңбер – «басқарушысы патша» саналатын қоғам болса, онда орталық бұл сарай ғана емес, сондайақ өмірішінің де символы... Сол кездегі мәдениеттерде ақиқаттың, әділдіктің бейнесі ретінде «орталық», «дәл ортасы» ұғымдары түсініледі» деп біздердің танымтүсінігімізді байыта түсетін ақиқаттың бетін ашады.

Шынында да, аталған таңба көне қытай, мысыр, шумер мен түркілерде Күнді (ra, re, er) білдірген және кейінде әлемдік таңбаға айналған. Ал Баба түркі танымында әділетті ханның Күнге баланатын ұстанымы болғандығын Жүсіп Баласағұн біздерге «Құтты біліктегі» әділетті ханды Күнтұды «Елік» деп атап, Күнге теңеп жеткізбеп ре еді?! Осынау «Ахау» атауы қазақ тілінің лексиконында бар және қазақтар ән айтып, жыр жырлауды «Ахаудан» бастайтыны тағы белгілі.

Сонда «Ахау» деп қазақтың тамағын кернеп жыр жырлауы Д.Червард кітабындағы Ахау патшаға кезінде мадақ айтқан, оған одалар арнаған білім бабалардан қалған және біздерге жеткен мұра сөзі болғаны ма?! Д.Червард бұл атау-сөздің тарихи жасын 10-12 мың жылдарға апарады. Дәл осындай өте көне, Д.Червард кітабында жиі кездесетін, екінші және қазақ тілінде мазмұны әлі күнге айқындалмаған сөз – ол «**тау**». Д.Червард өз кітабында **Т** таңбасының «тау» деп оқылатынын және сол кездегі баба тілде оның «қайта тұлеу, өмірге келу» (воскресение) дегенді білдіретінін айтады. Олай болса, қазақта ойын баласына ризалықпен марапат-мақтау айтқандағы «таудай бол!» деген алғыста көне замандардан біздерге дейін жеткен ақ тілек жатқаны ма? Дәл осы мағынасында «тау» сөзі қазақта бүгінге дейін сақталып отырғаны таңғаларлық оқиға емес пе?! Сол сияқты, қазақ тілінде сақталған «от», «ну», «орал» сөздерінің де тарихи жасы 6000 жылдан әріде жатқанын Еуропаның лингвист ғалымдары ЮНЕСКО аясында жүргізілген «Еуропаның Лингвистикалық атласын» даярлау барысында қуаттап отыр. Бұл келтіргендеріміз аздық етсе, онда О.Сүлейменовтің 40 жылдан астам уақыт бойына жүргізген лингвистикалық зерттеулері нәтижесінде алған бір маңызды қорытындысы – «Шумер тілінде көнетүркілік түбір сөздер бар және олар оғыздық, қыпшақтық тілдік орталарға сай құрылған» (Тюрки в доистории. А., 2002, 83-84 б.б.) дегенін ескертейік.

Осылардың бәрін зерделей отырып, Баба түркі тілін және оның лайықты мұрагері қазақ тілін қалайша Еуразияның байырғы тілі және оның ізбасары демеске?! Осы тұста қазақ тілінің сөзжасам әлеуетін, лексикалық қуатын сандық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік беретін Математикадағы комбинаторика аппаратын қолдану мысалына тоқтала кетейік. **N** элементті **M** жиынын **алфавит** деп, ал оның элементтерінің санын осы алфавиттің **қуаты** деп атайық. Лингвистикада, оның сөзжасам теориясында қуаты **n**-ге тең алфавит арқылы ұзындығы **k**-ға тең болатын әртүрлі қанша «сөз» жасауға болады деген маңызды сұрақ жиі туындайды. Пайда болатын кейбір сөздердің мағынасы болмайтындықтан, біз «сөзді» тырнақшаға алып отырмыз және мұндай «сөздерде» элементтердің (әріптердің) қайталанатыны белгілі. **Теорема**: Қазақ тілінің **n**-ге тең болатын алфавиттен жасалатын ұзындығы **k**-ға тең барлық сөздердің саны n^k -не тең болады.

Қазіргі кириллицаға негізделген қазақ тілі алфавитінің қуаты 43-ке тең, бірақ одан дыбысталмайтын әріптерді алып тастап, n=40 болсын деп қабылдағанның өзінде, біз екі әріпті (k=2) 40^2=1600 сөз, үш әріпті (k=3) 40^3=64000 сөз, ал төрт әріпті (k=4) 40^4=2560000 сөз құрауға болатындығына көз жеткіземіз. Дәл осылайша, орыс тілі алфавитін қарастырып, n=30 болсын деп алғанымызда, орыс тілінің сөзжасам мүмкіндіктері тұсын басқаша, әлдеқайда кіші сандық көрсеткіштерді аламыз: k=2 болғанда 30^2 = 900 сөз, k=3 болғанда 30^3=27000 сөз, ал k=4 болғанда 30^4=810000 сөздер шығады. Көріп отырғанымыздай, алфавиттегі дыбыстаталған әріптер саны тілдің егесі болатын халықтың үндеу (дыбыстау) аппаратының қаншалықты дамығанын, ал ол өз кезегінде тілдің байлығын бағалап көрсете алады екен.

Бұл мақала оқырманға ой салу мақсатында ғана жазылып отыр және қорыта айтқанда, қазақ тілінің байырғы сәнсалтанатынан, күш-қуаты мен тазалығынан күннен-күнге айырылып, Ата Заңымызбен тағайындалған мемлекеттік мәртебе биігіне көтеріле алмауына сыртқан кінәлілерді іздеудің ешбір жөні жоқ демекпіз. Кінә өзімізден. Жаһандану заманында ана тілінің тағдырына алаңдап ағылшын мен французы, неміс пен орыс, тағы басқа үлкенді-кішілі ұлттардың бәрі зар илеп жүр. Айта берсек, орынды да, орынсыз да әңгімелер көп. Бірақ «мың уайым бір борышты өтемес» деп атам қазақ дұрыс айтқан. Оның үстіне «Іздеушісі жоқ заңның – қаукары да жоқ» деген тәмсіл бар, яғни «Тіл туралы» Заңды жұмыс істететін қазақтілді қауым болмақ. Өйткені Қазақстанда қабылданған әрбір заңнан өздеріне пайда мен жеңілдіктер іздейтін екі тарап бар екенін бұл білуімізге керек.

Хатқа түскен, толымды құжатталған тарихы **әлі** жоқ қазақ халқы үшін, әсіресе, **жаһандану дәуірінде** өркениет көшіне еріп, одан лайықты орнын табу өте қиын болады. Мұны билік басындағы азаматтар білуге тиіс және оған ақыл-ақылдарын, Қазақстаннан тыс қайда қашып барса да, өздері де, ұрпақтары да барған жерде тұрақтай алмайды. Өйткені Адамзат баласының Жер планетасында құрған жел бесігі – **кәзіргі өркениеттің** өзінің кемелдену шегіне жетпей жойылып кету қаупі үдей түсуде. Алғашқы соққыларды Америка мен Европа құрлықтары қабылдауы бек мүмкін дейді білетіндер...

Біздің қазақтың бар айтатыны ауызша тарихы, аңыз-әңгімелері деп кезінде қорланатын едік. Алайда қазіргі тарихшы, озық ойлы ғалымдар халықтың ауызша тарихы мен тілінде сақталған мәліметтердің шынайылығы мен құндылығы жазбаша тарихтағыдан көп жағдайда жоғары тұрады деп те ой айтуда. Сондықтан қазақ халқының тарихын оның тілінің тарихынан іздеу біздің ғалымдарымыз үшін ең дұрыс және нәтижелі де жол болар. Ал қазақ халқының теренген қазғанда 10 мың жылға дейін барар мазмұнды, сәнсалтанатты, өкініші көзден жас ағызар тарихы бар десе таңданбас едік. Өкініштісі, сол тарихымызға қосып жазылуы тиіс небір оқиғалар мен мәліметтер өзгеленгіп тарихына «кірпіш болып қаланып» кеткен де жағдайлар көп кездеседі.

Арыстанбек ҚОНЫСҰЛЫ,
ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, физика-математика ғылымының кандидаты



ЖАҢА КІТАП

Алматыдағы «Үш қиян» баспасынан 1937 жылғы саяси құғын-сүргін құрбаны, Сыр өңіріндегі діни-исламдық-ағартушылық қызметінің көрнекті өкілі Ыспан Сүлейменұлының (1878-1937 ж.ж.) қиын да, күрделі өмір жолын жан-жақты баяндайтын «Ыспан қари» атты ғұмырнамалық кітап жарық көрді.

Ыспан қари

Онда жас кезінде оқыс жағдайдан екі бірдей көзінен айрылған зағип баланың сол өңірдегі атақты Алдашбай ахун мешітінде оқып, тек жадының мықтылығы арқылы құранды толық жатқа айтатын қари атанғаны, өзі де ауылында мешіт ашып, бала оқытып жүрген кезінде кенес өкіметіне қарсы саясат жүргізді деген жалған айыппен ұсталып, жазықсыздан-жазықсыз ату жазасына кесілгені мұрағат және көнекөз карттардың деректері, ғалым, журналистердің зерттеу еңбектері мен қари ұрпақтарының естеліктері арқылы терең ашып көрсетіледі.

Ыспан қари, сонымен қатар шайыр, айтысқер ақын да болған кісі. Ол атақты Сыр сүлейі, Бала жырау атағымен Алашқа әйгілі тұлға Тұрымбет Салқынбайұлының шәкірті болған. Шығармалары «Айтыс» кітабының 2-ші томына және Т.Салқынбайұлының кітаптарына енген. Кітаптың авторы, қыраспырушысы және жауапты редакторы – Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, ҚР Ақпарат саласының үздігі Ибрагим Бекмаханов.

Нұрай НАРИМАН

БАСҚОСУ

Мамандар пікір алмасты

Алматы қаласындағы «Rixos» қонақүйінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2019 жылға арналған ғылыми-тәжірибелік іс-шаралар жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасы кардиологтарының XI Конгресі өтті.

Форум жұмысына алыс және таяу шетелдің (Италия, Голландия, Израиль, Ресей, Беларусь, Украина және т.б.) жетекші ғалымдары, өңірлердегі Денсаулық сақтау басқармаларының басшылары, бас мамандар, қанайналым жүйесі аурулары және медициналық білім беру жөніндегі үйлестірушілер, кардиологтар мен терапевтер қатысты.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, «Ұлттық медициналық университет» ҒАҚ, Қазақстан Республикасы Кардиологтар қауымдастығы ұйымдастырған шараның ашылу салтанатында «Ұлттық медициналық университет» ҒАҚ ректоры Т.Нұрғожин, ҚР Кардиологтар қауымдастығы президенті С.Беркінбаев сөз сөйледі.

Конгрестің ашылуынан кейінгі пленарлық мәжілісте Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Алматы қаласы Әкімдігі және Денсаулық сақтау басқармасы өкілдері Европа мен Азияның кардиология және кардиохирургия саласындағы жетекші мамандар – медицина ғылымының докторы, профессорлар Ю.Пя, И.Фомин, Н.Козиолова, П.Лансберг баяндама жасады. Сондай-ақ шара аясында Европа кардиологтары қоғамымен және Жүрек қызметінің жетіспеушілігі жөніндегі Европа қауымдастығымен Бірлескен сессия өтті, оған Вера Регитс Загрочек, Юрий Лопатин, Марио Марзилли қатысты. Кардиологияның негізгі бағыттары бойынша секциялық ғылыми мәжілістер мен шеберлік сабақтары өтті.

Нұрлан ҚҰМАР

ҚАЛЫПТАСҚАН ТЕРМИНДЕРДІ ӨЗГЕРТУ – ТІЛ ДАМУЫН ТЕЖЕУ

(Басы 1-бетте)

Біз осы саланың маманы ретінде бұл мәселені министрліктегі, терминкомдағы әріптестерге аталған терминдер қайта қаралмақ болып жатқан кезде де, бекітіле салып та айтқанбыз, жазғанбыз. Баяндамаларымыз бен сұхбаттарымызда да арнайы тоқталғанбыз. Өзіндік дәлелдерімізді де келтіріп, бірнеше рет мәселе көтергенбіз. Бірақ біздің ұстаным мен пікіріміз қабылданбады. Терминдерді бекітерде оған қатысы бар мамандарды жиып, «Мына мәселені талқылайық», «Сіз неге бұлай пайымдайсыз?» деген басшы-қосшыларды көрмедік. Мемтерминком бекіпіп, шешім шығарғанын бір-ақ білдік. Терминдер бекітіліп кеткен соң да оларға қатысты Парламент Сенатында өткен мәртебелі жиында қойған сұрағымызы бен айтқан пікірлеріміз ескерілмеді. Одан кейін де осы мәселені қайта-қайта көтеріп, сөз қозғағанымызы үшін көпшілік алдында «Сіз неге бізді үнемі сынай бересіз?» деп реніш білдірген әріптестер де болды. Енді жұрт жаппай мәселе көтеріп, осы терминдер дау-дамай нысанына айналғаннан кейін шешім қайта қарала ма – оны уақыт көрсетеді. Қалайда бұдан сабақ алу керек шығар.

Маман ретінде мынаны айтамын: біріншіден, Терминком жұмысын түбегейлі қайта қарау, оның жұмыс істеу тәртібін түбегейлі өзгерту керек. Мәселе оның құрамында емес. Жұмысты бұлай ұйымдастыру бүгінгі күн талабына мүлде жауап бермейді. Бұл іспен кәсіби мамандар тұрақты түрде айналысуы тиіс. Осы пікірімізді біз 101-ші рет айтып отырған шығармыз. Екіншіден, жалпы тіл, терминология мәселесі мамандар мен жұртшылық алдында ашық, жария түрде талқылануы керек. 4-5 жыл бұрын бекітілген терминдерді елдің енді біліп, қызу талқылап жатуы – сол ашықтықтың жоқтығын, ақпараттың уақытылы таратылмағанын, жұмысты ұйымдастырудың әлсіздігін, терминологиялық жұмыстардың кәсіби деңгейде жүргізілмей отырғанын айқын көрсетті. Үшіншіден, термин мәселесін лауазымы мен беделі зор басшылар, министрлер әкімшілік жолмен, пәрмен берумен емес, тілші, терминтанушы және осы іспен тікелей айналысып жүрген сала мамандары ақылдасып, кеңесіп шешуі керек. Сонда ғана сапа болады. Әйтпесе, бұл жыр бітпейді, әлі талай даудың күәсі боламыз. Нәтижесінде ұлт тілі ұтылады, оның терминқоры зардап шегеді. Төртіншіден, сөз соңында айтарымыз: азатжол, мұражай, әнұран, мұрағат, пайыз, сынып, теңгерім, ақау, әлеует сияқты атаулар халық жақсы қабылдап, қолданысқа еніп кеткен, мейлінше ұтымды жасалған терминдер деп санаймын. «Халықаралық термин» деген – шартты ұғым. Кейбіреулердің «халықаралық» деп шаң жуытпай жүрген терминдерін көп ұлттар баяғыда өз тілдеріне аударып алған немесе ол ұғымдарға ұлттық танымына сәйкес атау берген. Оған мын бір мысал келтіруге болады. Оны тек термин жайын түсінбейтіндерге ғана түсіндірген жөн деп ойлаймыз.

Асылы ОСМАН, «Мемлекеттік тілге – құрмет» бірлестігінің төрайымы:

– 27 жылдың ішінде біраз нәрсе қалыптасты. Егер ол қалыптасқан дүние қазақ тілінің табиғатына лайық болса, оны неге өзгертеміз? Қалыптасқан қалпында қалсын! Ал халықаралық терминдердің тілімізге жат, баламасы табылмаса оны қайта қарауға, өзгертуге болады. Қазақ тілінің құдіреті жетіп, арамызға еніп кеткен сөздерді өзгерткеннен, мәселен, бүкіл түркітілдес ұлт қолданып отырған «пайыз» сөзін қайтадан «процент» дегеннен не ұтамыз? Сол сияқты «әнұран» деген сөзді алайық. Әнұран – ол халықтың ұраны, елдің ұраны. Кезінде «гимн – әнұран болсын» деп газетке мақала жазғанның бірі – менмін. Ахмет Байтұрсынұлы «Байтақ жер де, бай тіл де – қазақтыкі» деген. Түсіне білген адамға, түркітілдес халықтың ішінде қазақтың тіліндей бай тіл жоқ. Осы бай тілді өз қалпында пайдаланып, кәдеге асырып, өзіміз қолданыуымыз керек. Әр басшы келіп, күн сайын өзгерткенін мен өз басым қаламайын. Әзербайжан ұлтының өкілі болсам да, осы елдің азаматы ретінде, тілші ретінде, қазақ халқынан көрген қамқорлығым бар, менің айтарым – қазақтың тілінің тазалығын, әуезділігін, мәнділігін сақтануыздар.

Айгүл ІСІМАҚОВА, филология ғылымының докторы, профессор:

– ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлованың қызметіне кіріс сала, термин мәселесін қозғап, ойланбастан, аяқ астынан қолданыстағы сөздерді айналымнан шығару керек дегеніне бүкіл ел-жұрт таңғалды. Тіпті зиялы адамның аузынан осындай сөз шыққанына қайран қалдық.

Тіл білімі институты тұрғанда, тілтанушы мамандар отырғанда бұл бір түсінбейтін жағдай болды. Әнұран, сынып, мейрамхана секілді айналымдағы қазақ тілінің төл сөздеріне айналып кеткен терминдерді ауыстыруды ғылым ретінде де, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғылымдарының еңбегін білетін замандас ретінде де қолдамаймын. Мұндай асығыстыққа жол беруге болмайды. Кезінде Мәдениет министрлігінің Шерубай Құрманбайұлы басқарған Терминком комиссиясы болған, сол комитеттің жұмысын қайтадан жандандыру керек шығар. Бұл мәселені «Ана тілі» газеті бастап, тілші ғалымдар қостап, батыл айту біздің парызымыз деп санаймын.

Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек.

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, профессор:

– Мен терминологияның тікелей маманы емеспін, бірақ терминге қатысым бар. Бұрын орыстілді қазақтар дегенді естігенде «біреулердің ойланбай айта салған сөзі шығар» деп, онша мән бермейтін едім. Сөйтсем, орыстілді қазақтар дегенің – таза халықтық қазақ тілін түсінбейтін, одан алшақ адамдар екен. Турасын айту керек, төрде отырғандардың көбі – сондай қазақтар ғой. Министр айтқан «сынып», «пайыз», «ұшақ», «әуежай», «мұрағат», «мұражай» дегендер – халыққа сіңіп кеткен сөздер. Халық оны пайдаланып жүр. Мысалы, «сынып» деген сөзді қабылдағалы бері неше мын бала мектеп бітіріп кетті. Бәрі «сынып» деп оқыды. Енді «класс» деп айтындар дейміз бе? Одан қала берді мектептегі есіктерде «1-сынып», «2-сынып» деп жазылып тұр. Министр айтқан сөз, амал жоқ, енді бәрін «класс»-ка ауыстырады. Бұл да – қиын мәселе. Әсіресе, балалар үшін. Сондықтан, менің ойымша, халықтың осындай қазақы сөздерін қолданыстан шығарып тастауға болмайды. Онда терминком, терминология ғылымы неге керек? Қазақы айтылған сөздердің бәрі бұларға соншалықты ерсі естіліп, ерсі көрінеді екен, онда «хлеб» – «нан», «яблоко» – «алма» демей, барлық сөзді бірден ала берейік. Бірақ олар ондай көп емес, қазақтың төбесінде отырған бір уыс қана топ. Ал біз қалай солардың ықпалында кетеміз? Министр мемлекеттік зан, әлеуметтік мәселе туралы айтса, тыңдауға болар еді. Ал мына жағдайда халық, керісінше, аталған сөздерден бас тартпай, пайдалана беруі керек.

...Жат сөздерді қолданғанда, тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөзді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады. Бұл туралы Аурупа тілдерінен алдымызда үлгі келтіреміз. Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз деген – шатасқандық. ...Аурупа сөздері бізге орыс арқылы жалғасады. Сондықтан, Аурупа сөздерін, орыстың айтуынша қолданып жүрміз. Бұл дұрыс емес. Аурупа сөзін асыл нұсқасынан алып, өзгертіп қолдану керек.... Аурупа сөздерін алғанда, сөзді қазақ-қыңғыз тілінің заңымен өзгертіп, сіңуге қолайлан алу керек. Аурупа тілінен бізге әсері көп тиетін тіл – орыс тілі, орыс сөздерін ықтиярсыз көп қолдануға керек болатын дәуірде тұрмыз. Сондықтан орыс сөздерін қолданғанда, өте сақтық керек.

Халел ДОСМҰХАМЕДОВ

Байыңқол ҚАЛИЕВ, филология ғылымының докторы, профессор:

– Мен он жыл бойы еліміздің Терминология комитетінің мүшесі болдым. Сонда аэропорты – әуежай, вертолетті – тікұшақ деу үшін айтысып-тартысып, дұрыс-бұрысын дәлелдеп жүріп бекіттіргенбіз. Ал бекіткен терминдері кез келген министр алып тастап, өз ойын жүзеге асыра беретін болса, терминкомның не керегі бар?

Жаңа тағайындалған министрдің қызметке тағайындала салып, осындай пікір білдіруіне мен ғылыми тұрғыдан да, адами тұрғыдан да келіспеймін. Егер біз мұндай ұсыныстарға бас изей беретін болсақ, мемлекеттік тілді дамытудың орнына оны тек отбасылық тілге айналдырамыз. Интернетті – ғаламтор десек, әлеммен байланыса алмай қаламыз ба, әлде кеденді – таможня десек, кеденіміз жақсарып кете ме? Әуежай, ұшақ, тікұшақ сөздерінің не жамандығы бар? Термин дегеніміз – сөз. Барлық халық өз терминдерін өз ұлтының тілінің негізінде жасап алады. Сөздің, терминдердің сыртқы формасы, яғни дыбысталуы, айтылуы, жазылуы, оқылуы ұлттық, ал мағынасы халықаралық болуы керек. Мемлекеттік тіл деген не? Мемлекетте тұратын барлық азаматтар, ұйымдар, ұжымдар, мекемелер осы қазақ тілінде сөйлеуі керек. Ал тілге жүрдім-бардым қарауға болмайды, тіл – қазақ халқының ең бірінші белгісі. «Мен қазақпын» деген сөз қазақтықтың белгісі емес, оның ең бірінші белгісі – тіл.

Жаңа министрдің мамандығы – музыкант. Ол терминдерге қатысты ұсыныс айтып, шешім қабылдауы үшін термин деген не, оның мәні мен қыр-сыры қандай болады, соны біліп барып ұн қатуы керек. Келе салып мемлекеттік тілімізді ауызекі тілге айналдырғысы келсе, дәрежесін көтерудің орнына артқа тартса, бізге ондай министрдің не керегі бар? Бұл шешіммен ешбір тілші келісе қоймайды ғой деп ойлаймын.

Марат ТОҚАШБАЕВ, журналист, қоғам қайраткері:

– ҚР Мәдениет және спорт министрі болып таяуда тағайындалған Ақтоты Райымқұлованың қазақ тілінде пайдаланылып, қолданылып келе жатқанына 25-30 жыл болып, санаға сіңіп кеткен сөздерді өзінің бастапқы орыс, латын тілдеріндегі формасында пайдалану жөніндегі ұсынысы БАҚ-та, әлеуметтік желілерде үлкен талқыға түсті. Жаңа министр алдымен еліміздегі мемлекеттік тіл – қазақ тілі өзінің Конституциялық орнына не болуы жөніндегі мәселені көтергені жөн болар еді. Өйткені қазіргі таңда мемлекеттік тілді дамытуға байланысты Үкіметпен қаншама қаражат жұмсалды, бірақ 30 жылдан бері мемлекеттік тілдің ахуалы орнынан жылжыған жоқ. Тіпті 15-20 жыл бұрынғы жағдайдан да құлдыраған кетті. Қазір қалалы жерлердегі негізгі тіл – орыс тіліне айналған. Біздің елімізде орыс тілінің ешқандай мәртебесі жоқ, ал қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесі белгіленген. Бірақ статусы жоқ тіл өмірімізге еніп кетті. Ғимараттардың мандайша жазуларында, жарнамаларда, көшедегі ұран сөздерде қателер өріп жүр. Ең болмаса, соларды жөндеу жөнінде мәселе көтермей, тілімізге сіңіп қалған сөздерді өзгертеміз деу – министр тарапынан жіберілген қателік.

1992 жылы Тәуелсіздігімізді алғанымызға жарты жыл енді ғана болғанда мемлекеттік рәміздер туралы заң қабылданардың алдында мен гербті – елтаңба, гимнді – әнұран деп аударып ұсындым. Ол депутаттарға ұнап, қолданысқа еніп, мемлекеттік заңға кірді. Енді 30 жылда қайтадан өзгертеміз деу ағаттық деп ойлаймын. Өйткені Ахмет Байтұрсыновтың өзі кезінде шет мемлекеттердің қазақ тіліндегі сөздерін мүмкін болғанша қазақшалау жөнінде өз ойларын айтқан болатын. Сондықтан бар мүмкіндікті пайдаланып, қазақ тілін дамыту жолында, мүмкін болған сөздің бәрін қазақшалауымыз керек. Министр осылай айтты екен деп оны өзгерткенімізбен, халықтың санасына сіңіп қалған сөздер жойылмайды.

P.S. **Алаш арысы Халел Досмұхамедулы «Тіл – ұлттың жаны» деді. Осы негізде ой өрбітетін болсақ, термин – тілдің өнбойына қан жүгіртіп, оны қуаттандыратын, әрлендіріп-түрлендіретін, аясын кеңейтуге себепші болатын маңызды дүние. Демек, тіл мәселесінде шешуші рөл атқаратын терминдерге бейжай қарауға болмайды. Қазақтың тілі қаншалықты бай болса, ана тіліміздің жаңа сөз тудырудағы тілдік әлеуеті де соншалықты зор. Олай болса, тіліміздің мүмкіндігін шектемей, ақылға қонатын, тілге жатық, сөз мағынасына үйлесетін терминдерді жатсынбай қабылдау – тілімізді өсірмесе, өшірмейтіні анық. Қалай болғанда да терминнің ар жағында тіліміздің тағдыр-талайы, келешектегі жай-күйі тұрғанын естен шығармауымыз керек.**

Пікірлерді әзірлегендер:
Әсел САРКЫТ,
Бағдағұл БАЛАУБАЕВА,
Ақбота ҚУАТОВА

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ

Емле мәселесін кеңесіп шешкен дұрыс

2017 жылы қазақ әліпбиін латын графикасына көшіруге даярлық тұрғысынан арнайы «Қазақ тілін көркейтудің оңтайлы тәсілдері» атты еңбегімді баспадан шығарған едім. Бұл еңбекті жазарда екі мәселені мақсат тұттым. Біріншіден, орыстілді қандастарымыз қазақ тілі сөзге жұтаң, кедей деп мұрнын шүйіріп қарамасын, әзіл-мысқылға жол бермей, тілімізді құрмет тұтып, оны ұлықтап, үйренуге деген ынта-ықыласын кемітпесін, өз ана тілін өзекке теппесін, өз тілінде сөйлегенді намыс көріп, қор санамысын десек, емлемізді ұштай түсудіңептейлі тұстары мен тетіктерине мән берейік деп ойладым. Екіншіден, келер ұрпақтың міддесін ескердім.

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөнінде ұлттық комиссия жанындағы орфографиялық және әдістемелік жұмыс тобына «Қазақ тілін көркейтудің оңтайлы тәсілдері» атты еңбегіме арналған дөңгелек үстел отырысында асығыстық жасамай, мәселеге жеңіл-желпі, атүсті қарамай, тыңғылықты түрде пікір алыссын деген мақсатпен мына төмендегілерді де ескерусіз қалдырмаса екен деп өтінемін. Біріншіден, «Қазақ тілін көркейтудің оңтайлы тәсілдері» – қазақ әліпбиін латын графикасына көшіруге даярлық тұрғысынан жазылған тұңғыш арнайы еңбек. Басқа авторлар бұл тақырыпты арнайы әңгімелеген емес. Екіншіден, бұл – сынап-мінеуге жатпайтын еңбек. Өйткені тіліміздің лексикалық, фонетикалық, морфологиялық құрылымын, бүкіл тіл жүйесінің барлық саласын жетілдіру арқылы оны көркейтудің сан түрлі тәсіліне ешбір тіл жанашырының шеткақпай болмайтыны анық. Үшіншіден, қазақ әліпбиін 26 әріппен алғаш құрастырған Ахмет Байтұрсынұлы кезіндегімен салыстырғанда қазіргі тіліміз – көш ілгері дамып жетілген тіл. Осы тұрғыдан І.Кенесбаев, М.Балақаев, Қ.Жұбанов, А.Ысқақов, тағы басқа ғұлама ғалымдарымыздың кирилл графикасына көшкенней кейінгі тұста жазу жүйесін дұрыс қалыптастыруға, қазақ тілі орфографиясын тіл табиғатына, ұлттық-артикуляциялық базасына сәйкес жетілдіруге септігін тигізген қыруар еңбегін зая кетірмеу жағы ескерілді.

Төртіншіден, әуел бастағы үш дүркінгі дөңгелек үстелді ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті, академик Мұрат Жұрынов, академик Әбдуали Қайдар, «Қазақ тілі қоғамының» төрағасы, академик Өмірзақ Айтбайұлы, сол кездегі институт директоры, профессор Мырзаберген Малбақовтардың қолдауымен өткізген едік. Бұл аталған ғұлама ғалымдар еңбегімді оқып шығып, оны жоғары бағалап, оң пікірін айтты. Бесіншіден, атақты тіл мамандары мен қаламгерлерінің басым көпшілігі Алматыда екенін ескеріп, мұндағы барлық жоғары оқу орындарындағы тіл мамандарына, мерзімді баспасөз орындарына 150 кітапшаны таратып беріп, бір жарым жыл бойы кең көлемде, жанжақты пікір алыстық. Олар ең бір өзекті мәселеге арналған еңбектің маңыздылығына мән беріп, оң пікірін айтты. Ешқандай ескертуі мен тіліміздің көркейтудің оңтайлы тәсілине қатысты айтар қосымшасы да болмады. Қайсыбір авторлардың айтып жүргеніндей, «кірме әріптерден толықтай тазартып, таза қазақ әліпбиін қалыптастыру мақсатымен түбегейлі реформаны іске асыру керек» дегені – тілімізді алға ұздырмайтын, орфографияны кері кетіретін пікір. Емлені тек ішінара ұштай түсіп, орфографияны жетілдіріп, тілімізді көркейте аламыз. Қазақ тілінің әлемдегі ең бай, көркем тілі екеніне орыстілді қандастарымыздың көзін жеткізу үшін емлемізді ішінара ұштай түсудіңептейлі тұстары мен тетіктеріне мән беріп, өзгеріс енгізіп, орфографияны жетілдірер сәттегі көздеген басты мақсатымыз көңіл көзін өрірек жүгіртіп, тіліміздің тартымдылығын төмендетіп, табиғилығын кемітетін, кем соғар тұстарын жөнге келтіріп барып, шешім қабылдаудың керек екеніне кітапшамды оқығандардың көзі жетті. Біздің айтып отырғанымыз – тіліміздің өзіне тән кемшін тұсы емес. Емле ережесін ұштай түсіп, орфографияны жетілдірудің оңтайлы тәсілдерін ескермеудің салдарынан тілімізде орныққан кемшін тұстарын дұрыстап, жөнге келтіру арқылы тіліміздің көркейту.

Қазақ тілі емле ережесінің жаңа жобасына енгізілген өзгерістер толықтыруды, жетілдіруді қажет етеді. Өйткені латыннегізді «қазақ емлесінің негізгі ережесінде» кирилл әліпбиіндегі әріп санын азайтуға қатысты жазуды ғана өзгертіп, қазақ орфографиясының ережелерін жаңарту, жетілдіру мәселесі алдағы атқарылар іс-шаралардың ең бастысы және өзектісі екені өз мәнінде жеткілікті түрде ескерілмей қалған.

Қысқа ы, і әріптерін мүлдем естілмейтін тұстарына үстемелеп жазып, солай оқу салдарынан сөздің қалыпты дұрыс дыбысталуын бұрмалап, оқылуын ауырлатып, естілім жағымдылығын нашарлатып, әуезділігін солғындатып, табиғи тартымдылығын төмендетіп, оның дыбыстық құрылымының дамып-жетілу үрдісіне тежеу жасап жүргеніміз, айналып келгенде, қазақ тілін үйретуде қиындық тудыруда. Мұның өзі – қазақ тілі емле сөздігінің ғылыми принципі әлі де болса жүйеленіп, жете зерттеле қоймағанының бір айғағы. Орфографияны жетілдіру арқылы қазақ тілін үйретуде ынғайсыздық тудырып жүрген тұстарын жөнге келтіру арқылы тілімізді елеулі түрде көркейте аламыз. Мағыналық дербестігі жоқ сөздердің ішіндегі тек қазақ тілінде ғана айтылатын «жатыр» сөзі көршілес туыс халықтар тілінде кіріккен сөздің қосымшасына айналса, «алды» сөзі біріккен сөздің қосымшасы түрінде жазылады. Біз де, ең бірінші кезекте, осы екі сөздің емлесін оңтайлы етіп, бір жүйеге келтірсек, тілімізді елеулі түрде көркейте, жетілдіре түсуге қатысты өзекті мәселе өз шешімін табар еді.

Орфографияны жетілдіру мақсатында арнайы жазған еңбегім жайын да бірде-бір ескерту немесе келіспейтін пікір естіген емеспін. Емле мен орфографияның кемшін тұстарын жөнге келтірмей, тіліміздің көркейтін, кемелдендірмей, ешбір өзгеріссіз қалдыру алдағы ұрпақтың қамын ойламағандық па деп ойлаймын. Ол айналып келгенде келер ұрпаққа қалдырар ең қымбат, ең асыл қазынамызы саналатын ана тілінде деген жанашырлық емес. Өкініштісі «Қазақ тілі емлесінің негізгі ережелерінің» екі басылымына да мені қатыстырмай, пікір алыспай, жұмыс тобына қаратпай, сараптама жасаттай жібере салды. Екі басылымда да емлені ұштай түсіп, орфографияны жетілдіру мүлде ескерілмеген. Менің еңбегім осы олқылықты ескеріп, орфографияны жетілдіруге арналғандықтан, жаңа емле ережесінің ұтымды басылымына міндетті түрде қатысқанын жөн деп ойлайымын.

«Кеңесіп пішкен тон келте болмас» дегендей, ана тіліміздің көсегесін көгертуге атсалысып, аянбай еңбек етіп жүрген орфографиялық және әдістемелік жұмыс тобындағылар ортақ ісімізді дұрыс жолға қоюда күш біріктіріп, құрмеуі күрделі мәселені зейін қоя зерделеп, орнықты, әділ пікірін айтып, ұтымды жолды табуға жәрдемін тигізсе екен.

Сейдін БИЗАҚОВ,
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері

Бізді таныстырған да, табыстырған да ұлы Мағжанның рухы. 2011 жылдың күзінде «Алашшыл жүрек» деген деректі әңгіме жазғам. Ұлы ақын Мағжан Жұмабай өмірінің айдауда жүрген кезеңі хақында. Қазақ даласынан тыныштық кетіп, қызыл саясаттың оқ боратып жатқан кезінде менің Тоқтарбай атам да «байдың, феодалдың ұрпағы» деген желеумен айдалып, құғынға ұшырағанды. Сол құғын-сүргін кезінде Мағжанды көріп, ақын ағасымен тағдырдың кермек дәмін бірге татыпты. Жазасын аман-есен өтеп шығып, Қытайға ауған атамның айтқан бір әңгімесі еді. Осы бір алай-дүлей сүреңсіз шақтағы сәулелі кездесуін жиі-жиі айтып отыратын. Ақын ағасын Мағжан деп емес, «Жәкекем-ау» деп айтатын. Ес біліп, әдебиет есігін имене ашқан сәтімде, Жәкекенің Мағжан екенін білдім. Содан бері шежіреші атамның айтқан талай естелігі шығармашылығымның қуретамырына айналды. Сондай әсерде жазылған еді бұл дүние.

МАҒЖАННЫҢ *рухани інісі*

Иә, иә, осы «Алашшыл жүрек» арқылы Жарасбай Сүлейменовпен таныстым. Ол – халық қалаулысы, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. Оның үстіне атағы шыққан белгілі қаламгер, ел алдында абыройлы азамат. Ал мен болсам небәрі II курс студенті едім. Екеуіміз Facebook әлеуметтік желісі арқылы сәлемдесіп, хат алмастық. Арада көп ұзамай менің әлгі деректі әңгімемді республикалық «Мағжан» әдеби журналына жариялатты. Сол күннен бері он жылға тақау уақыт өтіпті. Сыйлас та қадірлі ағама айналған қаламгермен оқта-текте хат алысып, хабар білісіп тұрамыз. Бірақ екеуміз әлі күнге дейін жүзбе-жүз көрісіп, кездесеппіз. Сол жылдары депутат болып, ел мүддесін Парламент мінберінде көтеріп жүрген халықшыл ағам қатардағы көп студенттің бірінің хабарламасына жауап жазып, достық орнатқан.

Бұл күнде жұрт Жарасбай Сүлейменовті Мағжанның бел баласындай көреді. Әлеуметтік олай ойлауы да зандылық. Мағжанның атын ардақтап, шығармашылық мұрасын насихаттап жүр. «Абай» журналының жарқын жалғасы болып, жетісулық азаматтардың ұйымдастыруымен «Мұқағали» журналы жарық көрді. Тараздық қауым «Жамбыл» журналын шығарып, жыр сүлейінің атын асқақтатты. Арқадағы алқалы топ «Қасым» журналын шығарып, найзағай ақынның тұғырын тіктеді. Сырдағы сыршыл бауырлар «Тұрмағамбет» журналын шығарып, ақын әрі дін қайраткерінің мұрасын түгендей бастады. Республикамыздың әрбір атырабынан осындай елшілдікке ұйыстырар игі істер басталып, жақсы дәстүр қалыптасты. Сол кезде Қызылжардан да қуанышты, сүйінші хабар естіліп, «Мағжан» журналы баспасөз айдынындағы дүбірлі аламанға қосылып еді. Мағжанның өмірі мен қызметіне, шығармашылығына қатысты қаншама зерттеу басылым бетіне жарияланып, өз оқырманын тапты десеңізші! Осындай берекелі де елдік істің басында Жарасбай Қабдоллаұлы тұрды.

Былтыр аяулы ақын Мағжанның 125 жылдық мерейтойы дүркіреп өтті. Ұлы тойдың аясында «Мағжан Жұмабаев» тұлғалық энциклопедиясы жарыққа шықты. Еліміз Тәуелсіздігін алып, дербес мемлекет болғаннан бері «Абай» энциклопедиясы ғана шығып еді. Соңғы жылдары «Махамбет», «Жамбыл», «Шәкәрім», «Әлихан Бөкейхан», «Ахмет Байтұрсынұлы», «Мұқағали» энциклопедиялары басылып шығып, ұлттық ғылымның көкжиегін кеңейтті. Ал Қызылжардан шыққан «Мағжан» энциклопедиясының және де, сипаты да бөлек. Жоғарыда аталған энциклопедиялардың қай-қайсысы болсын ғылыми институт қабырғасында жоспарға еніп, көптің тілегімен басылса, бұл энциклопедия – Жарасбай Сүлейменовтің қажыр-қайратымен, табандылығымен жүйелі ұйымдастырылған іргелі еңбек.

2008 жылы қаламгердің «Сөнбейтін шырақ» деп аталатын кітабы басылды. Оқырман жұрт жылы қабылдаған кітап Мағжанның өмір жолына арналған еді. Бұл кітап эссе жанрында жазылғанымен, ішінде трансформациялық өзгеріске ұшыраған барлық жанрдың элементтері кездеседі екен. Мағжанның қақындық культі, шеберлігі мен мұрасы, оның талайлы тағдыры, сүйген сұлулары мен құшқан жарлары туралы жазылған еңбектің тілі көркем, оқиғасы шырақ. Осы туынды арқылы қаламгердің Мағжан әлеміне қалай келгенін білуге болады. Құдай Тағаланың өзі азаматтың пешенесіне Мағжанды тану, зерттеу ісін жазған екен. Автор «Мен Мағжанның атын алғаш рет 1972 жылы естідім» деп жазады. Сонау кеңестік кері идеологияның қаһарына мінген шағындақ Қызылжардағы көнекөз ақсақалдардың әңгімесінен естіп біліпті. Бір қызығы, 1988 жылы 28 желтоқсанда ғаламат ақынның ақталғандығы туралы қаулы жарияланғанда, «Батыр Баян» поэмасын облыстық радиодан бергізеді. Бұл кезде қаламгер облыстық радионың бас редакторы қызметін атқарған. Елгезек азаматқа алапат поэманың көшірмесін ұстазы, белгілі қаламгер Сейтен Сауытбеков сыйлаған екен. Көпті көрген ардагер «Күні туғанда қажетіңе жарар» деп берген поэма Жарасбайдың ұйымдастыруымен, диктор Бүркіт Бекмағамбетовтың саңқылдаған өткір даусымен қаншама күн тыңдаушысының рухын көтерген еді. Өшкен жанып, өлген тірілген ұлы күн еді бұл!

Кісі топырағына тарта туады деген рас сөз осы. Жазушы, журналист Жарасбай Сүлейменовтің «Еменнің иір бұтағы», «Дала-бесік», «Сөнбейтін шырақ» кітаптарын оқып отырғанымда, осы ой көкейімнен кетпей қойды. Көз алдыма орманды дала көрініп-ақ тұрды. Сол орманды алқапта өсіп-өнген қаламгердің жастық шағы, азамат болып, қолына тізгін ұстап, ел бастағаны елестейді. Ал сол орманды, қарағайлы мәңгі жасыл әлемді еске алғанында, сағым жылдар арасынан бір кездері қой бағып, шопан болған бозбаланы көресің. Сәл-пәл алдыға қарай адым бассаң, мандайы жарқыраған ел азаматы, белгілі қаламгер Жарасбай Қабдоллаұлын танисың. Ел мен жерді, жер мен ерді бөліп-жарып қарай алмайтынына сенесің. «Туған жерден кіндігі үзілмеген» деген ата сөзі осы Жарасбайдай азаматқа арналса керек. Туған жерінің тарихын көркемсөзбен суреттеген, даңқты жерлесінің мәртебесін асырған рухы биік ер – көз алдымызда өзі тәрбиелеп, үміт күткен, республикамызға танылған дарынды шәкірттері Нұрғұл Оқасова, Ербақыт Амантай, Айгүл Ысқақова, Жадыра Есенгелділерді бастап, Мағжан биігіне үлкен абыроймен көтеріліп барады...

Елдос ТОҚТАРБАЙ,
жазушы, ҚР «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты

БІРЛІК

ДОСТЫҚ қашанда қадірлі

Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылының медициналық колледжінде Алматы облыстық татар-башқұрт этномәдени бірлестігінің ұйымдастыруымен «Қазақстан халқының рухани жаңғыруы» атты облыстық фестиваль өтті.

«Нұр Отан» партиясының Жамбыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Жұмабек Чажабаев, Алматы облыстық «Достық үйі – Қоғамдық келісім орталығының» директоры Тәңірберген Қасымберкебаев, облыстық Қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Оралбек Жақиянов, этномәдени бірлестік төрағалары мен белсенділері, колледж оқытушылары мен білімгерлері және БАҚ өкілдері қатысқан шарада 11 этностың мәдениеті мен салт-дәстүрін көрсетіп, рухани жаңғыруға бағытталған көріністер қойылып, концерттік бағдарлама да болды.

«Нұр Отан» партиясының Жамбыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Жұмабек Чажабаев фестивальдің мақсатын жан-жақты түсіндіріп өтті.

Алматы облыстық «Достық үйі – Қоғамдық келісім орталығының» директоры Тәңірберген Қасымберкебаев татар-башқұрт этномәдени бірлестігінің атқарған жұмыстары жайлы өз ойын ортаға салды. Оның айтуынша, облыс аумағында өмір сүріп жатқан әр этнос өкілдерінің атқарған қыруар жұмыстары көңіл қуантады. Әсіресе, олардың қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін сыйлайтындығын ерекше атап өтті.

Алматы облыстық татар-башқұрт этномәдени бірлестігінің төрағасы Гриф Хайруллин алғашқы сөзін қазақ еліне алғыс айтудан бастады. Ел басына қиын-қыстау күн туғанда бір үзім қара нан мен бір тамшы су беріп, тұтастай елді аман алып қалған қонақжай қазақтың асыл азаматтары мен ардақты аналарына бас иіп, рақметін айтты. «Қазақтай жомарт халық жоқ. Олар қайырымдылық жасауға келгенде алдына жан салмайды. Біздің әкелеріміз нәубет жылдар туралы айтқанда ең бірінші қазақтың бауырмалдығын ерекше атап өтетін. Сол үшін біз, тұтастай татар-башқұрт ұлты, қазаққа мәңгі қарыздармыз» деп ерекше ықыласпен тілегін арнады.

«Қазақстан-Корей» достық ұйымы РКБ облыстық филиалының төрайымы Клара Хан да ата-баба, балашағасының ағасқан еліне алғыс айтты. Алматы облыстық «Элефтерия»ректор бірлестігі ҚБ төрағасы Георгий Иорданиди, облыстық «Ахыска» түрік мәдени орталығы филиалының төрағасы Шахисмаил Асиевтер құттықтау сөз сөйлеп, фестивальден алған әсерлерімен бөлісті.

Еркенұр ЕРЗИЯ

Алматы облысы

КӨЗІҢНІҢ ҚАРАШЫҒЫНДАЙ

ТАТУЛЫҚ – ТІРЕГІМ, көңілдегі тілегім

Қайырымдылық – қазақ халқының қанында бұрыннан бар қасиет. «Жетімін жылатпай, жесірін қаңғыртпай», үй салса асарлатып, қоныс аударса ерулік беріп, пұлсыз қалса, сауынды сиырын жетектетіп жіберіп, малына қасқыр шапса, жылу жинап, орын алған қандайда бір келеңсіз оқиғаның орнын білдіртпей жіберуге көп болып атсалысқан. Балалар үйі мен қарттар үйінің не екенін білмеген қазақ даласында қайырымдылық пен қамқорлық көрсетудің түрлі әдістері көрініс тапқан.

Ұлтымызға тән осынау керемет қасиет бүгінгі күні де рухани жаңғырып, Қазақстан халқы ассамблеясының негізгі жұмыс істеу бағыттарының біріне айналғанын да біреу білсе, біреу білмес. Жақында Талдықорған қаласында Алматы облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының қызметкерлері ҚХА-ның Ұлы Даланың дәстүрлеріне негізделген «Қамқор» қайырымдылық шарасы аясында тыл еңбеккерлерінің отбасыларына барып, азық-түлік сыйлықтарын табыс етіп, қайырымдылық көмегін көрсетті. Ассамблея тарапынан өздерінің елеңгеніне қуанған ардагерлер алғыстарын жаудырды. Сондай-ақ Қазақстан халқы ассамблеясының «Қамқор» қайырымдылық акциясы аясында Алматы облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының хатшылығы 2017 жылы «Шапағат» төсбелгісінің тұңғыш иегері, қоғам қайраткері Рахимова Амина Шәріпқызын құттықтап, азық-түлік себетін табыстап қайтты. Амина Шәріпқызы – әр этнос өкілдерінің балаларын бауырына басып, Талдықорған қаласындағы Үштөбе балалар үйінің ашылуына бастамашы болған осы өнір үшін еңбегі сіңген айрықша жан. Сондықтан Алматы облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының бұл жандарға құрмет көрсетуі түсінікті де.

Айта кетер жайт, соңғы жылдары еліміздегі этномәдени орталықтары қайырымдылық концерттерін ұйымдастырып, «Қайырымдылық керуенін», қайырымдылық акцияларын өткізіп, қайырымды істер жасауда. Одан бөлек, «20 игі іс», «Балаларға қуаныш сыйла», «Қамқор», «Асар», «Ақ ниетпен» секілді әлеуметтік акциялардың шеңберінде талай қайырымдылық шаралары ұйымдастырылды. Қоғамда мейірімділікті, гуманизм мен өзара риясыз көмек жасауды орнықтыру, қазақстандықтардың, солардың ішінде балалардың, мүмкіндігі шектеулі адамдардың өмір жағдайлары мен денсаулығына қамқорлықты күшейту мақсатында ұйымдастырылған шаралардың арқасында мұндаған көмекке мұқтаж балалар мен қарттар мейірімге бөленді, қайырымдылық акциясы барысында азық-түлік қоржындары таратылды. Жетісудың төрінде, Талдықорған өңірінде ұйымдастырылған іс-шаралар соның бір бөлігі ғана.

Ж.ҚАДЕН

Алматы облысы

СӨЗДІҢ ҚҰНЫ

Өзгенің еңбегіне сұғын қадай атын шығару ма, қараулық па, пасықтық па, әлде, жұрт білмей қалады дейтін құйрығы бір тұтам құлық па, әйтеуір, жиеншілік атты пәлекеттің әлімсақтан бері белгілі екені анық. Бұрында жиеннің құрығына, негізінен, ақын-жазушылар ілінетін болса, қазір әдебиеттен бөлек, өнер, мәдениет, ғылым – барлығына дендей енгені құпия емес. Күнең күйігір жиендердің жиендігін тоқтату мүмкін болмай тұр-ау, болмай тұр. Оны айтасыз, осы күнде ұрлығы ашылып, беттері аймандай болған жиендердің тұқ болмағандай жүріп жататынына сіз де, біз де көндігіп, етіміз өліп кеткендей. Айғақ-дәлел шаш етектен. Солардың өзіме мәлім бір-екеуін келтірейік те, ары қарай өзге әңгімеге ауысайық.



«ЖИЕН САҒАН АЙТАМ, НАҒАШЫ, СЕН ТЫҢДА...»

1960 жылдардың басында Сарыағаш аудандық газетінде жұмыс істеп жүргенде Алматыдан менің атыма жолданған конвертті ашып қалсам, кәдімгі Оспанхан Әубәкіровтің осыдан сәл ілгері республикалық газеттердің бірінде басылған «Шофердің батасы» атты сықақ өлеңі екен. Бірақ авторы басқа, аты-жөнін сырттай білетін бір қасқа. Кейін Алматыға кеп «Мәдениет және тұрмыс» журналына орналасқан бойда кездейсоқ ұшырасқан ол қасқаға «мұныңыз қалай!» дегенімде, ыржақ-ыржақ күліп, жөнді жауап айта алмады. Рас, кейін ол әдетін қойып, кітаптар шығарып, сатирик ақындар қатарында жүрді. Есесіне...

Аталмыш журнал редакциясына жер-жерден келетін өзге жиендердің өлеңдері жиі-жиі әшкере боп, мұнда да у-шу боп жатады екен (көбінің аты-жөндері есте).

Енді бірде – арадан біраз уақыт өткенде – әлдебір газеттің бір бетіне тұтастай белгілі қоғам қайраткері, атақты ғалым Сәбетқазы Ақатаевтың докторлық диссертациясынан үзінді басылып, келесі бетке сол күйінде басылған сол мәтін соңында басқа біреудің аты-жөні көрсетілді. Дәл... сол газеттің келесі санында жалғасы тағы жарияланды. Сәбетқазы Ақатаев, сөйтіп, «жиенін» тауып әшкереледі. Қандай нәтиже шықты дейсіз бе? Ешқандай!..

Әкелі-балалы ғалымдар Әуелбек, Тынысбек Қоңыратбаевтардың тапа-тал түсте қолды болған диссертациясының да жиені табылып, «Мәдениет» журналында басылды. Бірақ Әйелдер педагогикалық университетінде істейтін профессор Тынысбек Қоңыратбаев «Ол ұялмаса, мен ұяламын» деп «жиеннің» аты-жөнін көрсетпеді (тектілік).

Ақын Байбота Серікбаев өз дүниелерін өз атынан жариялаған – бірге жүріп, бірге тұратын – «жиенін» белгілі бір газеттің бір бетінде әшкереледі. Нәтиже ме? Ешқандай!

Шымкент облыстық партия комитетінде ұзақ жыл жауапты қызмет атқарған атақты Нартай ақынның немере інісі Мұхамеджан Рүстемов марқұм көзі тірісінде өнер саласы бойынша көптеген кітап жазып, әндер шығарған еді. Сөзін Сәнімгүл Желдербаева жазған «Қимаймын» атты әнін тұңғыш рет теледидар мен радиодан Халық артисі, белгілі әнші Нұрғали Нүсіпжанов орындап, кең тараған-ды. Әне, сол әнді соңғы екі-үш жыл төңірегінде есімі белгісіздеу бір әнші «мен шығардым» деп, теледидардан шырқады. «Бұл қалай?» деген ешкім жоқ. Қазір әр ұрлайтын жиендерге тұқ істей алмай, пұшайман боп жүретін (нағашы) композиторларда есеп жоқ. Біз тек бірді-екілі фактілерді келтірдік. «Жиендер-ау, бұл қалай?» деуден әріге барар шама жоқ бізде де. Иә, жиен, саған айтамын!.. Нағашы, сен тыңда! Тыңдағанда енді былай ғой...

Мұны да қысқа қайырып, тоқ етерін айтар болсақ, сонау жылы – мен «Парасат» журналынан зейнетке шыққан соң, сонда бөлім меңгерушісі боп жүргенімде – жұмыс бөлмеме бір азамат келіп, өзін пәлен деген жазушымын, түген деген жазушы менің романымнан ұрлап, кітап шығарды деп шағымданды. «Әдейілеп сізге келдім» деген соң, жазғандарын қарап шықтым да, аса құптамасам да, жобаға келетіндей көрінгендіктен – тез жарыққа шықты. Өзімізше бір игі іс тындырдық деп жүргенде, ойламаған жерден әлгі нағашының «жиені мен едім» деп екінші бір қасқа келді. Ол да тура маған. Ешкімнен ештеңе ұрламағанына айғақ-дәлеллер келтіріп айтқан соң: «Ендеше, осыларыңызды қағазға түсіріп, жазып әкеліңіз, онан соң көрейік, бөлкім, журналға басармыз» дедім. Ол солай етті. Жазбасы «қарсы мақала» деген айдармен жарияланды. Оны да айта кетейік, мұндай нәрсе «Парасат» журналының тарихында бұрын-соңды болмаған жай еді. Сондықтан ба журнал басшысы маған бір айлық жалақы көлемінде сыйақы беріп, алғыс айтты. Алайда...

Нағашы-жиен екеуінің қандай мәмілеге келіп, айтыстарының соңы немен тынғанын өздері білмесе, біз білген жоқпыз. Нағашы-жиен. Екеуі де қытайдан келген қандастар, онда да, мұнда да кітаптар шығарып, қаламы төселген жазармандар екен. Аты-жөндері: «нағашы» – Тұрсынәлі Рыскелдиев, «жиен» – Жақсылық Сәмитов. Содан бері сирек көретін Тұрсынәлімен кездейсоқ жолыққанда сәлемдесетінім болмаса, іштарта әңгімелесіп, сөйлескен жағдайымыз болған емес. Ал, мейліңше қарапайым, кісілікті, иманжүзді Жақсылықпен жиын-той, қонақта ұшырасып, дәм-тұздас болып жүрдік. Ол да ертеректе қытай жақтан атамекенге оралған марқұм Қиялбек Шайкиннің үйіндегі басқосуда, тағы басқа жерлерде дегендей. Өмір-ғұмыры «Мәдениет және тұрмыс» журналында істеп, сол жерден зейнетке шыққан үлкен тұлға, айтулы азамат, марқұм Жағда Бабалықтың Жақсылық Сәмитовке деген ілтипатты жылы лебіз, ынта-ықыласы есте. Жақсылық нағашы-жиен мәселесін қозғамаса да, маған деген жылы ықыласы бет әлпеті мен сөздерінен аңғарылмай тұрмайтын. Бақиға озғаныма біраз жыл болды. Рухы шат болсын.

Ал өзі зерделеп, зерттеп жазған жиені жайлы мақаласын журналға басқаннан бөлек жазығым жоқ Тұрсынәлі бауырымның маған өкпе-назы болмаса керек, айттым ғой, сирек кездесеміз (деп). Әйтсе де, осы күндерде оның марқұм Жақсылықтан басқа да жиендері барынан хабардар екенім рас. Қайсыбір жылы көрнекті жазушы Сәбит Досановтан «жиен жасамақ» болған жазбасын оқып, келтіріген дәлел-айғақтарының ала-құла, көңілге қона бермейтінін аңғарсам да, қатысым қанша деумен шектелген жайым болатын. Әрі, жұрт неге Сәбит Досановты қырына алуды қоймайды, ол соншама кімнің егініне түсіп, арпасын орды екен деп те ойлағаным растын. Бұған дейін Сәбиттің көзіне түсті ме, түспеді ме, біле ме, білмей ме, қайдам, бірақ, өз басым о бастан сол және тектен-тек сөзге ұрынып жүретін сол тектес – түк жазығы жоқ – қаламгерлерге сырттай араша түсіп, арағідік жазып та жүретінімді білетіндер болса керек (деп ойлаймын). Бір емес, бірнеше рет сөз арасында: «Ау, Досановқа пәлен атақ, түген атақ, Шолохов сыйлығына ұсынған да, берген де сен емессің ғой, неге қарадай тиісіп ұрынасың, әлде, бұл әлгі бір шамалы уақыт есекке мінгеніне есіріп, тұла бойы күншілдік, қызғаныш, өсекпен қақталған екіжүзді, парақор, пайдақұнем жамантайский көжекке еліктеу ме?» дейтінмін.

Сөйтіп, айтарыңды ашық түрде дәлелмен айтсаң болмас па деуге тәуекел еткенім жадымда. Сол райдан қайтты деме. Әлі солай. Тұрсынәлінің Сәбиттен жиен жасау қамқарекетінен не өнді, не өнбеді, білмеймін. Бірақ білетіндерім де жоқ емес, мәселен... тәяуда... осы биыл...

Сол менің алғашқы нағашы – авторым Тұрсынәлі, Тұрсекең тағы бір кезекті жиен тауып, бас-көзге қарамай, сыпырта жазғырыпты. Келтіретін қамды-қатала айғақ-дәлел бойынша, жазушы Бексұлтан Нұржекеев «Әй, дүние-ай» романын Тұрсынәлідің ұрлап жазған-мыс. Жазғанда күндіз-түні етпетінен жатып алып, ерінбей-жалықпай, бал жинаған арадай нәр жинаптымыс. О-ho!. Пах! Осымен доғарамыз...

Себебі Тұрсекең нағашының назы жарыққа шығар-шықпаста жиені Бексұлтан Нұржекеев сыбағасын сілейтін бере сапты. Және сол Бексұлтанның айтуынша, Тұрсекең өз ұлының жазушы досынан да жиен жасап жіберіпті. Кезекті жиен, әрине. Тұрсынәлінің Бексұлтанға деген өкпе-назын оқыған бойда менің де көкейіме бір ой келген еді. Бексұлтан алдымды орап, оны да менен бұрын бук түсіріпті. Қалай десеңіз, Құдай сақтасын, былай: «Тұрсеке, келесі жиен кім болар екен? Жазушы атаулының бәрі сенен ұрлап жазатын болған ба, немене? Ендеше, алға! Аянба! Нұрпейісов, Жұмаділов, Байғұтовты да ұмытпа! Бәлкім, қармағыңа бірдене-шірдене ілігер. Ура..а..а?»!

Дәл осы тіркеске менің де қатысым бар деп білгейсін!..

Құрметпен, алғаш сөзінді сөйлеген танысын:
Зәкір АСАБАЕВ

ТҰЯҚ

Мұхамеджан Тынышбаев!.. Осы бір есімді естігенде көз алдыма Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев келеді. «Неге?..» дейсіздер ғой. Айтайын. 1991 жылдың желтоқсан айындағы жүздесуде мен ол кісіге: «Жастық шағыңызда кімге еліктедіңіз? Қандай мамандықты меңгеруді мұрат тұттым деп ойлайсыз?» деген сұрақ қойғаным бар. Сонда ақсақал бұл сауалға: «Оң мен солымды танығанымнан бастап бір ғана арманның жетегінде болғаным анық. Ол кен инженері болсам деген ой еді. Бұған себеп болған нәрсе, меніңше, мынадай екі жайттен бастау алған сияқты. Оның біріншісі, жеріміздегі кен ісімен шұғылдану сол кездегі біздің ұлт өкілдері үшін өте сирек мамандыққа қол созу болып саналса, екіншісі, тұңғыш қазақ инженері Мұхамеджан Тынышбаевтың мен үшін орны бөлек жан екендігі еді. «Осы кісідей болсам, осындай ағаның жолымен жүрсем» деген балаң қиял ақыры мені болашақта бір ғана мамандық – инженерлік кәсіпті таңдауыма белімді бекем бұғызды. Жүрек қалауыма өкінбеймін. Өйткені өткен өмір жолым бұл таңдаудың дұрыс екендігін толық көрсетіп берді» деп жауап берген еді.

Иә, Ресей патшалығы кезінің өзінде Жетісудағы Верный гимназиясын алтын медальмен бітіріп, Петербургтегі I Александр атындағы теміржол институтына оқуға түскен, II Думаға депутат болып сайланып, Орта Азиядағы Әмудария теміржол көпірі құрылысының бас инженері қызметін атқарған Мұхамеджан Тынышбаевтың өмір жолы XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы Димекең секілді қазақ жастарына үлкен үлгі-өнеге болғаны анық. Осы бір күрмеуі көп күрделі тағдыр иесінің одан кейін Алашорда үкіметі көсемдерінің біріне айналып, Түркістандағы Қоқан автономиясының Премьер-Министрі атанғаны, уақыт өте келе Түрксіб теміржолының бас инженері қызметін атқарып, 1937 жылғы репрессия құрбаны болғаны сол кездегі санасында саңлауы бар көптеген жас буын өкілдеріне ой салғаны тағы шындық.

Мұхамеджан Тынышбаев өз заманында, сондай-ақ «Қазақ халқының тарихы» атты кітап жазып, энциклопедиялық білімі бар әрудит атанған жан. Оны кезінде атақты генетик және селекционер Н.Вавиловтың Орта Азия мен Қазақстанға жоспарланған болашақ экспедициясына кеңесші болуға шақырғаны да көп жәйтті аңғартқандай. Шындығын айтсақ, осындай көрнекті тұлғаның республикамыздан тыс жерде ұрпағы бар, ол әлі тірі, сау-сәлемет жүріп жатыр деп тіпті ойламаған едік. Бұл туралы 1997 жылдың күзінде тарихшы Әбу Төкенов «Түркістан» апталығына мақала жазып, Мұхамеджан Тынышбаевтың Уфа қаласында Дәулет Шейх-Әли есімді ұлының тұратындығын елге тұңғыш рет жария етті. 2000 жылы қантарда, міне, сол кісі Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының қызметкері Сұлтанәлі Балғабаев пен Мұхамеджан Тынышбаевтың қарындасының Алматыда тұратын қызы Нұршакен Жүнісованың бастауымен Астанаға келді. Техника ғылымының докторы, Башқұртстан Республикасына еңбегі сіңген қайраткер Дәулет ағамен біз, міне, оның осы сапарында жолығып, әңгімелескен едік.

– Бұған дейін біз Мұхамеджан Тынышбаевтың бір ғана ұлы бар деп келдік. Ол қазақтың тұңғыш кинооператоры Ескендір аға болатын. Ал сіз...

– Иә, бәрі де дұрыс. Ескендір әкеміздің алғашқы әйелі Гүлбаһрамнан туған. Мамандығы дәрігер ол кісі 1922-1923 жылдардағы қазақ ауылдарын қынадай қырған обаға қарсы санитарлық қосында жүріп көз жұмған. Осыдан кейін әкей жеті жылға жуық үйленбей жүреді де, 1930 жылы менің анам Әмина Ибрагимқызы Шейх-Әлимен көңіл жарастырады.

– Ол кісі кім?

– Шешем – құмық қызы. Оның отбасы Дағыстан өңіріне белгілі, Ресей патшалығына еңбегі сіңген генерал Шейх-Әли әулетінен. Әкемнің нағашыларымнан таныстығы тым ертеде, атап айтқанда, оның 1904-1905 жылдары Петербургте оқып жүрген кезінде-ақ басталса керек. Олай дейтінім, шешемнің немере ағасы Дауд та сол уақытта аталмыш қалада білім алып, Ресей астанасындағы мұсылман жастарын Нева жағалауында тұратын атасы, отставкадағы генерал Шейх-Әлидің үйіне қонаққа шақырып тұрған. Олардың арасында Мұхамеджан Тынышбаевтың да болғандығы сөзсіз. Міне, сол Дауд Бүкілодақтық Ауылшаруашылығы академиясының жолдамасымен 1930 жылы Алматыға келеді. Келеді де ескі досы Мұхамеджан Тынышбаевты іздейді. Әкей ол кезде Түрксіб теміржолының бастығы екен. Бір-бірімен шұрқырасып табысқан олардың таныстығының соны Даутбың үйіндегі бойжеткен, яғни оның қарындасы – Әминаның Мұхамеджан Тынышбаевка тұрмыска шығуымен аяқталады.

– Сіз қашан, қай жерде өмірге келдіңіз? Мұхамеджан ағаның кіндігінен өзіңізден басқа ұрпақ бар ма?

– Жоқ. Мен ол кісінің екінші әйелінен жалғызбын. Дүниеге шыр етіп келгенімде әкемді НКВД қызметкерлері тергеуге алып кетіпті. Сондықтан жанадан босанған анамды перзентханадан ағасы Дауд пен нағашы әжем Мағипарвз шығарып алыпты. Туу туралы куәлігімді толтырарда түрмеде жатқан әкем шешеме: «Атын Дәулет деп қойындар. Бірақ фамилиясын Шейх-Әли деп жазыңдар» деген хабар жіберіпті. Анам менің құжаттарымды міне, әкемнің сол ақылы бойынша толтыртқан. Шындық осы. Ол кісі фамилиямды неге бұлай деп жазғызды, оған әлі күнге дейін таңмын. Уақыттың сол кездегі беталысынан сескенді ме, жоқ әлде алдағы заманның алақұйын мінезінен іш жиды ма? Білмеймін... Жә, сонымен... құжаттағы анықтаманы айтайын. Туған жерім – Алматы. Өмірге келген кезім – 1931 жыл. Ұлтым – қазақ. Тегім – Мұхамеджанұлы. Ал фамилиям – Шейх-Әли.

Анамның айтуынша, әкем 1931 жылдың көктемінде түрмеден шығады. Жылға жуық уақыт тыныш өмір сүреді. Бірақ 1932 жылы қайтадан қамауға алынып, Воронежге жер аударылады. Кетерінде бір жасқа жаңа толған маған өзінің теміржолшы формасын киіп түскен суретін қалдырған. Сыртына: «Сүйікті ұлым Дәулетке. Папасынан. 1932 жыл. Сәуір» деп жазылған бұл фото әлі күнге дейін менде бар. Ол оның 1913 жылы 34 жасқа келгендегі бейнесі екен. Осы бір жәдігерді мен ғұмыр бойы көзімнің қарашығындай сақтап келдім, амандық болса әлі де сақтай беремін.

– Содан қайтып әкеңізді көрген жоқсыз ба?

– Көрдім. Неге көрмейін?! 1937 жылы ол кісі Ресейдің қаратопырақсыз аймағындағы айдаудан босап, Уфа қаласына келді. Жаз айларының бірі болатын. Қоңышы тізесінен асатын қызылкүрең былғарыдан тігілген етігі бар екені, аулада состиып тұрған менің бетімнен сүйіп шүкіршілік еткені, қайын жұртының қолындағы біздің жағдайымыздың жаман емес екенін көріп шешемнің туысы Шахбазға рақмет айтқаны, бәрі-бәрі көз алдымда. Содан, күзге дейін ол кісі бізбен бірге болып, сандығындағы әлдебір қолжазбаларды ретке келтіруден, жұмыс сұрап Қазақстанға қайта-қайта хат жазудан қолы бір босамады. Ақыры шақыру қағазы келіп, жол жүріп кетті. Анамның айтуынша, әкей сол кезде салынып жатқан Гурьев-Қандыағаш теміржолы құрылысына бастық болыпты. Алдымен өзі барып орналасып, кейін бізді көшіріп алмақшы екен. Бірақ соңыра анықталғанындай, оны 1937 жылы қарашада жұмыс істеп жүрген жерінен ұстап әкетіп, 1938 жылы Ташкент түрмесінде «халық жауы» ретінде атылады.



Жанболат АУПБАЕВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

– Бұл оқиғадан кейін Уфадағы анаңыз екеуініздің жағдайыңыз қалай болды? Өзіңіз қайтып өсіп, ержеттіңіз?

– Әкемнен кейін іле-шала бізді бағып-қағып отырған шешемнің туысы, мал дәрігері Шахбаз Еникеев те ұсталды. Оның әйелі Уфадағы медицина институтын «өте жақсы» деген бағаға бітірген қабілетті адам еді. Оны «халық жауы» отбасының мүшесі ретінде жұмыс орнынан аластап, меңіреу түкпірдегі башқұрт деревнясына жер аударып жіберді. Сөйтіп, біз анам екеуміз олардың үйінде қорғансыз жандар ретінде жаутаңдап қала бердік. Қай күні ұстап алып кетер екен деген қорқынышпен күн кештік. Ашығып, тонған кездерді де бастан өткердік. Өстіп жүргенде 1940 жылы Шахбаз ақталып, Уфаға қайта оралды. Содан бастап жағдайымызептеп жақсарып, ес жия бастағандай болдық.

Ұлы Отан соғысы басталғанда мектеп оқушысы болатынмын. Сабақтан бос уақытымды авиамоделистер мен радиотехниктер үйірмесіне арнаушы едім. Осы қос салаға қызығқаным сонша, жоғары сыныптарға келгенде планерлердің қалалық, Бүкілодақтық жарыстарында жеңімпаз атанған да кездерім бар. Одан соң институтқа оқуға түсу... Жұмысқа орналасу... Жұмыс демекші, менің еңбек кітапшамда: «Уфадағы мұнай ғылымизерттеу институтына ассистент болып қызметке қабылданды. Осы жерден басқарма бастығы жұмысын атқарып жүріп, құрметті еңбек демалысына шықты» деген мазмұндағы екі ғана белгі бар. Иә, ол солай. Мен сонда еңбек жолымды бастадым. Сонда кандидаттық, докторлық диссертациямды қорғадым. Сөйтіп, бір мекемеде 43 жыл табан аудармай қызмет істеп, 1997 жылы ғана зейнеткерлікке шықтым.

– Айтыңызшы, әкеңіз Мұхамеджан Тынышбаевтың үлкен тұлға, ірі тарихшы ғалым екенін сіз қашан, қай кезден бастап білдім деп ойлайсыз?

– 1954 жылы мен институт бітірдім. Сол жылы баяғы Дауд бар емес пе, міне, сол нағашым Қазақстаннан Дағыстанға оралып, одан Уфаға келді. Жиырма жылдан астам уақыт бойы Алматының іргесіндегі өсімдіктерді қорғау станциясында жұмыс істеп, күріш сорттарын Қазақстанға жерсіндіруді өте сәтті аяқтаған селекционер карт: «Әлмей тұрғанда саған айтып кететін аманатым бар. Ол әкеңнің кім болғандығын білсе деген арманым. Оны мынадан табасың» деп қолыма үлкен түйіншекті ұстатты. Ашып қарасам, ондағы бір дәптер Дауд нағашымның Мұхамеджан Тынышбаевтың кім болғандығы жөнінде жазған естелігі екен де, қалғандары әкемнің ертеректе Ташкентте шыққан 3-4 кітабы болып шықты. «Оқы» деді маған қадала қараған карт. «Жатпай-тұрмай оқы. Маған бұларды сақтау оңай болған жоқ».

Мен оқыдым. Оқыдым да таңғалдым. Көз алдымнан анам айта беретін Түрксібтің бас инженері Тынышбаев қана емес, қайраткер, оқымысты, зиялы Тынышбаевтың ғажап құбылыска толы әлемі ашылғандай болды. Содан, арада алты айдай уақыт өткен соң Дауд нағашымның мені тағы ізден келгені есімде. Әңгіменің не туралы болатынын түсіне қойған мен ол кісіге: «Оқыдым ата! Бәрін де оқыдым. Сізге көп рақмет!» дедім шын жүректен. «А-а, онда болды балам. Жарайды. Енді, менің арманым жоқ» деді карт көзі жасауран. Кейін ойлап қарасам, өмірде көп жұмесін сезген сияқты, жарықтық. Сол үшін де қайта-қайта келгіштеді ме, білмеймін, 1955 жылы қайтыс болды.

– Жоғарыда сіз үйіңізде әкеңіздің бір жастағы өзіңізге жазып берген суреті мен Дауд нағашыңыздың Алматыдан әкеп тапсырған кітаптары бар екенін айттыңыз. Бұдан басқа қолыңызда анаңыздың Мұхамеджан Тынышбаевтың мұраларынан аманаттап тапсырып кеткен ештеңе жоқ па?

– Бар. Олар қолжазба, құжаттар емес, әкем тұтынған заттар. Сонын біреуі деп, мәселен, латунь металынан жасалған ескі транспортир сызғышты айтар едім. Онымен әкемнің кезінде Орта Азиядағы Урсатьевск-Әндіжан немесе атақты Түркістан-Сібір теміржолы құрылысының чертеждерін сызғанына менің еш күмәнім жоқ. Одан кейінгі біздің үйде сақталып қалған екінші бір зат – Мұхамеджан Тынышбаевтың піл сүйегінен жасалып, сыртын күміспен өрнектеген указка-таяқшасы. Мұнымен ол кісі талай реткі жоғары дәрежелі баскосуларда Түрксіб жөніндегі жоба-жоспарын қарсыластарына қадай көрсетіп дәлелдеп шыққаны анық. Қызық үшін айта кетейін, осы таяқшаны мен өмірімде бір мәрте пайдаланғаным бар. Ол оны өзімнің докторлық диссертациямды қорғағанда алып барып, жұмысымды ғылыми кеңесте сонымен нұсқап көрсетуім еді. Сонда жұрт көбіне менің сөзіме емес, таяқшама таңырқаумен болды. Әкемнен қалған үшінші бір зат – сыртына күміс жалатылған темір шайнек. Содан соң,.. иә, содан соң ол кісінің анам екеуі үйленгендегі алтын сақинасы мен анықтама қағаз. 1930 жылдың 5 мамырында №Т-17 деп белгіленген ол құжатта: «Бұл куәлік Әмина Ибрагимқызы Шейх-Әлиге оның Түрксіб теміржолы құрылысының бастығы Мұхамеджан Тынышбаевтың зайыбы екендігін растау үшін берілді» деген жазу бар. Біздің үйдегі әкемнен қалған заттар, міне, осылар. Бұларды анам, одан кейін мен қандай қиын жағдайларды бастан кешіргенімізге қарамай жоғалтпадық. Ешкімге бермедік. Сөйтіп, өмір бойы көздің қарашығындай сақтаумен болдық.

– Біздегі өнер қайраткері Ескендір Тынышбаев сіздің әкеңіздің үлкен ұлы еді. Қазақтың тұңғыш кинооператорларының бірі ол кісі 85-ке келіп барып, 1995 жылы дүниеден озды. Кезінде сіз, міне, осы адамның туысқаны екеніңізді білдіңіз бе? Көзі тірісінде Ескендір ағамен кездесіп, әңгімелестіңіз бе?

– 1964 жылы ақпанда Башқұртстанда қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі өтіп жатты. Жұмыстан кештетіп келіп үйге кірсем, анам теледидар көріп отыр екен. Бір мезетте ол кісінің мені шақырған даусын естідім. Жаныма келгенімде: «Анау сенің ағаң. Ертең қонақүйге барып амандасып, үйге ертіп әкел» деді экрандағы сұхбат беріп тұрған мұртты қазақты көрсетіп. Ескендір ағаны мен, міне, осылай көріп, осылай танысқан едім. Ол кісі сол сапарында Уфадағы біздің үйде болған. Аналмен көп әңгімелескен. Онкүндік аяқталғанша бірге жүрдік. Суретке де түстік. Кейін хат жазысып, хабарласып тұрдық. Бірақ қайта көрісуге тағдыр жазбады. Алматыға келгенімде Ескендір ағаның Кенсайдағы зиратына барып тағзым еттім. Қызы Маринамен әңгімелесіп, оның үйіндегі отағасы, әнші Әлібек Дінішевпен таныстым.



Тынышбаевтар әулетінің бүгінгі ұрпақтары

...Әңгіме иесінің бұдан кейінгі сөздерінен біз мынаны білдік. Дәулет Мұхамеджанұлы Шейх-Әлидің Алматыға 1932 жылдан кейін екінші рет, ал Астанаға тұңғыш келуі екен. «Зайыбым зейнеткер, ұлым Аскар авиация институтын бітірген жоғары білімді маман» деді. Сөз арасында баласының ұлым кандидаты екенін де аңғарып қалдық. Мұнда келген мақсаты – теміржол академиясына, Алматы мен Астана көшелеріне әкесінің есімі берілуі тиіс бастамалар не күйде, соны біліп, құзырлы орындарға қозғау салу болып шықты. Сондай-ақ бұл кісіні азаматтық алу мәселесі де толғандыратын сияқты. Осындай ойлармен Дәулет Мұхамеджанұлы Президент Әкімшілігі аппаратындағы тиісті бөлімдердің, салалық министрліктердің басшыларымен әңгімелесіп, оларға өзінің өтініш-хаттарын қалдырды.

P.S.

Дәулет Шейх-Әлидің Астанаға 1999 жылы келген сапарынан кейін сол кездегі Мемлекеттік хатшы Әбекең, Әбіш Кекілбаев асылдың туғанының билік орындарына айтқан өтінішін бақылауды өз мойнына алды. Соның нәтижесінде Білім және ғылым министрі болып тұрған Қырымбек Көшербаев екі бірдей игілікті істі жүзеге асырды. Ол Алматыдағы бұрынғы теміржол институтының (қазір – академия. Ред.) Мұхамеджан Тынышбаевтың есімімен аталуы да, екіншісі, бір томдық таңдамалы жинағын шығаруы еді. Ал «Қазақстан темір жолы» акционерлік қоғамының сол кездегі басшысы Абылай Мырзахметов осы құрылым атынан Алаш арысына ескерткіш орнатқызды. Дәулет Шейх-Әли қазір Алматыда тұрады. Ұлы, Мұхамеджан Тынышбаевтың немересі Асқар Қазақ-Британ университетінің оқытушысы.

БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА

Мейірім мен жанашырлық – ізгілік жолы

Әлия Абсеметова әлемдегі біртуар әйелдерге ғана берілетін қоғамдық марапатқа ие болды. Көпбалалы ана мұндай марапатқа аналық кең жүрегі үшін лайық деп танылған. «Деде Горгуд» Ұлттық қоры мен «Азербайжан дүниясы» журналы тағайындаған «Mehriban Ana» (мейірбан ана) халықаралық орденін табыстау рәсімі Жамбыл аудандық әкімдігінің ғимаратында өтті.

Шара барысында аталған қор президенті, «Әзербайжан дүниесі» халықаралық журналының бас редакторы Эльдар Исмаилов пен қоғам қайраткері, Әлем халықтары жазушылар одағының мүшесі, «Түркі әлемі» қорының мүшесі Насиха Кенжина Бағдат Әлиевке құрмет дипломын табыстады. Сонымен бірге Әлия Абсеметованы «Mehriban ana» құрмет орденімен марапаттады.

Құрметті қонақтарды қарсы алған аудан әкімі Бағдат Әлиев екі ел арасындағы туыстық, достық қарым-қатынастың маңыздылығын атап өтіп, ерекше ілтипат танытты.

– Құрметті Эльдар Исмаилұлы, біздің өңірге қош келдіңіз. Әзербайжан мен Қазақстан халықтарының арасындағы қарым-қатынастың тамыры тереннен бастау алады. Әзербайжан біз үшін бауырлас ел, достығымыз жарасқан мемлекет. Сондай-ақ Кавказ өңіріндегі басты серіктестеріміздің бірі. Екі ел арасында ежелден достық қарым-қатынас қалыптасып, қазірде ол достығымызы беки түскен. Арамызда ешқандай уақытта саяси кикілжің туындаған емес. Ал Түрік әлеміндегі мұндай аса мәртебелі марапатқа біздің ауданның тұрғыны ие болғаны біз үшін нұр үстіне нұр. Бұл біз үшін аса қуанышты жайт екенін атап айтқым келеді. Әлия Абсеметова жұбайы екеуі жеті баланы балалар үйінен өз қарамағына алып, қамқорлық танытып отырған ана. Бүгінде тоғыз баланың анасы. Өзінің жанашырлығының, белсенділігінің, еңбекқорлығының арқасында қоғамдық жұмыстардан да қалыс қалмай, түрлі әлеуметтік-қоғамдық іс-шаралардың белсенді қатысушысы. Қазақстан журналистер одағының мүшесі, Қазақстан халықтары ассамблеясының XXVII съезінің делегаты, облыстық Ассамблея жанындағы аналар кеңесінің мүшесі, – деді аудан әкімі.

Ал Эльдар Исмаилов болса, өздерін құшақ жая қарсы алған аудан әкіміне алғыс айтып, екі ел арасындағы қарым-қатынастың тарихына тоқтала кетті. «Гейдар Алиевтің басшылығымен Әзербайжан қарқынды түрде дами түсті. Ал Қазақстан болса, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасында дамудың жаңа деңгейіне көтерілді. Кезінде ТМД елдері Гейдар Алиевті өте дана әрі көреген басшы, ақсақал ретінде құрметтеп, оның пікіріне құлақ асатын. Қазір мұндай құрметке Нұрсұлтан Назарбаев ие болып отыр. Түрік әлемі болсын, бүкіл әлем елдері болсын Назарбаевты өмірлік, саяси тәжірибесі мол, өз халқы мен елінің жағдайын жақсартып, бейбіт өмір сыйлаған тұлға ретінде сыйлап, сөзіне мән береді. Бұл өңірді басшылықтың табысты жұмысы мен аудан тұрғындарының бірлігінің арқасында көркейіп отырған аудан ретінде жақсы біледі. Біз түбіміз бір түркілердің ұрпағымыз. Ал қазір бізді достық пен ынтымақтастық байланыстырып отыр. Әзербайжан халқының басына бұлт үйіріліп, қасірет шеккенде, қуғын-сүргін кезінде қазақ халқы бізге демеу болып, үлкен қолдау білдірді. Әлия Абсеметова секілді аналардың арқасында тағдыр тауқыметін тартқан қаншама бала отбасылы болды. Осыған орай, біз Әлия Абсеметоваға батылдығы үшін, балалар тағдырына бейжай қарамай, жауапкершілікті өз мойнына алғаны және кең жүрегі үшін орден табыстауды жөн көрдік. Арнайы Жамбыл ауданына келіп, Бағдат Байшалұлы мен Әлия Маратқызын марапаттап, марапаттау рәсімін өткізуді шештік, – деп сөзін түйіндеді Эльдар Исмаилов.

Ж. КАДЕН

Алматы облысы

Түрмеде бәрі тең. Моншада да солай. Жалаңаш тұрып ештеңені жасыра алмайсың. Он екі мүше – ашық тәнің алдында қызыл тілдің бірдеңені бүгіп қалуы мүмкін емес. Бұл жердің салты солай – тәндік пен ағыл-тегіл ашық көңілге көлбеу жатқан шекара жоқ.
Тәуелсіз әңгімемің бәрі моншада айтылады. КСК ыстық су бермегелі үшінші апта – соңғы күндері осында үш рет келдім. Орта деңгейдегі зиялылардың бас қосқан жерінде қолына қалам ұстағандар мен «еңбек сіңіре алмай» жүрген әртіс-актерлер, теледидардың «Мың бір мақалында» жылт етіп көрініп қалатын ауылдың иісін аңсағандар, «Қарекетте» түсін суытып сөз алған заңгерлер, әйтеуір, қанында ұлтқа деген жанашырлық сезімі барлар терлеп–тепшіп отырып тақырып таңдамай ой толғайды. Бір тәнті болатының – көгілдір экрандағыдай көлгірсу жоқ, жейде кимегендер не айтса да ағынан жарылып, көңіл қақпасын айқара ашып тастайды. Бір мезет бет-аузы жып-жылмағай, таяқ сүйенген бір кісі тәй-тәй басқан сәбидей тәлтіректей басып, киім шешінер жерге кіріп келді. Мойнында галстук. Моншада галстук таққан да жалғыз өзі. Жас шамасы жетінші ондықтың үстінде ме деп ойладым. Ең әуелі, түйіні тобықтай қара галстугін қолы қалтырап әрең шешті. Ілкі сәтте ішке кіріп, шойқаңдап қайта шықты.

– Сабынымды ұмытып кетіппін, – деп жәшігін аштырып еді, іздегені табылмады. Сөйтсе, бөгде жәшікті меңзепті. Кәрілік әбден белден басқаны көрініпақ тұр. Қас қылғанда, жәшіктің иесі – көккөз жігіт шығып қап, шаңқ-шаңқ етіп шалды ұрыға теңеді.

– Үйінде отырмайсың ба!? – деді ең сонынан.

– Әй, мен сексеннің тоғызындамын. Сен мені ұры деп соттата алмайсың. Мен сені соттатамын, – деп шал да күш көрсетті. Біз басу айттық. Көккөзге «Үлкенге олай сөйлеме» деп ақыл үйреттік. Сосын ақсақалдан:

– Неге тоқсанға келгенше сақалмұртсыз жүрсіз? – деп сұрадық.

–«Мұсылманның көркі – сақалмұрт». Біз – коммунистік партияның солдатымыз. Партия сақал-мұрт көюға қырын қарайтын.

– Көсемдердің бәрі қойды ғой. Лениннен бастап...

– Олар... партияның қаймағы еді. Біздің тұсымызда сауын сиырдай суалды ғой. Суалды емес, сұйылды дер едім. Сұйылып-сұйылып, ақыры, құлады. Партияның жолы дұрыс жол еді, оны жеке басқа пайдаланып кетті. Халық үшін пайдаланғанда өмір сүре берер еді. Мен қандай көсе болсам, қолым да сондай таза. Мойнымнан галстугім түскен жоқ.

Бізбен бақұдасып жатқан әкемнің «Аузымнан Құраным түскен жоқ» деген ақыретке аттанар алдындағы өз-өзіне риза ұяң құлағыма қайта естілгендей болды.

– Осы жерге галстукпен келген сіз ғана, – деп, біреу сөзін бөліп жіберді.

– Сөз тыңдап үйрен, ойымды аяқтайын... Менің балам бір үлкен көсіпорынның басшысы еді, сонда қазақтар көп жұмыс істеп кетіп, нағыздың бәрін солар тағып кетіп... Сол үшін 86-ның желтоқсанын кейін оны партиядан шығарды. «Оған партия қатарында орын жоқ» деп «Социалистік Қазақстан» бірінші бетіне ҚазТАГ хабарын жариялады. Заман өзгерді, балам сол көсіпорынға басшы боп қайта келді. Казір оның өмірінен Елбасы да санасады. Асыра сілтеуіміз аз емес. Оған өзімізі, мына отырған өздерің кінәлісіндер, – деп бір қойды да, моншашы әйелге тарпа бас салды.

– Неге еден таза емес, неге отырғыш сүртілмеген?! Бұл сіздің тікелей міндетіңіз.

– Менің міндетім – болғыт тексеру.

– Бұл да Сіздің міндетіңіз. Шақырыңыз менгерушіні. Тазалық социализмнен бірге кетті. Менің өмірім моншамен тығыз байланысты. Монша – монша сияқты болу керек. Мәселен, Қонаев «Арасанды» соқтырғаны үшін Мәскеудің өзін алды. Ол «Арасанды» өзімен бірге алып кеткен жоқ, игілігін тірілер көріп жатыр. Қазақ баласы Республика Сарайы мен «Арасан» үшін сол кісіге рақмет айта жүрсін, – деп үндемей қалды да, «Өзі сонда бір рет шомылды ма екен?..» деп орнынан тұруға ыңғайланды.

– Әлгіндегі әңгімеңіз аяқталмай қалды ғой, – деп қасына жақындады. – Нағыздағы қазақ алмай, кім алуы керек сонда?

– Қазақ көп алып кетті деп жүрген де ұлты қазақ, өзімізі өсірген шәкіртеріміз. Біз оларды «осылай айт» деп тәрбиелеген жоқпыз. Жұыну – күн тәртібіндегі бірінші міндетім, дискуссия үзілісте болсын, – деп таяғына сүйеніп ішке енді.

Зиялы жастар арқасын езіп, қартқа демеу көрсетті.

– Менің күнім – сейсенбі, сағат он бір, – деді кетіп бара жатып...

Үй басқармалары жойылып, орнына КСК келгелі «қоғамдық ұйымсыз» деп халыққа ойына келгенін жасауда. Пәтерақы талап етуді білгенмен суды уақытылы жібермейді. Әсіресе, ыстық судың мылт-сылты көп. Қоғамдық ұйымға сот жоқ деп, қолынан келгенінің бәрін істеп, қонышынан басуда. «Қазақфильм» шағынауданында ыстық су тартылғалы төртінші аптаға аяқ басты.

Тағы да моншадамыз. Бұл жолы атай таяқты тастап, бір балдақпен келіпті. Сол мұнтаздай таза кейпі, қара галстугі ақ көйлектің мойнын дар жібіндей қылқындырып, бір ұсыс боп түйілін тұр. Жадырай қарсы алып, бұға бір кіріп шыққаннан кейін ескі көзтаныстар шалды қаумалап алдық.

– Осы «Алматы ақшамы» газетінен бұрынырақ «Киевке Абай керек пе?» дегенді оқыдым. Абай – біздің Абай, Шевченко – хохолдың Шевченкосы. Біз өз жерімізде айдауда болған украин ақынына бір емес, екі қаланың атын бердік

Қуандық ТҮМЕНБАЙ

– Шевченко деп облыс орталығын, Форт-Шевченко деп сонын қасынан қонжиттық. Ол жарықтық күнделігінде «Прощай, проклятая страна!» деп қоштасыпты. Сірә, бораны мен қуйынына шыдай алмаса керек. Жеріміз кең, көңіліміз одан да кең болғасын ба, жұртқа жалпақшешейміз. Біздің Абай сол жақта бола қалса, екі қала түгілі, бір көше берер ме еді?! Фурманов көшесін қараңыз, қатар тартылған Қонаев көшесін қараңыз. Бұрынғы Фурманов – Горный Гиганттан теміржол бекетіне дейін созылып жатыр, Қонаев болса Абайдан басталып, Академияның тұсынан шолтан ете қалады. Алматыға екеуінің қайсысының енбегі сіңді?

– Осынның бәрін жасаған өздеріңіз емес пе?! – деп, бой-бойы шығып терлеген актер жігіт санқ ете қалды.

– 1946 жылы Нюрнбергте гитлершіл фашистерді соттағанда «Біз бұйрықты орындадық» деп бәрі бірауызды жауап берді. Біз де бұйрықпен өстік. Енді сендер бұйрықсыз өмір сүретін дәуірдесіндер, бұрынғыны қайталамандар. Қайталама дегенде, мәселен, Ленин социализмді мойындамаған Плехановты іздеп барды. Сол Плеханов мырза ойлы адамдардың тек Ресейде ғана емес, күллі әлем бедерінде тоғышарлықты түпкілікті және алмайтындығына өкінеді, социализм тоғышарлықтың түпкілікті күйреуі болар деп ойлайтындар қатты қателеседі деді. Ал Герцен болса шайқас алаңында жеңіске жеткен социализм тоғышарлыққа өзі белшесінен батып тұрғанын ескертеді. Ленин Плехановтың атын өшірмей сақтап қалды.

– Мен Плеханов атындағы НАРХОЗ-ды бітірдім, – деді бір бөтелке сыраны аузынан сімірген сабаз әңгімеден қалыспайын дегендей қақалып-шашалып.

– Сөзді бөлме! Сендер де ескінің бәрі жаман дегеннен аулақ болындар. Жаманның арасынан жақсысын тандап алу керек, – деп, орнынан көтеріле берді. Сексен тоғызғаны шал қос өкпені сыққан қайнап тұрған буға сүңгіді. Жігіттермен бірдей отырды. Біз қарттың төзіміне тәнті болдық.

***

Тағы да сейсенбі. Бұл жолы ақсақал қос балдақ сүйеніп келді. Көңілінде кірбіңі бар билет тексеруші әйел күбір етті: «Үйінде отырмай ма екен?»

Шал ішке кірерде қос балдағын қатаң тапсырды, «Жоғалса сіз жауап бересіз» деді. Билет тексеруші басын алып қашты. Біз ұры-қары көп болғанмен балдақты ешкімнің ұрламайтынын айтып, ақсақалдың көңілін демдедік.

Бұл жолы шал туған жеріміз бен шыққан жүзімізді, рымызды сұрады.

– Шиеліденмін дейсің. Сол Шиеліні өзгертіп, Жақаев ауданы десе қалай болар еді. Шиелі, ұмытпасам, дөңгелек көл ғой. Ол Жакаевтан бұрын жаралған табиғат сыйы. Нарынқол мен Байынқол да Райымбек батырдан бұрын жаралған жарақанның киесі. Жер, судың бәрі кие. Жер, сумен аталған елді мекенді кісі атымен өзгертуге болмайды. Бұрын біліп тұрып білмеген болсақ, казір шындықтан сескенбейміз. Ленинград пен Сталинград қайда қалды?! «Адамға табын, Жер, енді!» десек, қазір «Адам, Жерге табын!» деп қателігімізге кешірім өтінеміз. Жер – адамның бесігі. Елді мекеннен жер, судың атын алып тастау – бесігіміздің алдын бұзу болып табылады.

– Ал кісі атындағы сыйлыққа қалай қарайсыз? – деп тықыр бас актер тағы да төте сауал қойды.

– Бір кездегі Сталиндік сыйлық Мемлекеттік сыйлық болды. Лениндік сыйлық келмеске кетті. Оған екеуінің де кінәсі жоқ. Нобель сыйлығынан бас тартқандарды біледі. Ондайлар өте сирек. «Покаяние» фильмін шығарған армян режиссері Абуладзе әуелі Лениндік сыйлықтан бас тартты. Бірақ ел-жұрты қолпаштап қоймады. Онын бас тартуы – Ленин іргесін қалаған социалистік қоғамның адамзатқа тигізген зардабын кино өнерінде алғаш әшкерелеп тұрып, сол қоғамның сыйлығын иемденгісі келмеді. Бұл да ардылық. Екінің бірінің қолынан келмейтін жігіттік.

Ақсақал бұдан бұсанып шықты. Өзі аз уақытта моншаның көркіне айналды. Сейсенбі сайын дәл бір Мәскеудің ЦДЛ-ындағыдай қаумалап, қоршап аламыз. Тек шарап ішіп, темекі шекпейміз. Обьектіміз – шалдың аузы.

– Араларында баспасөз өкілдері бар ма? – деді жәшік үстінде жатқан қос балдағына мойнын соза қарап. – Болса... анау Абай менен Гагарин көшелерінің қиылысындағы алты қабатты Баспа үйін соқтырған әлгі менің желтоқсанда партиядан шыққан балам. Сол үй кітаптың ақшасына соғылды. Қазір сол үйде баспагерлер аз, коммерсанттар көп. Бірақ бәрінен бірдей шаршы метріне алты доллардан төлемақы алатын көрінеді. Ол – қаламгер еңбегінің жемісі, яғни жазушылар өздері соққан үй. Анау құрттай құжынаған коммерсанттардан алсын, сендерден алмау керек ғой. Көк базардың түбіндегі тоғыз қабатты Баспасөз үйі де солай. Таза газет, журналдың кірісімен соғылған. Ақ шағаладай үйдің ғана емес, атамекеннің, елдің, жердің де заңды мұрагері – сендерсіндер. Заң көп, соны іске асырып, өз еңбектеріңді таланталараждан қорғауларың керек.

– Осы Түркістанға қалай қарайсыз? Оған мәртебе сұраудың өзі артық қой. Сұраусыз беру керек қой, – дедім мен де бір кілтипанның басын шығарып.

– Түркістан – астанамыз. Рухани ма, жоқ әлде басқа ма, Абылай жатқан Ақ Орда – біздің астанамыз. Жиырмасыншы жылы Тұрар Рысқұлов: «Түркітілдес тұғыл бол» деді. Ол да бәрімізді Түркістанға шақырды. Қошке Кемеңгерұлы: «Түркістанның мәдени шырайын бұзған – өзбектер» деді...

Ақсақал сөйлеп отыр. Ағыл-тегіл аққан терін жібек орамалмен жай ғана сүртіп қояды. Өзім болсам, Түркістанда өткен бір тойды көз алдыма әкелдім.

...Той домбырасы өтті. Қазақтың домбырасы көрінбеді. Тойбастар айтылмады. Қазақ әні шырқалмады. Өзбек әуеніне жұлқына билеумен той тарқады. Шәмшінің «Қайықтасы» мен «Қайдасыңын» күттік. Шәмшідей ұлының Отанында ұрпақтары бір әнін де шырқамай, тойға сағыздай созылған өзбек әуені иелік етті. Жастар қымсынбай биледі, кілең қазақ еленделп, ел әуенін іздей қоймады.

– Барлық той осылай өте ме? – деп сұрадым.

– Осылай. Біздің тойларда тек өзбек музыкасына, одан қалса «Ча-ча-ча»-ға билейді, арағідік болмаса қазақ әні шырқалмайды.

«Көрген көзде жазық жоқ», тұрғылықты халықтың тілі де өзбекше бұралып тұр. Тіл мен әуен тұғыл өзгергесін, алпыс екі тамырдың лүпілінен не пайда? Қанындағы ұлттық ерекшелігін адамнан көп нәрсе дәметуге бола ма?

Кешедегі таксишілердің де көбі – өзбектер. Өзбек күтіп тұрып, өзбектің таксиіне мінеді. Бір тиын болса да өзбек-әкәнің қалтасына түссін дейді. Қазақ өзбекпен өзбекше сөйлеседі, ал баласы қазақша сөйлей қалса, өзбек сойып салады. Қазақ жүргізген таксиге мінсе, «Неге өзбектің таксиіне мінбедің?!» деп жанын көзіне көрсетеді.

Қайран қазағыма бәрібір.

– Өзбектің тойында қазақша әуенге билей ме?

– Не айтқаныңыз?! Ондай жоқ қой...

Осындай босбелбеуліктіпен енді жетпіс жылда қай босағаға барып жығылар екенбіз? Рухани астанамыз мына тұрімен қазаққа рухани қорған бола ала ма? Қошке бабамның сөзін тірілтіп, Түркістанды тазартар жаңа сана – жас ұрпақтың өспегені ме? Халықаралық қазақ-түрік университетінің өкілдері атанып, тойда тізіліп отырған академик, профессор, ғылым докторларының жаны мынау санадағы селкеулік – қауіпті элементке дір етпегені ме?

Тойдан торығып қайттым...

Сақал-мұртсыз атай сөйлеп отыр.

– Түркістанның жағдайы солай, – деп соза қайғыды ол кісі. – «Билік тектінің қолында болса – тендікке жетерсің, тексіздің қолында болса – тентіреп кетерсің...».

– Санамызды қалай көтереміз? Түркістан идеологиясын қазаққа қарай қалай бурамыз? – деп сауалды төтесінен қойдым.

– Мысалы, – деп атай дір-дір еткен қолынан жібек орамалын түсіріп алды да, таза жағымен бетін сүртті. – Жа-

ГАЛСТУК

Моншада мен арқаларды көп ыстым,
Моншада мен сан тағдырмен тоғыстым.
Монша деген мүгедектер музейі,
Сол музейде документі соғыстың.

Қадыр

пондар велосипед мінеді. Солар темір жұрастыра алмағандықтан міне ме? Темірдің тәңірісін солардан сатып алып жүрген жоқпыз ба? Велосипедтен түтін шықпайды, денсаулыққа пәм пайдалы. Ең ғажабы, олар мінген көлігін, маркасына қарамай кез келген жерге тастап жүре береді. Бізде велосипед мінсең, бетін басып қуледі, ең төменгі адамға теңейді. Тастап кетсең, ұрлайды. Әуелі бір-бірімізге, қазақ қазаққа күлмеуі керек. Сонда ұрлыққа да тыйым болар ма еді. Бірімізге-біріміз күлудің орнына қамқор бола білсек...

Қазақтың таксиіне қазақ мінсе... таксишінің қалтасы томпайып қалды деп күндемесек... бүгін көп сөйлеп кеттім, ішке кірейін.

Атай буға қос балдағына сүйеніп кетті.

Бір мезет бәрі шу етіп, әбігерге түсті. Атай талып қалыпты. Көтеріп алып шығып, терезені айқара ашып, орамалмен желпідік. Көзін ашқан қарт:

– Көп сөйлеп қойдым. Бәрі сонан, – деп, өзіне сығырая көз салған билет тексеруші бөренедей доғал әйелге тағы да тарпа бас салды:

– Неге менің қасымда дәрігер тұрмайды?! Неге жеделл жәрдем шақырмайсыз?

– Мен міндетті емеспін.

– Міндеттісіз. Моншада медициналық аптечка болуы тиіс. Мұндай жағдайда сіз мүсәтір иіскетуге тиіссіз. Осыны орындамағанда не бітіресіз?! Бұрын осының бәрі болатын.

– Ол... бұрын... бұрын премия да болатын. Сен кімсің маған айқайлайтын.

– Мен елу жыл партия мүшесі болғам...

– Партия... Лениннен күшті емессің. Айқайлама!

– Сіз міндетіңізді адал атқарыңыз!

– Мен атқарып отырмын.

Біз атайға басу айттық.

Атайдың сөзінде шындық бар. Әлгінде айтқанының бәрі моншада болуы тиіс.

Өзіне-өзі келіп, киіне бастады. Ең соңынан тобықтай түйіні бар қара галстукті дар жібіндей тартып қалып, мойнына қылқындыра тағып, дір-дір еткен алақанымен үстінен жұмсақ бір сипап, қос балдағына сүйеніп, мәрмәр еденді төбесінен тоқ-тоқ шертіп, шығып бара жатты.

Маған галстугіне адал біреу кетіп бара жатқандай көрінді...

Тоқсандағы қартқа моншаның буын көпсінсек те, сейсенбіде жастар мен жасамыстар есік жаққа жалтақтап қарай берді.

Ол келген жоқ.

P.S.

Бір құрдасыма: «Осы сен неге мойныңнан галстугінді тастамайсың?» деп едім, «Қызметке әртүрлі адамдар келеді. Галстук сес беріп тұрады ғой» деді айналаласына сескене қарап. Қызметінен кеткесін көргенім жоқ. Галстугін де шешкен шығар. Моншаға галстук тағып келетін сол кісі жер басып жүр ме екен? Тыр жалаңаштардың арасынан таба алмадым. Көшеде көріп қалам қа деп іздеп жүремін.

МЕЙІРІМ ШУАҒЫ

Жуырда елімізде медицина қызметкерлерінің күні атап өтілді. Осы саладағы әрбір маманның жанкешті еңбегі – талай науқасты аман сақтап қалып, олардың өмірі мен денсаулығы үшін күрес жолында күн-түн демей жүретін нәтижелі қызметінен аңғарылатыны сөзсіз. Дәрігерлерге мың сан адамның рақметі мен алғысы күн сайын жауады. Әлбетте, оңай мамандық емес. Бүкіл уақытыңды сарп етіп, өз ісіңнің кәнігі шебері болуды талап ететін әрі ауырлығы мамандық. Сондай абзал жанның бірі – Сәрсенбай Мүсірепов дер едік.

ЕМІ ШИПАЛЫ ДӘРІГЕР

Иә, асылы ықылым заманнан бері қоғамдық өмірде қалыптасқан белгілі бір құбылыс – тұлғалардың жаратылысы ерекше болып, көпшілік ортада Құдай берген қадір-қасиетімен бала кезден-ақ танылатындығы. Сөйтіп, жастайынан көзге ілігіп, қай істе де мақсаткерлік мінезболмысымен дараланып, шоқтығы биік тұратындығы. Хирург дәрігер Сәрсенбай Райымқұлұлы ұлттық дәстүрде тәрбиеленген, халқының бар қадір-қасиетін бойына жинған, басқаны былай қойғанда, тіл, тарих, мәдениет, әдет-ғұрып, салт-дәстүрді жетік білетін, ұлтын жан-тәнімен сүйетін, оның мәртебесін өсіріп, халқының үмітін, сенімін ақтап келе жатқан ұлтжанды азамат.

1949 жылы (Алматы облысы, Қарасай ауданы) Қаскелен (қаласы) ауданы Жаңа ауылында дүниеге келген. Әке-шешесі колхозда істеген, шаруаның отбасынан шыққан Сәрсенбай Райымқұлұлы 1964-1967 жылдар аралығында Қаскелендегі мектеп-интернатынан түлеп ұшып, 8-сыныптан кейін Республикалық медициналық университетінде білім алып, оқуын ойдағыдай тамамдайды. Адамға дәрігер мамандығының қыр-сырын толық біліп, сол жолды таңдау үшін үлкен жүрек керек. Жас маман 1967-1969 жылдары өзін-өзі шындап, жетілдіру мақсатында А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығының Нейрохирургия бөлімінде лаборант болып қызмет етіп, сол жерде де елдің аузына ілігеді.

Жұрт ішінде «ақ халатты абзал жан» деген дәрігерлерге қарата айтылады. Шынында да, нағыз абзал адамдар – солар. Шәкен Айманов атындағы «Біздің сүйікті дәрігер» фильміндегі доктор Лавровты адамдардың барлығы тегіс сыйлайтыны бар емес пе. Осы фильмді көрген соң «дәрігер – шынында да қадірлеуге лайық мамандық екен ғой» деген ой келеді. Буырқанған өмір-өзен бір орында тұра ма, С.Мүсірепов 1969-1971 жылдары Отан алдындағы әскери борышын өтейді. О заманда дәрігер болғысы келген азаматтың арманы бірден орындала қоймайтын. Өйткені медициналық оқу орындарына түсу үшін қажырлы еңбек, зор зейін, ерекше талап қажет. Ол Құдайдың берген таудай талабы, құлшыныс-құштарлығы, тынымсыз еңбегінің арқасында 1971-77 жылдары бұрынғы Алматы мемлекеттік медицина институты, қазіргі С.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің емдеу факультетінде оқуын ары қарай жалғай түседі.

Сәрсенбай Райымқұлұлы өмір жолында талай сынақты басынан өткерді. Алдына биік мақсат қойды, ұмтылды, жетті. 1975 жылдың 28-қарашасында Гүлнәр Шаншаркызымен отау құрып, бір ұл, екі қыз сүйеді. 1978-2013 жылдар аралығында Алматы облысы, Райымбек ауданы, Үлкен Жаланаш ауылының ауруханасында жұмыс істейді. «Халық – менің шын атым» деп Жамбыл айтқандай, дәрігерлер қауымының ортасында жүрді, еліне еңбек етті. Адамның өз бағасын білуі – үлкен олжа. Өз бағасын білмейтіндер өмірден көп опық жейді. Ал Сәрсенбай Мүсірепов қай ортаға барса да судай сіңіп, тастай бататыны, ортақ тіл тауып сөйлесе алатыны, үлкеннің алдында жөнсіз пәсеймей-ақ, жастың алдында ретсіз көсемсімей-ақ өз шындығымен жүретіні – кісілігі мен кішілігі бер едім. Қазіргі кезде Алматы қаласы Медеу ауданының Қорғаныс ісі жөніндегі басқармасында жұмыс істейді.

Тәжірибесі мол дәрігер өзінің білген-түйгенін жазып, ара-тұра баспасөз бетіне жариялап тұрады. Мұның өзі де – «кейінгі толқын інілер» үшін өшпес өнеге. Қорыта келгенде айтарымыз, дәрігер – жауапты мамандық. Осынау жауапты мамандыққа барынша адал болып, талай жаңа шипалы емін дарытып, сауықтыру ісінде үлкен еңбегімен көрінін келе жатқан Сәрсенбай Райымқұлұлының өмір жасының жаңа белесіне көтерілген сәтінде тек жетістіктер тілеймін.

Меңірбек АСЫЛ

ЖҮЗДЕСУ

Тәрбиелік маңызы зор

Елімізде рәміздер күні жылдағы дәстүр бойынша маусым айында атап өтілетіні белгілі. Осы мереке аясында «Адырна ұлттық-этнографиялық бірлестігі» «Менің Рәміздерім» атты жобаның соңғы флешмоб-акциясының кезеңін өткізді. Бұл шара 23-маусым Қазақстан полициясының күніне орайластырылды. Оған Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы ұйытқы болды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті саябағында көрініс тапқан іс-шарға ҚР Ішкі істер министрлігінің М.Есболатов атындағы Алматы академиясының студенттері қатысты. Іс-шара барысында 160-қа жуық курсанттар белсенді түрде атсалысып, оның 60-ы Елтаңба кескіні бейнеленген футболкалар мен бейсболкаларды киді. 100-ге жуық курсанттар әскери киімдерімен сап түзіп, ел Әнұранын шырқады. Осылайша, рәміздерін құрметтеп, кастерлей білетін жастар Отанға деген адалдығын, сүйіспеншілігін байқатты. Әрине, біз де ұлттық құндылықтарымызды, мемлекеттік рәміздерімізді дәріптеуді мақсат еткен шарға атсалысқан өскелең ұрпақтың ынта-ықыласын көріп, тәнті болдық. Аталған жобадан Бостандық ауданының әкімдігі де тыс қалмай, қолдау көрсетті. Жалпы алғанда, «Менің Рәміздерім» жобасы «Жастар жылы» аясында атқарылған шараларды бірі әрі бірегейі. Еліміздің еңсесін тіктетер жобалар мен «Отаным» деп жалындап тұрған жастар барда мемлекетіміздің өсіп-өркендейтіні ақиқат.

Ақтөл АЙДАРБЕКОВА

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақ газеттері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен «Жас өркен» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 16 маусымдағы №414 қаулысына сәйкес «Жас өркен» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Қазақ газеттері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 45-бабына сәйкес аталған қайта ұйымдастыру «Жас өркен» ЖШС қызметінің тоқтатылуына алып келеді.

Осыған орай, кредиторлардың наразылықтары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 175 мекенжайы бойынша қабылданады.

«Жас өркен» ЖШС

«Қазақ газеттері» ЖШС және Серіктестікке қарасты басылымдардың еңбек ұжымдары Бағаевтар әулетіне көрнекті қаламгер, марқұм Ұзақ Бағаевтың аяулы жары

Нұрбиі ӘПЕККҰЗЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен отбасына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Әрбір өрнектің шығу тегі барлығын әрбір өрнектің ұлгілерінен-ақ байқау қиын емес. Әсіресе қиялдан гөрі аңызы басымырақ болған өрнектердің халық ішіндегі аңызымен сәйкесін жатқанын байқаймыз.
Мысалы, «бесбармақ» өрнегі жайында ел арасында мынандай аңыз айтады: «Ертеде бір кедейдің жалғыз қызы болып, оның он саусағынан өнер тамған шеберлігімен төңірегіне аты шығып, ел назарын аударады екен. Осыны естіген бір зорекер, еш ақыл-айласыз-ақ қызды күшпен жетеріп болғанда қыз көз жасын көлдете, «артында қалып бара жатқан ата- анасына бір ай уақыт іс тігіп, мүкәммал мүлік әзірлеп беруге» ұлықсат алады. Сөйтіп, қыз көз жасын көлдете, күнді түнге жалғап іс тігумен болам деп айға жетпей он саусағы тесіліп, қасіретпен дүние салады. Міне, осындағы «бесбармақ» өрнегі «сондағы қыз қолынан шыққан істерге қыз саусағынан шыққан қан дақтары өрнек болып қалған екен» делінеді.

ОЮ-ӨРНЕКТЕР ТУРАЛЫ АҢЫЗДАР

Байахмет ЖҰМАБАЙҰЛЫ,
этнограф

Осыған ұқсас тағы бір аңыз «итқұйрық» өрнегі жайында. «Қаңғып кеткен баланы қасындағы күшігі азық әкеліп бағып, аң, құска жем етпей қорғап жүріп, бірнеше жылдан соң баланы ауылына бастап келіп, елімен қауыштырыпты. Содан бастап «итқұйрық» өрнегі туындаған екен» деген аңыз бар. Мынау «Үйсіннің Күнбиі Елжаудың бала күнінде жөргекте жүрта қалғанынан бөрі асырап есейткен» аңызымен қауышып жататындығынан, халық қасқырды «ит-құс» деуі, «көкбөрі» деп аспан тәңірінің қолдаушында бөрінің адамдардың жақын досына айналғанын, итті «жеті қазынаның біріне» жатқызып, «иттен ырыс тарайды» деп қастерлеуі, иттердің жырттқыш аңдарға қоралы малды бермеген ерлігі сияқты хикаялар жинақтала келіп, иттің ерлігі жартастарға түсіріліп қана қоймай, өнерімізге де әсері болып, «итқұйрық» (), «бөрі құлақ» () деген өрнектер арқылы иттің, бөрінің барлық жігері, қайраты, айбаты ірілген құйрығында екендігін аңғарған халық, осындай кереметтердің адамзатқа бақыт-байлық әкелуін тілеп өрнектерге сінірген.

Ал жоғарыдағы өрнектер сияқты «қысқаш» () өрнегі жайындағы халық аңызына бақсақ, ежелде Дәуіт ұста киелі өнерінің шарапатымен қалың қауымды асыраған екен. Оның кереметі сонша, жаланаш қолымен қызыл шоқты көсеп, нарттай қызған темірді ұстап, иіп тұратын көрінеді. Десе де, осы кереметін жалғыз ұлының үйренуге пейілі соқпағанына Дәуіт қатты өкінеді. Шолжан ұл әке сөзіне құлақ аспай, елден ақыны көп алып, пара жеп құныға бастайды. Осыған өкпелі әкесі Дәуіт: «Мен өлген соң халық қиналады. Сонда, балам, сен менен жұқпаған өнерді иттен үйреніп жан бағарсың» деп өсиет қалдырады. Айтқандай Дәуіт баба дүниеден кетіп, халық күйзеліп, баласы дүкен ашып елді қамдайын десе, қызыл темірге алақаны күйіп, әбден қиналады. Ол әбден зықы кетіп тарығып отырғанда анандайда сүйек мүжіп жатқан иттің адыңғы екі аяғымен сүйекті қысып алып мүжіп жатқанын көріп, әкесінің айтқаны есіне түседі де, иттің сирағына ұқсатып қысқаш соғып, темірді қысқашпен қысып ұстап жұмыс істейді». Осыдан бастап қысқашты еске салған ит сирағы, иттің кереметі халық арасында кие саналады. Міне, осыдан күні бүгінге дейін теміршілер «Дәуіт баба» сыйынады. Екіқабат әйелдер теміршінің төсіне, балғасына тәу етіп, темірдің қақ нілдерін «іштегі балаға қуат береді» деп ішетін болады. Ал бұл қасиет өнерге де жалпыласып, темірші мен иттің кереметі, қысқаштың қасиеті ретінде «итқұйрық» (), «ит табан» (), «қысқаш» () өрнектерін өмірге әкеліп, бұларды өрнектерге «кие», «ырыс», «қасиет» ретінде қолданып отырды.

1. Тұлғалық бейнелердің өркениетке, болашаққа талпынуы.
2. Қанатты тұлғаның аңсаған армаңға ынтығуы.
3. Қырмызы ашқан жастық шақ (қуанышты меңзеу).

4. Қанатты тұлғаның жақсылықтың жаршысы аспан тәңірінен тілек тілеуі.
5. «Бесбас» өрнегінің ежелгі нұсқасы.
6. Шебер қыздың қолының табы қалған «бесбармақ» үлгісінің нұсқалары.

7. Жақсылық жаршысы «бұғы мүйізінің» тұлғаланып бейнеленуі.

8. Көреген, сезімтал, қамқоршы, байлықтың жаршысы қыран құстың самғауы.

9. Аталық, аналық дәуірі негізінде бейнеленген ұлгілер, яғни өркениетке талпыну.

Бақыт құсы. «Адам баласының бақытын ашатын жаратушының жіберген Бақыт құсы болады. Ол екінің біріне емес, жаратканның сүйген құлына бұйырады» делініп, ұрпаққа жаратушының мейіршапағаты дарып, «бақыт құсы басына қонсын» дейтін тілекті ою-өрнекке түсіріп отырған.

Төрт төңірек. Пенденің болашақ бақыты, алды-арты, оң-солы сияқты төңірегінің бүтіндігінен, яғни «төрт түлігі сай болу», «төрт құбыласы тең болу», «тасы (құмалағы) төрттен болу» сияқты тілектермен, төрт төңірек оюын жалпыластырып отырған.

Аспан перісі. «Адам баласының төңірегінде ылғи да перілер мен періштелердің жүретінін, олар құс бейнесінде болатынын, тіпті адамның екі иығында жақсылық пен жамандықты жіңкаітайтын екі құсы отыратынын, олар Тәңірге пендесінің ылғи да жақсылықтарын жеткізіп отырады» делінуімен бақыт, ырыс әкелетін «бақыт құсы» ұрпаққа қашан да серік болуын тілеп, ою-өрнек үлгісін әзірлеген.

Ғұмыр ою. Жаратушы мейірін төксе өркендеп-өрбуді анаға бұйырады. Ішті ана жер, көк, от, су, ауа және әлемдік құбылыстардан нәр, қуат алып өркениет жаратады. Бұл ғұмырлы болу делінетін қағиданы кешегілер ою-өрнекке тілек ретінде түсіріп отырған.

Шексіздік. Әлем шексіз, шексіздік аспан мен жер аралығында құбылыстардан нәр алғандықтан, ол мәңгілік ғұмыр кешеді. Бұл жаратушының шексіздік әмірі. Осы шексіздік адам тағдырымен де байланысып жатады. Ол мәнділік те делінеді.



1. «Итқұйрық» ұлгісі. Ит – жеті қазынаның бірі, адамның серігі.
2. «Бүршік» ұлгісінің төрт құлақтануы - өркениетті, бақытты тұрмысты, жастық көктемді армандау.
3. «Тоқал мүйізді», «күн» (табақ) оюына сіңісуі. Байлықты, бақытты меңзеуі.

4. «Құсқанаты» – алыс армандарға ынтығу, жол болсын, жақсылықтарға тез қол жеткізу мәнімен.
5. «Пышақ ұшы» (теріс айланба) жеңістің, ерліктің символы.
6. Көктемнің гүлге оранған бейнесін «сыр мүйіз», «жілік» өрнегіне сіңірген «тамшы» ұлгісі. Шуақты, көктемдей жастық ғұмырды бағыштау.
7. Мұнда 5-ші сызбадағы«пышақ ұшының» жалғаспалығы.
8. «Жебе ұшы», «тумар» өрнектері – ерліктің, жеңістің символы, жаугершіліктен, пәле-жаладан аман болу

ОЮ-ӨРНЕКТЕРДІҢ ЕЖЕЛГІ БҰЙЫМДАРҒА НАҚТАП ТҮСУІ

Жоғарыда айтып өткеніміздей, адамдар өзіне әсер еткен құбылыс пен заттарды сенімдеріне балап әрі оларды жартастарға түсіріп отырғанындай, сол белгілер эстетикалық өремен бір табан ілгерілеген сатыда ең әуелі қарапайым қол өнерлері болған қыш ыдыстарға түсірілгенін археологиялық қазбалар анықтайды. Міне, мұндай өрнектер ең қарапайым «ирек», «томар», «шақпақ», «дөңгелек шеңбер» сынды пішімдермен түсе бастады, бұлардың ең дамыған түрлері қабатталған сызбалар болып, қазіргі ою-өрнектегі «жиек» өрнектердің нұсқасы еді. Әйтсе де, осындай қарапайым өрнектер өзіне барлық сенім мен нанымдарды сініріп отырды.

Мысалы, (суреттегі) мына қазбадан табылған табақтағы дөңгелек өрнектер мен күбідегі тұмарша өрнектердің барлығы сенім-наным тілектерін әйгілесе, үш бұрышты таңба өрнектер

1. Табақ XIII-XVI Сарай қаласы, Батыс Қазақстан «Қазақ КСР мемлекеттік өнер мұражайы) «күн», «жұлдыз» шашыраған «нұр» бейнелері.

2. Тыстама тақтайша XVI Қазақстан «Қазақ КСР мемлекеттік өнер мұражайы». (бұрыштардың қиылысуы «тұмарша» және «жүрекше» мен «иректер», «пышақ ұшы» өрнектері).

3. Қыш ыдыс (қола дәуірі) (Қазақ КСР мемлекеттік өнер мұражайы. 1981. Солтүстік Қазақстан) «тышқан», «құс ізі» пішімі мен «ирек», «тандай» сызықшаларын түсірген.

4. Қыш ыдыс (қола дәуірі), (Қазақ КСР мемлекеттік өнер мұражайы 1981. Солтүстік Қазақстан).

5. Бідыс VII-X Отырар, Түркістан облысы. «Қазақ КСР мемлекеттік өнер мұражайы).

6. Жартастағы ою-өрнектің нақтылы бейнесі (Қазақстан).

7. Құлпытас XIX Қазақстан (Қазақ КСР мемлекеттік өнер мұражайы).
8. «Бұғы тас» аталып жүрген «құлпытас» мұнда «бұғы мүйізі» немесе «торғай бейнелері» мен «мүйіз» өрнегін әйгілейді. (Көктоғай шалғыр).

9. Бөрі бейнесі, V-VI. 1990 жыл («Алматы» өнер) (ежелгі адамдардың тотемдері әйгіленеді).

«тұмар» ұлгісі негіз болып, табынып, сыйынудан өмірге келді. Сөйтіп, өрнектердің алғашқы бұйымдарға түсірілуі адамдардың тілектерін білдіретін өнер бәсекесі басталды.

АТАДӘСТҮР

Қамшы өріп, қалқан әзірлеген

Жаңатасқа жолымыз түскенде «Осы қалада қамшы жасайтын шебер бар» дегенді естіп, еленделік. Аздан соң ұлттық болмысымызға сай бұйымдар жасайтын ісмер Абзал Елемесовтың үйінде отырдық. Қалалы жерде қарыс қадам есептеулі. Үш бөлмелі пәтердің бір бөлмесі оның шеберханасына айналыпты.

Жас болса да ұсталықты шебер меңгерген Абзалдың тындырғаны көп. Қамшының неше түрін жасайды. Алты өрім, сегіз өрім, он екі өрім дейсіз бе? Қалауынызға қарай тапсырыс берсеңіз болғаны. Одан бөлек тартпа, жүген істейді. Қажеті болса қалқан, қылыш, садақ, найза, дойбы, күмістен зергер бұйым, сувинерлер жасайды. Абзалдың қалқаңа, зергерлік бұйымдарға салатын ою-өрнегі де өзгеден бөлек, ешкімнің қолтаңбасына ұқсамайды. Ұсталық өз жағында да, нағашы жағында да бар екен. Қаннен келген қасиет қой. Әйтпесе, мамандығы да басқа. Жамбыл медициналық колледжін стоматология мамандығы бойынша бітірген. Әскери борышын өтеп келіп, Отан қорғау саласында да біраз жыл еңбек етіпті. Оның ұсталық жұмысына анасы Роза да, жұбайы Қаракөз де қолдау білдіріп отырады. Әкесі Артық та талабын құптаған. Бұлдіршін перзенттері Ернұр мен Айзере алты өрім қамшыны ат қылып мініп, ойнап жүр.

Абзалға тапсырыс берушілер аз емес. Елдің іші болған соң, қамшы, жүген, зергерлік бұйымдар жасататындар баршылық. Бірақ көпқабатты үйдің бір бөлмесі ұстаға қолайсыздық тудыруда. Он саусағынан өнері тамған азаматқа қолдау қажет-ақ.

– Болашақтағы жоспарым көп. Ағаштан астау жасасам деймін. Темірден, күмістен, қоладан ұлттық нақыштағы түрлі заттар дайындау қолымнан келеді. Енді маған қажеті – шеберхана. Қажеттілігім үшін жер телімі берілсе, кәсібімді дамыту үшін несие алар едім. Ұсталық жұмыс – менің өмірім, өнерім, нәсібім, – дейді жас ұста Абзал Елемесов.

Есет ДОСАЛЫ

Жамбыл облысы
Сарысу ауданы

САЙЫС

Жүгіру – өмір салты

Алматыдағы «Almaty-Arena» көпфункционалды кешенінде дәстүрлі халықаралық Жазғы жүгіру жарысы өтті. «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қоры, «World Class Almaty» фитнес-клубы, kaspi.kz және академик Шахмардан Есенов атындағы ғылыми-білім беру қоры ұйымдастырған жарысқа еліміздің 17 өңірімен қоса Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия, Ұлыбритания сынды мемлекеттерден барлығы 1200 әуесқой спортшы қатысты.

Сайыста ересектер 8 шақырымдық скандинавиялық жүріс пен 12 шақырым қашықтықты жүгіріп өтсе, балалар 3 шақырым қашықтықта бағын сынады. Балалар қашықтығында (3 км) ұлдар арасында Рамазан Айнегов және қыздар арасында Алина Клинюшина жүйрік атанды. Біріншілік үшін нағыз күрес негізгі 12 шақырым қашықтық қатысушылары арасында өтті. Ерлер арасында Михаил Красилов чемпион атанды. Ол мәреге екінші болып келген Ержан Джанарстановтан 49 секундқа алға келді. Қыздар арасында Юлия Фернас мәреге бірінші болып жетті. Бірінші орын жеңімпазы 50 мың теңге көлемінде, екінші орын – 30 000, ал үшінші орын – 20 000 теңге иеленді.

– Адамның биологиялық ырғақтарын ғылыми-зерттеу оның қай уақытта белсенді күйінде болатынын анықтап, қай уақыттың дене жаттығуларына оңтайлы екенін дәлелледі. Мұндай кезең кешкі сағат алтыда басталып, сегізден кейін аяқталады. Сол себепті біз Жазғы жүгіру жарысын кешке өткізуді ұйғардық, – дейді жоба менеджері Борис Пен.

«Алматы марафон» командасы әуесқой жұзушілер арасында жарыс (30 маусым) және велоспортты жақсы көретіндер үшін Tour of World Class Almaty – 2019 веложарысын (18 тамыз) өткізуді жоспарлап отыр. Ал 13 қазанда Алматы жартылай марафоны екінші мәрте өтеді.

Нұрлан ҚҰМАР

Ән дейтін ұлы құбылыстың өмірге келуі қашанда жұмбақ. Сонысымен де ол тыңдарманын баурай түседі, еліктіре береді... Арғы замандарды айтпағанда кешегі Шәмші, Әсет, Әбілахат, Нұрғиса, Мыңжасар аталарымыздан бастап бүгінгі арамызда жүрген Ескендір Хасанғалиев, Алтынбек Қоразбаев, Марат Омаров ағаларымызға дейінгі композиторлардың туындылары тұнық кештерде, көңілді отырыстарда, шырайлы басқосуларда неліктен көп тыңдалады, жиі орындалады? Себебі ол әндер терең сезімнен, шалқар шабыттан, Отанға, елге, анаға деген махаббаттан, ғашық жарға деген сағыныштан, қимас дос-жарандарға деген ақ көңілден, құрбы-құрдастарға деген риясыз ыстық ықыластан туған. Сол бір ғажайып әуендердің өн бойындағы тылсым сыр, қайталанбас лирика тыңдарманның жүрегіне әппақ арман болып қонақтап, санасына сәулелей нұр шашып, жанына мөлдір бұлақтай құйылып... әйтеуір, ойының түкпірінде мүлгіп жатқан нәзік пернелерді қозғап өткендей күй кеше тіреді. Рухың көтеріліп, жаңа бір әлемге енгендей боласың. Қайта-қайта тыңдай бергің келеді, ән-қанатын кеңге жайып, самғай бергің келеді. Себебі құлақ құрышын ести әнді тыңдаудан еш жалықпайды.

ӘН АРҚАУЫ – САҒЫНЫШ

Дәуіржан ТӨЛЕБАЕВ,
«Ана тілі»

Қазақ әнге келгенде талғампаз. Татымсыз әнді қабылдай қоймайды. Өйткені жақсы әннің қандай болатынын бойына әбден сіңірген. Алайда сол талғампаздық азайып бара ма деп те алаңдайсың. Мұны бүгінгі нөпір болып шығып жатқан «әндердің» көптігіне қарап та бағамдауға болады. Жақсы әнді жүрекпен қабылдау, сезіну, бағалай білу қасиетімізді жоғалтып алмасақ екен. Себебі біз тек жақсы ән мен тәтті күй тыңдап өскен елміз. Әнді тәрбие мектебі деп қабылдаған жұртпыз. Әнмен серпілетін, әннен шабыт алатын, қанаттанатын қазақпыз! Жоғарыда атап өткен ғалымдар есімдерден кейін бүгінгі қазақ ән көшінің жолына қарап, таланттардан кімдер бар екен деп назар салып жүреміз. Мүмкін одар онша таныла алмай тасада қалып жүрген де шығар. Әйтеуір, қазақ әнінің көші сапа тұрғысынан өз деңгейін жоғалтып алмаса деген тілек әрдайым көкейімізде маздап тұратыны сөзсіз...

Бір-екі жылдың жүзі болған шығар деймін, қазақтың қоңыр мінезді, қарапайым азаматы Ержан Тастанбековпен таныс-біліс болғанымызға. Алдымен оның ән жинағы қолыма тиді. Асықпай барлығын тыңдап шықтым. Ерекше әсер етті. Көңілге жылылық ұялатты. Бүгінгі шуылдақ, даңғаза дүниеленден жалығып жүрген басым әлгі әндерді ой елегінен өткізе отырып, қайта тыңдадым. Тыңдадым да: «Қазіргі заманда мынадай да композитор бар екен ғой» деп таң-тамаша болдым. Байқағаным, Ержан Отанұлы өз шығармашылығын кешегі ұлылардың ізімен жалғастырып келеді екен. Иә, ол жеңіл-желпі айта салатын, бүгін естіп, ертең ұмытылатын әндердің шығарушысы емес. Оның жаратылысы, табиғаты, болмысы эстрадалық әндерден мүлде алыс. Есесіне, қазақтың мінезіне, ұлттық рухына жақын. Мәселен, оның әндері жайлауда, табиғат аясында немесе алтыбақан үстінде тербетіліп, ауыл кештерінде шырқайтындай тамаша әндер. Кең тынысты, әсем сазды. Жалықтырмайды, жаныңа шуақ сыйлайды, сарайыңды кеңітіп: «пах, шіркін», «бәу» дегізеді.

Әндерінің орындаушылары да осалдар қатарынан емес. Тастанбековтің әндерін елімізге белгілі әншілер Нұрғали Нүсіпжанов, Талғат Күзембаев, Майра Дәулетбақова, дәстүрлі әншілерден – Рамазан, Ерлан Стамғазиевтер, Еркін Шүкіманов, Жоламан Қожыбанов тәрізді өнерпаздар шырқайды.

Композитордың бірқатар әндері домбыраға арналып жазылғанына да қуандым. Себебі қазір домбырамен шырқайтын жаңа, есті әндер азайып кетті. Жоқтың қасы. Көпшілігі эстрадаға бейімделіп, бой ұрғаннан ба, Сәкен Сейфуллин суреттегендей: баяулатып, жаяулатып, ырғалтып, шырқап, толғатып дейтіндей әндер жоқтың қасы. Ерекең осындай олқылықтың орнын толтырып жүрген санаулы композиторлардың бірі. Өзі «мен осындай едім» деп насихатын жасай бермейді. Қарапайым тіршілік кешеді. Алланың бергеніне шүкіршілік етіп, несібесін өнерден теріп жүрген жайы бар. Өзі де зор дауысты, талантты әнші. Сондықтан болар әннің табиғатын өз жүрегінен өткізіп, терең сезіне алады. Балуан Шолақтың «Ғалиясын», Үкілі Ыбырайдың «Гәккуін», «Қызыл асығын», Жаяу Мұсаның «Сұрша қызын», Ақан Серінің «Балқадишасын»...айта берсек көп, небір тамаша әндерді биік деңгейде орындайды. Ержан Отанұлы Кәкімбек Салықов, Ибрагим Исаев, Абдрахман Асылбек сынды қазақтың көрнекті ақындарымен шығармашылық бірлестікте жұмыс істеп, олар ақын ретінде мәтін жазып, тамаша әндерді өмірге әкелген. Сазгердің көптеген әні Қазақ радиосының «Алтын қорында» сақталған. Жиыны 50-ден астам әннің авторы. «Арман ғашық», «Астана таңы», «Тоғжан назы», «Домбыра сылқым күмбірі», «Әнімсін», «Сұлулар мекені Талдықорған», «Аққу күндер» және т.б. әндері халыққа кеңінен тараған. Радиолардан беріліп, шығармашылық кештерде, концерттерде орындалып жүреді. Бүгінде де ол өз шығармашылығын жалғастыруда. Айтпақшы, ол аттың сынын да жақсы біледі. Кезінде сәйлерге тән болған бұл қасиет те бүгінгі заманда ұмыт бола бастағандай. Ол жайында алдағы уақытта бөлек сыр толғармыз.

Осы мақаланы жазудағы мақсатымыз – есті әндерді өмірге әкелуші композитордың өнеріне қолдау көрсетіп, қалың елге, оқырман қауымға кешегі ұлылардың ізін басып, өнердің өресін төмендетіп алмайық, қазақ әнінің табиғатын сақтайық деп еңбек етіп келе жатқан азаматтың ортамызда жүргенін жеткізу болатын.

Өзінің шығармашылығы туралы айтқан мына бір ойларына да құлақ түрсек: «Халық мені білмесе де, әндерім шығып жатса, маған сол жетеді. Кейде ел арасында өзімнің әндерімді тыңдап қалсам, төбем көкке жеткендей қуанып қаламын», «Шабытты көбінесе табиғаттан аламын. Бір жақсы адаммен танысасың, ол да сенің жан дүниеңе әсер етпей қоймайды. Өткен уақытқа ой көзімен қарап, жастық шағымды еске аламын. Жақсы ән-күйлерді тыңдап та шабыт алатын кездерім жиі болады», «Менің ойымша, жас композиторлар Құрманғазының «Адай», «Сарыарқа» тәрізді күйлерін тыңдау керек. Мысалы, Біржан сал, Ақан серілердің әндерін, Нұрғисаның «Аққу» күйін тыңдайтын болса, композитор ретіндегі жауапкершілігін арттырады. Жеңіл дүние жазуға жүрексінеді. Өйткені алыптарға қарайды. Солардың өнері белгілі бір дәрежеде шығармашылығына әлшем болады. Сондықтан өзім ән жазар алдында қатты ойланамын. Жеңіл-желпі әуендерді тудыра салу, орындай салу – мұның бәрі кешегі өткен ұлы композиторларды тыңдамағаннан. Тыңдаса, сахнаға меніп шығар еді. Бұл сөзімді кейінгі жастарға тәлімтәрбие болсын деп айтып отырмын».

Ержан Отанұлының әндері туралы әншілердің көптеген жылы пікірі бар. Солардың бір парасын осы мақаламызда ұсындық. Қысқасы, ән әлемінде өзіндік жолын, соқпағын қалыптастыра білген, өнерге адал қызмет жасап келе жатқан ұлт сазгерінің шығармашылығы алдағы уақытта да молынан өрістей берсін деген тілектеміз.

Нұрғали НҮСІПЖАНОВ, Қазақстан Республикасының Халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:

– Ержанның «Әнімсің» деген туындысы таза лирикаға құрылған. Жігіт адамның өмірге, сүйіспеншілікке, махаббатқа ұнтыған жүрек тебіренісінен туған. Концерттерде айтып жүрміз. Әндердің 99-пайызы махаббаттан туындайды. Ол еліне, жеріне, Отанына деген махаббат. Жалпы ән құрылымы, мәнері құлағымызға сіңген ұлттық нақышта жазылған. Бөтен құрылымдардан, әуез, ырімдерден ада. Соңғы кездері кез келген таныс ырғақтардың соқпағына түсіп еліктеу, жаттанды, әуесқойлықпен біреудің үрдісін қайталау кездеспейді. Композитор өз жүрек сезімін, өз бояуын беруге баса мән бергені байқалып тұр.

Ерлан СТАМҒАЗИЕВ, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері:

– Ержанның «Астана таңы» әні – дәстүрлі әншілердің орындауына арналып жазылған туынды. Орындаушыдан өрлікпен қатар шеберлікті бірдей талап етеді. Әсіресе, ырімдері өте терең, нәзік, кең тынысты. Ән құрылымы, бояуы – жас қаланы, табиғат сұлулығын, ондағы атқан таң мен келіп қоныстанып жатқан жастардың өмірін әуен арқылы жеткізіп тұрғандай әсер қалдырады. Кәкімбек Салықовтың «Күлімдей шалқып, арудай балқып» деген өлең жолдарымен сырласып, астарласып жатыр. Дәстүрлі әншілерге арналған соқталы туынды деп бағалаймын.

Жоламан ҚОЖЫБАНОВ, Ә.Қашаубаев атындағы байқаудың бас жүлдегері:

– Көп әншілердің ынғайына келе бермейтін күрделі ән – «Домбыра сылқым күмбірі». Ол өткен күнге деген қимастық пен сағынышты, сұлулық пен өкіншті суреттейді. Сәтті шыққан ән деп айтар едім. Әннің күлді мәні табиғатымызбен, өзен-тауларымызбен астасып жатқандай. Әлдебір дүниеге қимастық бардай... Жоғары көңіл күймен орындалады, шабытқа шабыт қосып, көңілге алабөтен серпіліс береді.

ҚҰРАҚ КӨРПЕ

Қылқалам

Қайта өрлеу дәуірі

Қайта өрлеу дәуірінің ең шебер мүсіншісі, суретші әрі сәулетші Микеланджело еді. 1504 жылы туған қаласы Флоренциядағы алаңға оның азаттық жолындағы күрескер бейнесі ретінде кескінделген «Давид» статуясы орнатылды.

Оған алып Голиафпен алысып, өз елін езгіден құтқарып қалған бақташы Давид жайлы діни аңыз негіз болды. Микеланджело Давидтің қабағынан қар жауып, тәуекелге бел буып, қолына белдіктің түйығын қыса ұстап, қарсыласымен айқасар кезді қасқая күтіп тұрған сәтін бейнелеген. Оның жалаңаш денесі ежелгі грек мүсіншілері ерекше сүйіспеншілікпен бейнелеген ерұжрек атлеттердің тұлғасын еске салады. Бірақ Микеланджелонын «Давидында» ежелгі мүсіншілердің назарына іліге бермеген соны бір қасиет бар. Ол – кейіпкердің жан дүниесіндегі алай-дүлей сезім даулы. Ол ежелгі заман қаһармандарындай емес, өз сезімін жасырмайды. Жүзінде ыза, ашу, кек тұр.

Қайта өрлеу дәуірінен бері бес ғасыр өтсе де, ол тұстағы шеберлердің шығармасы бізді осы күні де катты тебірентеді.

Жасырдым жұмбақ

Бірінің ізін бірі басады,
Біріне жеткізбей, бірі қашады.

(дәлхәлгәлнөҰ)

Қайталап көрініз

Сұқсыр үйрек –
Ұшқыр үйрек десек те,
Тұмсығы ұшкір үйрек
Сұқсыр үйректен кесек пе?

Табиғат сыры

Бұлттар да түрлі-түрлі...

Төменгі стратосферада ара-тұра инверсиялық тұтқыш қабаттың астынан көрініс беретін ерекше бұлт болады, бұл қабатта биіктіктің өсуіне қарай температураның да өсуі басталады.

Бұл – маржан бұлттар мен жанартау шаңының бұлттары немесе шаңды бұлттар; әдебиетте олар аса сәтті табылмаған және ақылға қона қоймайтын «литосфера бұлттары» дейтін атқа ие болған. Мезосфераның үстінгі шегінде, ауа температурасы минус 90 градус шамасына, кейде одан да кеміп, ең төменгі мәніне ие болатын және биіктікке байланысты төмендеуі тоқталатын тұста ара-тұра әлсіз сәуле шашатын, өте әсем көгілжім күміс бұлттарды көруге болады. Стратосфералық бұлттар, көбінесе, 20-30 километр, мезосфералық бұлттар 80-90 километр биіктікте байқалады.

Әлемде талай қызық бар

Аристотельдің болжамы



Ертеде Египеттегі Ассирия және Вавилон патшалықтарының халқы қаптай ұшқан көшпелі шегіртке лерден (азиялық шегіртке) зардап шекті. Көшпелі шегіртке лердің қайдан келгені белгісіз, лезде-ақ жайқалып тұрған егін мен көкорай шалғын өсімдіктерді өрт алғандай жойып жіберген де, егін жайдың топырағын шығарып, халықты ашаршылыққа ұшыратқан. Қаранғы халық не істерін білмей абырыжды.

Күйзеліп, өліммен күрескен қаранғы халық көшпелі шегірткені жою үшін лаулата от тағажты, «құдайға» да табынды, тас атты, сойылмен соққылады, бірақ ешқандай нәтиже шықпады. Бұл жойқын күштің қаһарынан құтылудың бір жолы – тек насекомдардың қайдан, қалай шыққанын білуде ғана екендігін жұрт еріксіз мойындауға мәжбүр болды.

Осы мәселемен сол кездегі ғалым Аристотель (біздің эрамызға дейінгі 384-322) шұғылданған. Оның ұзақ бақылап, тексергені – капуста ақ көбелегінің даму және өмір сүру кезеңі. Ұлы философ Аристотель зерттеуінің ақырында көбелек – жұлдызқұрттан, ал ол жасыл жапырақтан пайда болады деген қорытындыға келді. Аристотель бақылау қорытындысын былай баяндайды: «Алғашында жапырақ бетіне тары дәнінен кішірек түйір, біраз уақыттан кейін осыдан құрт пайда болады. Ол көлем жағынан ұлғая келе үш күннен соң жұлдызқұртқа айналады. Ұлғайған сайын оның қозғалысы баяулайды да сыртқы пішінін өзгертеді. Оны қыршақ деп атайды. Шамалы уақыттан соң қыршақ жарылады да, одан қанатты тіршілік иесі – көбелек шығады».

«Көбелек жасыл өсімдіктен пайда болады, сонда көшпелі шегіртке қайдан болады екен?» деген сұрақ Аристотельді көп толғандырды. Рас, ол кезде көшпелі шегіртканің қай мекеннен келетіндігі белгісіз еді. Сондықтан Аристотель көшпелі шегіртке батпақта өсетін шөп пен тұнбадан пайда болады деген болжам айтты.

Одан бері 2300 жылдан астам уақыт өтті. Соған қарамастан, көптеген ғасыр бойы ірі ғалымдар насекомдар өсімдіктен пайда болады деген ұғымға көпке дейін сеніп келді.

Әзірлеген Нұрлан ҚҰМАР

БАСҚОСУ

Ақмола облысындағы «Щучинский» шипажайында тұңғыш рет жас мемлекеттік қызметкерлер арасында «Жас келсе – іске!» атты республикалық форум өтті. Мемлекеттік қызметкерлер күні, Жастар жылы және Халықаралық Еңбек Ұйымының 100 жылдығына арналған іс-шараны Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының «Мемлекеттік, банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» ұйымдастырды.

Жастарға жол ашық

Форум жұмысына орталық және жергілікті атқарушы органдардың жас мемлекеттік қызметкерлері, сондай-ақ ҚР Кәсіподақтар федерациясының, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің және Ақмола облысы әкімдігінің басшылары, барлығы 200-ге жуық адам қатысты.

Шараның мақсаты – мемлекеттік қызметкерлердің әлеуетін арттыруға, өңірлердің озық тәжірибесімен алмасуға, жаңа идеяларды қалыптастыруға, талантты жастардың мүмкіндіктерін ашуға және қызметкерлерді ынталандыруға, сондай-ақ салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған.

Кәсіподақтар федерациясы төрағасының бірінші орынбасары Біржан Нұрымбетов өз сөзінде: «Қазіргі таңда еліміздегі ең ірі қоғамдық ұйымға айналған Кәсіподақтар федерациясы мүшелерінің қатары екі миллионнан асты. Соның ішінде 32 пайыздан астамын жастар құрайды. Сіздерді де осы ұйымның аясына топтасуға шақырамын. Кәсіподақтар федерациясы жанынан барлық аймақта қалыптанған «Келешек» жастар кеңесінің жетекшілері кәсіподақ қозғалысын одан әрі дамыту бағытында идеялар мен жобалар ұсынып, игі іс-шараларды белсенділікпен жүзеге асыруда.

Биылғы жылдан бастап Кәсіподақтар федерациясы «SENIM» денсаулық сақтау жүйесі салалық кәсіподағымен бірлесе отырып, мемлекеттің тарапынан жасалып жатқан қолдауға қосымша ауылдық жердегі жас мамандарды қолдау мақсатында жалпы көлемі 500 000 теңгелік сертификат бере бастады. Жыл аяғына дейін жалпы көлемі 40 млн. теңгені құрайтын 80 сертификат табыстаулы. Сонымен қатар кәсіподақ қаражаты есебінен жастарға тұрғын үй сатып алу кезінде бастапқы жарнаны төлеу үшін 33 жас дәрігер маманға тұрғын үй сертификаты берілді. Бұл ауылдық жерде жұмыс істеймін деген жастарға нақты көмек деп есептейміз» деді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрайымы Анар Жайылғанова: «Қазір елімізде халықтың әл-ауқатын әрі қарай арттыруға, барлық әлеуметтік мәселелерді шешуге, соның ішінде мемлекеттік қызметті дамыту және мәртебесін жоғарылатуға басымдық берілуде отыр. Өйткені қазақстандықтар мемлекеттік билік туралы көзқарасын сіздердің елге деген абыройлы қызметтеріңізге қарап бағалайды» деп, жастарға көп көңіл бөлініп келе жатқанына тоқталды. «Үздік мемлекеттік қызметкер» байқауының жеңімпаздары мен «Кәсіподақ қозғалысын дамытуға қосқан үлесі үшін» белсенді қызметшілер марапатталды. Панельдік алаңдарында басшылар мен атқарушы лауазымдарға арналған тренингтер ұйымдастырылды. Мұнда жастар өзгерістерді тиімді басқару, сондай-ақ еңбек дауларын шешу және қызметкерлердің еңбек құқықтарын қорғау дағдыларын меңгеріп, білімін арттырды.

Ғалым ОРЫНБАСАРҰЛЫ
Ақмола облысы

ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ

Құрылтайшы және шығарушы: **«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ»** Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор – Редакторлар кеңесінің төрағасы
Шәмшидин ПАТТЕЕВ

қабылдау бөлмесі 272-87-30
kaz_gazeta@mail.ru
www.kazgazeta.kz

ANA TILI

- Бас редактор **Жанарбек ӘШІМЖАН**
- Бас редактордың бірінші орынбасары **Нұрперзент ДОМБАЙ**
- Бас редактордың орынбасары **Дәуіржан ТӨЛЕБАЕВ**

- **Бөлім редакторлары:** Әсел САРҚЫТОВА – Тіл мәселелері және этнография; Ақбота ҚУАТОВА – Білім, ғылым және мәдениет; Бағдағүл БАЛАУБАЕВА – Әлеуметтік мәселелер және ақпарат
- **«Қазақ газеттері» ЖШС-ның аймақтардағы өкілдіктері:** Ғалым ОМАРХАНОВ 8 775 750 9444 (Астана); Жанғабыл ҚАБАҚБАЕВ 8 771 769 6322 (Ақтөбе обл.); Бектұр ТӨЛЕУҒАЛИЕВ 8 (7292) 40-41-01 (Маңғыстау обл.)

Ⓐ материалдың жариялану ақысы төленген

- **Меншікті тілшілер:** Өтеген НӘУКИЕВ (Атырау) 8 701 518 46 81; Орал ШӘРІПБАЕВ (Семей) 8 705 661 14 33; Оразалы ЖАҚСАНОВ (Қостанай) 8 777 230 71 84; Жарқын ӨТЕШОВА (Маскеу) Zharkyn-1@yandex.ru
- **Фототілші** Азамат ҚУСАЙЫНОВ
- **Корректор** Алмагүл ҰЛТАНБЕКОВА
- **Беттеуші** Нұржан АСАНОВ
- **Хатшы-референт** Назгүл БЕЙСЕМБАЕВА
- **Қоғамдық негіздегі кеңесшілер:** Ғарифолла ӘНЕС – филология ғылымының докторы; Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ – филология ғылымының докторы, профессор; Аяғүл МИРАЗОВА – педагог-ұстаз, Қазақстанның Еңбек Ері; Талас ОМАРБЕКОВ – тарих ғылымының докторы, профессор

- Алматық Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 28 наурызда №17007-Г куәлігі берілді.
- Газет аптасына бір рет шығады.
- «Ана тілі» газетінде жарияланған материалдардың авторлық құқы «Қазақ газеттері» ЖШС-ға тиесілі, жарнаманың мәтіні мен тіліне редакция жауапты емес.
- «Ана тілінде» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Газет авторларынан мақалалардың 3 беттен (14 кегль) аспауын, электрондық нұсқасымен қоса жеңілуін сұраймыз. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, қолжазба кері қайтарылмайды.
- Газеттің тәрілуі мен бет қатталуы «Қазақ газеттері» ЖШС-ның компьютерлік орталығында жасалды. Индекс 65367. Офсеттік басылым.
- Газет: Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17 үй. «Дауір» РПБК ЖШС-нда, Тел: 273-12-04; Ақтөбе қаласы, Смағұлов көшесі, 9/2, «Хабар-Сервис» ЖШС баспаханаларында басылып шықты

Тапсырыс №1625/753

- **МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:** 050013, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 175, 4-қабат
- **РЕДАКЦИЯ ТЕЛЕФОНДАРЫ:** 2-72-49-78 (қаб.бөлмесі/факс) **Бөлім редакторлары:** 267-40-07 **E-mail:** anatili_gazeti@mail.ru
- **Таралымы 15 145**
- **Кезекші редактор Бағдағүл БАЛАУБАЕВА**